Жалпы қорытынды: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, типтік оқу жоспары мен типтік оқу бағдарламасына сәйкес және

пәннің базалық мазмұны сақталған. Мазмұны жағынан барлық тақырыптар қамтылған. Оқу материалын іріктеуде және мәтіндік есептерді беруде оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілген.

Деңгейлік тапсырмалар үш деңгейде берілген. «Б», «С» деңгейінің есептері оқушылар үшін күрделі. Оқулық жазылымы анық, суреттері айқын түспен берілген, түсіндіру жолдары талапқа сай, әртүрлі мысал есептермен бекітілген, тапсырмалар соңында сұрақтар және қайталауға арналған есептер жақсы берілген. Әр тақырып сайын «тарихи шолу», логикалық есептер, шығармашылық есептер берілген. Жалпы есептердің деңгейі жоғары, оқушыларға сай емес. Практикалық жұмыстар, топтық жұмыс тапсырмалары қамтылған. Оқушылардың жас ерекшелігі ескерілген. Оқулықтың оқу материалдарының мазмұндық-логикалық бірізділігі, сабақтастығы жақсы. Материалдарының баяндау стилі, тартымдылығы, түсініктілігі жақсы.

Ұсынып отырған әдістемелік құрал оқушыларды «Алгебра 9» оқулығы бойынша алгебраны оқытуға арналған, себебі олар оқу бағдарламасымен қатаң сәйкестікте орындалған. Оқу жетістіктерін бағалау бойынша тәжірибелік ұсыныстары бар.

Әдістемелік нұсқау, дидактикалық материалдар барлығы толық берілген. Өзіндік жұмыс, бақылау жұмысы, тест тапсырмалары анық жасалған, бірақ берілген есептер оқушы деңгейіне сай емес, күрделі.

Оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттің көрініс таппаған. Глоссарий, зерттеушілік, эксперименттік тапсырмалар, АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тапсырмалар берілмеген. Оқу жетістіктерін бағалау, қосымша ресурстарды пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген.

2. Алгебра, 9-сынып, «Мектеп» баспасы

Авторлары: А.Е.Әбілқасымова, Т.П.Кучер, В.Е.Курчевский, З.Ә.Жумагулова

Жалпы қорытынды: Орта мектептерде математиканы оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес. Оқулықта ақпараттар толық қамтылған. Оқулық оқушының психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Оқушының өз бетінше материалды меңгеруіне көмектеседі. Оқулықтың оқу материалының мазмұндық-логикалық бірізділігі, сабақтастығы берілген. Материалдарының баяндау стилі талапқа сай, көзге тартымдылығы, баяндау тілі түсінікті. Оқулық мазмұны оқу бағдарламасына сәйкес құрылған. Оқулықтың тілі оқушыға түсінікті, талапқа сай безендірілген.

Деңгейлік тапсырмалар берілген. Тапсырмалар қарапайымнан күрделіге қарай өте сауатты құрылған. Тапсырмалар сараланып берілген. Оқулық әртүрлі деңгейдегі есептерді қамтиды және оқулықтағы тақырыптар бойынша бөлінген. Әр тараудың соңында берілген «Өзіңді тексер!» тест тапсырмалары орынды берілген. Тест тапсырмалары өте көп, деңгейлік тапсырмалар орынды берілген.

Бейіндік бағытқа сай есеп шығарудың нақты алгоритмдері, өзіндік жұмысқа арналған сұрақтар, тест тапсырмалары, бірігіп шығаруға арналған тапсырмалар бар. Есептер деңгейлеп берілген. Алгебра оқулығы 10 тараудан

тұрады. Оқулықтың әрбір параграфында деңгейлік тапсырмалар, қайталау есептері мен жаңа білімді меңгеруге тірек ұғымдар берілген. Түрлі-түсті иллюстрацияланған, графиктер анық түсірілген.

Оқулықтың құрылымы, түптелуі, тапсырмалардың оңтайлылығы талапқа сай. Есептер тақырыпқа сай, оқушының жас ерекшелігіне сәйкес келеді.

Оқулықта қосымша әдістемелік нұсқа, дидактикалық материалдар, есептер жинағы берілген.

Ескертпелер: оқулықтың мазмұнында қазақстандық компонент сақталмаған; ғылыми және қолжетімділік принциптері сақталмаған, тапсырмалар шынайы өмірмен байланысты емес; глоссарий берілмеген; эксперименттік, АКТ-құзыреттілігін қалыптастыратын тапсырмалар берілмеген. Оқулықтың иллюстрациясы талапқа сай келмейді. CD диск, жұмыс дәптері берілмеген. Әдістемелік құралдардан жұмыс дәптері берілмеген. Жас мамандар үшін қажетті есептер жинағы, тексеру жұмыстарының жинағын беру керек. В, С деңгейіндегі есептердің шығарылу жолдарын мысалдармен көрсеткен дұрыс. Үй тапсырмасын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар енгізу керек.

Оқулық математиканы тереңдете оқытатын сыныптарға арналған деп есептеймін. Өте көп тақырыптар тереңдетіліп берілген. Бұл деген лицей сыныптары үшін қажет, бірақ жалпы бағдарламамен оқытылатын ауыл мектептерінде оқытуда қиындықтар туғызады. Сондықтан да, осы жағдайды да ескерген қажет.

Ұсыныстар: мұғалімге көмек ретінде Алгебра пәнінен тапсырмалар жинағынан *Woro/* түріндегі қосымша және презентация дискісі болса;

- жаңа тақырыптың бастауда «түйінді» ұғымдар берілсе;
- қалыптастырушы бағалау тапсырмаларынан оқушыға жұмыс дәптері дайындалса;
- жаңа тақырыпты игеру барысында сыни тұрғыдан ойлауды, дамыту технологияларынан нұсқаулар берген орынды.

3. Алгебра, 9-сынып, «Келешек-2030» баспасы

Авторлары: Г.Н.Солтан., А.Е.Солтан, А.Ж.Жумадилова

Жалпы қорытынды: Негізгі орта білім беру деңгейінде математиканы оқытудың МЖМБС, жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына сәйкес келеді. Материалдар түсінікті болу үшін алдыңғы тақырыппен байланыс сақталған. Соңында барлық тарау бойынша аралас жаттығулар берілген.

7-8-сынып материалдарын қайталауға арналған тапсырмалар енгізілген. Әр тақырыптан кейін бекіту сұрақтары берілген. Оқулықта теория баяндалып, күрделілігі әртүрлі жаттығулар мен мәтінді есептерді шығару мысалдары келтірілген. Ториялық білімнің игерілгенін тексеруге арналған бақылау сұрақтары және күрделілігі бойынша үш деңгейге (А.В.С) бөлінген әртүрлі жаттығулар берілген. Оқулық соңында пәндік көрсеткіштер, тригонометриялық мәндер кестесі берілген. Оқулықтың электрондық қосымшасы мұғалімге уақыт

үнемдеу үшін пайдалы. Оқулықтың көлемі талапқа сай, оқушыға пайдалануға ыңғайлы.

ОӘК бағдарламаға сәйкес әзірленген. Әдістемелікте тарау бойынша ұсыныстар берілген. Жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар, бағалау критерийлері берілген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға арналған тәжірибелік ұсыныстар бар.

Ескертпелер: оқулықта кіріспе, түсіндіру мәтіні, глоссарий берілмеген. Бөлімдер бойынша оқу материалының көлемі білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келмейді. Оқу материалын мазмұндау логикасы сақталмаған. Оқулықтағы тапсырмаларда шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланысы қамтылмаған. Зерттеулік, эксперименттік, АКТ құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар берілмеген. Иллюстрациялық материалдар пән мазмұнына сәйкес келмейді. Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы сақталмаған.

Жұмыс дәптері, есептер жинағы, дидактикалық материалдар, оқу жетістіктерін бағалау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген. Қосымша ресурстарды пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстар қарастырылмаған. Үй тапсырмасын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар көрсетілмеген. Сұрақтар, тапсырмалар, есептерді таңдауда қателіктер орын алған.

Оқулықтағы мысалы, §19 ОКМН шаршы арқылы түсіндіру есептері білім алушыларға қиындық туғызады.

CD дискте тек теорияға арналған материалдар берілген, оқу процесінде қолдану үшін тиімді емес. Дискіде аз тапсырмалар берілген. Берілген деңгейлік тапсырмалар оқушының жас ерекшелігіне сәйкес келмейді. Оқулықтағы түсіндіру мәтіні, теоремаларды дәлелдеу күрделі түрде көрсетілген, білім алушының жас ерекшелігіне сәйкес келмейді. Материалдар математиканы тереңдетіп оқытатын сыныптарға арналған. Оқулықтың безендірілуі мен ресімделуі оқушылардың қызығушылығын арттырмайды, қаріп шрифті көруге қиындық туғызатындай нашар берілген. Оқулық оқушыларға оқу процесінде пайдалануға тиімсіз екендігін көрсетті.

Ұсыныстар: есептер жинағы, тексеру жұмысына арналған жинақтар, дидактикалық, көрнекілік материалдар әзірленсе;

- қысқа мерзімді жоспар үлгілері ұсынылса;
- оқу жетістіктерін бағалау және үй тапсырмасын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілсе;
- «өзінді тексер» тапсырмалары енгізілсе;
- бақылау жұмысы, тест тапсырмаларын беру ұсынылса;
- оқулықтың шетіндегі қазақтың ою орнаментін алып тастаса дұрыс болар еді.

«Геометрия», 9-сынып

Апробацияға 9-сынып бойынша «Геометрия» оқулығы үш баспадан ұсынылған (52-кесте).

52-кесте

№	Оқулық атауы	Авторы(лары)	Баспа
1	Геометрия	А.Н Шыныбеков, Д.А Шыныбеков. Р.Н Жумабаев	Атамұра
2	Геометрия	Г.Н.Солтан., А.Е.Солтан, А.Ж.Жумадилова	Келешек- 2030
3	Геометрия	В.А.Смирнов, Е.А.Тұяқов	Мектеп

1. Геометрия, 9-сынып, «Атамұра» баспасы

Авторлары: А.Н Шыныбеков, Д.А Шыныбеков. Р.Н Жумабаев

Жалпы қорытынды: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, типтік оқу жоспары мен типтік оқу бағдарламасына сәйкес және пәннің базалық мазмұны сақталған. Мазмұны жағынан барлық тақырыптар қамтылған. Оқу материалын іріктеуде және мәтіндік есептерді беруде оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілген.

Деңгейлік тапсырмалар үш деңгейде берілген. «В», «С» деңгейінің есептері оқушылар үшін күрделі. Оқулық жазылымы анық, суреттері айқын түспен берілген, түсіндіру жолдары талапқа сай, әртүрлі мысал есептермен бекітілген, тапсырмалар соңында сұрақтар және қайталауға арналған есептер жақсы берілген. Әр тақырыпты өткенен кейін «тарихи шолу», логикалық есептер, шығармашылық есептер берілген. Жалпы есептердің деңгейі жоғары, оқушыларға сай емес. Практикалық жұмыстар, топтық жұмыс тапсырмалары қамтылған. Оқушылардың жас ерекшелігі ескерілген. Оқулықтың оқу материалдарының мазмұндық-логикалық бірізділігі, сабақтастығы сақталған. Материалдардың баяндау стилі, тартымдылығы, түсініктілігі жақсы берілген.

Ұсынып отырған әдістемелік құрал оқушыларды «Алгебра 9» оқулығы бойынша Алгебраны оқытуға арналған, себебі олар оқу бағдарламасымен қатаң сәйкестікте орындалған. Оқу жетістіктерін бағалау бойынша тәжірибелік ұсыныстары көрсетілген.

Ескерту: оқулықта глоссарий, зерттеушілік, эксперименттік тапсырмалар, АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тапсырмалар, оқу жетістіктерін бағалау, қосысша ресурстарды пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген.

Ұсыныс: жұмыс дәптері мен СД-дискі, дайын қысқа мерзімді жоспарлардың үлгілері берілсе екен.

2. Геометрия, 9-сынып, «Мектеп» баспасы

Авторлары: В.А.Смирнов, Е.А.Тұяқов

Жалпы қорытынды. Ақпараттар анық және түсінікті берілген. Тапсырмалар деңгейі сараланған. Жалпы оқулық оқушыға түсінікті тілде жазылған. Оқушылардың жас ерекшелігіне сай. Тақырыптар үндестігі және ұқсастығы бойынша топтастырылған. Сабақта шағын модельдік технология бойынша ұйымдастыруға бейімделген. Сызба жұмыстары талапқа сай салынған, түсінікті. Геометрия оқулығында көпжақтардың кимасын салуға, кеңістік фигураларын кескіндеуге басты назар аударылған. ҚМЖ, ӨЖ, ТТ, БЖ үлгілері берілген.

Ескертпелер: оқулықтың мазмұнында қазақстандық компонент сақталмаған; ғылыми және қолжетімділік принциптері сақталмаған, тапсырмалар шынайы өмірмен байланысты емес; АКТ-құзыреттілігін қалыптастыратын тапсырмалар берілмеген. CD диск, жұмыс дәптері берілмеген. Қосымша ресурстарды пайдалану, үй тапсырмасын орындау бойынша ұсыныстар, шығармашылыққа, логикалық ойлауға арналған есептер берілмеген.

Ұсыныстар: жаңа тақырыпты игеру барысында сыни тұрғыдан ойлауды, дамыту технологияларынан нұсқаулар берілсе;

- мұғалімге көмек ретінде Геометрия пәні бойынша тапсырмалар жинағынан Word/ түріндегі қосымша және презентация дискісі болса;

- жаңа тақырыпты бастауда «түйінді» ұғымдар берілсе;

- қалыптастырушы бағалау тапсырмаларынан оқушыға жұмыс дәптері дайындалса;

- тек үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар енгізген дұрыс.

3. Геометрия, 9-сынып, «Келешек-2030» баспасы

Авторлары: Г.Н.Солтан., А.Е.Солтан, А.Ж.Жумадилова

Жалпы қорытынды. Оқулықта оқу бағдарламасына сәйкес 9-сыныпқа арналған «Геометрия» пәнінің негізгі мазмұны қамтылған. Оқулықта теориялық мәселелер, типтік тапсырмалардың шешімі, теорияның игерілу деңгейін тексеруге арналған бақылау сұрақтары және өздік жұмыстарға арналған үш деңгейде жаттығулар берілген. Оқулыққа «Векторлар», «Геометриялық түрлендірулер» сынды жаңа бөлімдер енгізілген. Оқулықта қиындық туғызатын есептердің шығарылу жолдары көрсетілген. «Жауаптар» бөлімінде есептердің шығаруға нұсқаулықтар берілген.

«Өзіңді тексер» бөлімінде арнайы тапсырмалар берілген. Оқулықтағы оқу материалының көлемі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Әдістемелік құрал оқу бағдарламасына сәйкес дайындалған. Жұмыс дәптері, дидактикалық материалдарды қолдану тиімді. «Өзіңді тексер» атауымен

арнайы тапсырмалар ұсынылған. Жаттығулармен бірге жауаптары және нұсқаулықтар берілген.

Ескертпелер: оқулықта кіріспе, түсіндіру мәтіні, глоссарий, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар берілмеген. Бөлімдер бойынша оқу материалының көлемі білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келмейді. Оқулықтағы тапсырмаларда шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланыс қамтамасыз етілмеген. Берілген тапсырмалар оқушылардың АКТ құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталмаған. Эксперименттік тапсырмалар берілмеген. Берілген тапсырмаларда тәжірибеге бағыттау ескерілмеген. Иллюстрациялық материалдар эстетикалық талаптарға сәйкес келмейді. Әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, есептер жинағы, дидактикалық материалдар берілмеген. Қосымша ресурстарды пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстар қарастырылмаған. Үй тапсырмасын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген. Оқу жетістіктерін бағалау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген. Қосымша ресурстарды пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстар қарастырылмаған. Сондай-ақ, оқулықтың теориялық мазмұны оқушыларға қиын, күрделі берілген. Оқулықта күрделілігі жоғары математиканы тереңдетіп оқытатын сыныптарға арналған есептер жиынтығы берілген. Тақырыпты бекітуге арналған есептер аз қамтылған. Тест тапсырмалары берілмеген, тапсырмаларға тиісті белгілер қойылмаған. Берілген тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келмейді. Оқулықтағы мәтін шрифті нашар берілгендіктен, оқушыларға материалды оқуда қиындық туғызады. Сонымен қатар әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, есептер жинағы, дидактикалық материалдар берілмеген.

Ұсыныстар: оқулықпен қоса жұмыс дәптері, дидактикалық материалдар CD дискілер қолдануға берілсе;

- оқу жетістіктерін бағалау, үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар ұсынылса;

- есептер жинағы, тексеру жұмысына арналған жинақтар берілсе;

- оқулықтың шетіндегі қазақтың ою орнаментін алып тастаса дұрыс болатын еді.

- есептер жинағы, дидактикалық материалдар берілмеген. Оқулықтың безендірілуі мен ресімделуін жетілдіру ұсынылады.

«Информатика», 9-сынып

Апробацияға 9-сынып бойынша «Информатика» оқулығы үш баспадан ұсынылған (53-кесте).

53-кесте

№	Оқулық атауы	Авторы(лары)	Баспа
1	Информатика	Р.А.Кадиркулов, Г.К.Нурмуханбетова	Алматыкітап
2	Информатика	Салғараева І.И. Калымова К.А.	Арман-ПВ

		Орынтаева Ж.А.	
3	Информатика	С. Мұхамбетжанова, А. Тен., Н. Голикова	Атамұра
4	Информатика	Е.В.Шевчук, Н.С.Кольева	Мектеп

1. Информатика, 9-сынып, «Алматыкітап» баспасы

Авторлары: Кадиркулов Р.А., Нұрмұханбетов Г.К.

Информатика оқулығы мазмұны жағынан бағдарламаны толық қамтыған. Оқу материалдарын іріктеуде тәжірибелік тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілген. Оқулық құрылымы талапқа сай жазылған. Тапсырмалар нақты берілген. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына сәйкес оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып жазылған. Тілі оқушының қабылдауына жеңіл, мазмұны қосымша мәліметтермен қамтылған. Оқулықта берілген материалдар жүйелі құрылған, сабақ жоспарын құру үшін тиімді. Тақырып мазмұны мен құрылымы оқушы игеретін жаңа білім мен тәжірибеге бағытталған ой қозғау, қызығушылықты арттыруға арналған проблемалық сұрақтар, өз бетімен, бірлесіп оқуға арналған түрлі тапсырмалар қарапайымнан күрделі әрекетке бейімделіп берілді. Практикалық жұмыстардың тапсырмалары сапалы. Оқулық иллюстрациялық материалмен толықтырылған. Тақырыпқа қатысты суреттер, практикалық жұмыстар анық, тартымды, ақпарат ашық, түсінікті берілген. Оқулықтың мазмұны, тапсырмалары терминология үш тілде көрсетілген.

Мазмұнында қателіктер орын алған. Грамматикалық қателер де кездеседі. Тақырып мазмұны түсінікті, жақсы түсіндіріліп жазылған, бірақ оқулықта үштілділік кездеспейді. 9-сынып болғандықтан, тақырыпқа қатысты ағылшын тіліндегі термин аудармаларын жазған жақсы болар еді. Нұсқаулық және тапсырмалар жинағы электронды нұсқада берілсе деп ұсыныс жасалған.

Бірақ, оқулықта «Деректер ауқымы» бөлімі 2 рет жазылған, 1-бөлімде Паскаль мен Lazarus бағдарламасында массив құру бойынша ақпарат берілсе, 2-бөлімде C++ бағдарламасы бойынша есептер берілген. Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағытының) 9-сыныптарына арналған «Информатика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы ҚР БҒМ министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына 200-қосымшада C/C++Python, Delphi, Lazarus тілдерінің бірінде тапсырма мен ақпарат берген дұрыс болар еді. Мүмкін 1 бағдарламаға ғана тоқталған қажет.

Оқулықта тақырыптар сын тұрғысынан ойлау әдісіне негізделіп құрылған. Логикалық ойды дамытатын тапсырмалар оқушыны жан-жақты жетілдіруге мүмкіндік береді.

Баяндау стилі жақсы жазылған, оқушылардың қабылдауына жеңіл. Терминдер бөлімі оқулықтың соңғы бетінде жазылған, оқушылардың ақпарат қабылдауларына өте жақсы көмек тигізеді.

Оқулықта барлық тақырып оқушы үшін түсінікті тілде жазылған. Әр тақырыптан кейін тапсырмалар, практикалық тапсырмалар, арнайы сұрақтар берілген. Тарау соңында тестілік тапсырма берілген.

Оқулықта бағдарлама бойынша мәліметтер толық қамтылған. Әр тақырып оқушыға түсінікті, тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай, шартты белгілер арқылы оқушыға түсінікті тілмен жазылған.

Термин сөздер үш тілде жақсы берілген.

Оқулық жаңартылған білім мазмұны бойынша талапқа сай жазылған. Оқулықта оқу мақсаттары анық, нақты ұсынылған. Оқулық сын тұрғысынан ойлау, Блум таксономиясының қадамдары өте сәтті шыққан. Әсіресе программалау тақырыбы жақсы ашылған, қызықты тапсырмалар көп берілген. Оқулықты келесі оқу жылында негізгі оқулық ретінде оқытуға ұсыныс жасауға болады. Оқулық әдістемесі оқулыққа сай жақсы берілген. Талапқа сай. Әсіресе оқулықтың электрондық қосымшасы сәтті шыққан. Электрондық қосымша оқушы мен мұғалім үшін де тиімді жасалған. Уақыт үнемдеуге (сабақ кезінде программа кодтарын теріп отыруға уақыт жібермейміз) үлкен ықпал беріледі.

Оқулық оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, түсінікті, мағыналы қызығушылық тудырады. Оқулықпен оқушылар жұмыс жасағанды ұнатады.

Оқулық бағдарламаға сай жазылған. 4 бөлім «Деректер ауқымы» 4-А «Lazarus» программалау ортасы 4-В «С» тілі баламасы түрде берілген. Оқулықтың ішкі мазмұны тақырыпқа сай кесте, суреттермен безендірілген. Оқушы үшін тапсырмалар тақырыпқа сай берілген.

Оқулық оқушы мен мұғалімнің қызығушылығын туғызады, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, түсінікті тілде жазылған.

Оқулық стандартқа сәйкес келеді. Барлық тапсырмалар, компьютерлік жұмыстар да берілген.

Мазмұны, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлығы, оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттің көрініс табуы ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау, мазмұнның, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланысын қамтамасыз ету; иллюстрация деңгейлік, зерттеушілік, эксперименттік тапсырмалар, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар берілмеген.

Иллюстрациялар көлемінің оңтайлы, иллюстрациялық материалдың эстетикалық талаптарға сәйкес.

Ескерту: әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, СД-диск, есептер жинағы, дидактикалық материалдар, диктанттар жинағына көптеген мұғалімдер жоқ деп ескерту жасаған.

2. Информатика, 9-сынып, «Арман-ПВ» баспасы

Авторлары: Салғараева І.И., Калымова К.А., Орынтаева Ж.А.

Мазмұны жағынан бағдарлама толық қамтылған. Оқу материалдарын іріктеуде тәжірибелік тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілген.

Оқулықта берілген материалдар жүйелі құрылған, сабақ жоспарын құру үшін тиімді. Тақырып мазмұны мен құрылымы оқушы игеретін жаңа білім мен тәжірибеге бағытталған ой қозғау, қызығушылықты арттыруға арналған проблемалық сұрақтар, өз бетімен, бірлесіп оқуға арналған әртүрлі тапсырмалар қарапайымнан күрделі әрекетке бейімделіп құрылған. Тақырып мазмұны жақсы түсіндіріліп жазылған, бірақ оқулықта үштілділік кездеспейді. 9-сынып болғандықтан, тақырыпқа қатысты ағылшын тіліндегі термин аудармаларын берген дұрыс болар еді. Практикалық жұмыстардың тапсырмалары сапалы берілген.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлығы қарастырылған. Деңгейлік, зерттеушілік, эксперименттік тапсырмалар, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар жоқ. Иллюстрациялар көлемінің оңтайлығы, иллюстрациялық материалдың эстетикалық талаптарға сәйкес.

2. Информатика, 9-сынып, «Мектеп» баспасы

Авторлары: Е.В.Шевчук, Н.С.Кольева

Оқулық бағдарламаға сәйкес жазылған, тақырыптар нақты, түсінікті берілген. Бақылау сұрақтары, қызықты мәліметтер бар. Сондай-ақ рефлекс сұрақтары берілген.

Практикалық тапсырмалар, жаттығулар А, В, С деңгейлеріне бөлінген.

Графикалық суреттер сапасыз, орфографиялық қателіктер бар, мысалы: 10-бетте, 25-бетте «Кодтау».

Әдістемелік нұсқаулықта үй тапсырмасын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар жоқ.

Терминдер бөлімі оқулықтың соңында жазылған. Әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, CD диск, есептер жинағы, глоссарий берілмеген.

Иллюстрациялық суреттер аз берілген.

«География», 9-сынып

Апробацияға 9-сынып бойынша «География» оқулығы үш баспадан ұсынылған (54-кесте).

54-кесте

№	Оқулықтың атауы	Авторлары	сынып	Баспасы
1	География	Р.А.Каратабанов,	9	Алматыкітап

		А.А.Саипов, Б.Х.Балгабаева, К.Т. Сапаров		
2	География	Толыбекова Ш.	9	Мектеп
3	География	В.В.Усиков, А.В. Егорина, А.А.Усикова, Г.Б.Зэбенова	9	Атамұра

1. География, 9-сынып, «Алматыкітап» баспасы

Авторлары: Р.А.Каратабанов, А.А.Саипов, Б.Х.Балгабаева, К.Т. Сапаров

Жалпы қорытынды: Оқулық оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген. Аталған оқулық 3 бөлімнен тұрады. Бөлімдердегі әр тақырып сабақтаса отырып құрастырылған. Оқулықтағы кестелер, графиктегі, диаграммадағы, карта түріндегі суреттер өте жақсы, түсінікті көрсетілген.

Оқушының өз бетімен жұмыс жасауға бағытталған тапсырмалар да бар. Дегенмен, кейбір тақырыптар шұбалаңқы түрде берілген. Оқушының түсінуіне қиындық тудырады. Термин сөздер, суреттер, тапсырмалар жүйелі берілген. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Тақырыптың соңында жаңа сөздерге анықтама берілген. Маңызды оқиғалардың хронологиялық көрсеткіштері көрсетілген. Иллюстрация оқулық мәтініне сәйкес келеді, деңгейлік, зерттеушілік тапсырмалар берілген. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық берілген. Қосымша ресурстарды пайдалану үшін сілтемелер көрсетілген. География пәні бойынша тірек сөздер, анықтамалар берілген.

Ескертпелер:

- оқулықта грамматикалық қателіктер өте көп;
- АКТ-құзыреттілігін қалыптастыруға арналған тапсырмалар берілмеген;
- оқу әдістемелік кешені толық берілмеген, яғни CD-дисктер, жұмыс дәптері, дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілмеген;

Ұсыныстар:

- қосымша тапсырмалар кіріктіріп берілсе;
- мәліметді көбірек берудің жүйесі сақталса;
- тірек сызба, кесте бойынша берілетін тапсырмалар саны көбейтілсе;
- иллюстрациялар тақырыпқа сәйкес анық берілсе;
- CD-дискілермен қамтамасыз етілсе;
- жұмыс дәптеріне әр тақырып бойынша қысқа тест тапсырмаларын енгізу ұсынылады.

2. «География», 9-сынып, «Мектеп» баспасы

Авторлары: Толыбекова Ш.

Жалпы қорытынды: оқулық үлгілік оқу бағдарламасына, оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес құрастырылған. Оқу материалының көлемі бөлімдер бойынша оңтайлы берілген. Деңгейлік, зерттеушілік тапсырмалар да оқулықта көрініс тапқан. Иллюстрациялық материалдар мәтінге сәйкес келеді. Әдістемелік нұсқаулық көмекші құрал ретінде пайдалануға тиімді. Оқулық оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген. Тақырыпқа арналған қосымша материалдар берілген.

Ескертпелер:

- CD-дисктер, жұмыс дәптері, дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілмеген;
- үй тапсырмасын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар ескерілмеген;
- түсіндіру мәтіні берілмеген;
- деңгейлік, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар берілмеген.

Ұсыныстар:

- оқу әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету;
- қосымша тапсырмаларды көбейту ұсынылады.

3. «География», 9 -сынып, «Атамұра» баспасы

Авторлары: В.В.Усиков, А.В. Егорина, А.А.Усикова, Г.Б.Зәбенова

Жалпы қорытынды: География пәні бойынша тірек сөздер көрсетіліп, анықтама берілген. Оқушының жеке ойын дамытып, іздену үшін көп тапсырмалар бар. Қосымша мәтіндерге түсініктеме берілген.

Ескертпелер: кейбір тақырыптар оқу бағдарламасына сәйкес келмейді. Оқулықтағы тапсырмалар күрделі, оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келмейді. Бөлімдер бойынша оқу материалы көлемінің оңтайлылығы ескерілмеген. Ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау, мазмұнның, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланысын қамтамасыз ету ескерілмеген. Деңгейлік, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар берілмеген. Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы, иллюстрациялық материалдың эстетикалық талаптарға сәйкестігі, иллюстрациялар көлемінің оңтайлылығы ескерілмеген. Жұмыс дәптері, CD диск, дидактикалық материал берілмеген. Әдістемелік нұсқаулық, дидактикалық материал берілгенмен, үй тапсырмасын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар, оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі ескерілмеген.

Ұсыныстар:

- нақты мақсатқа сай деңгейлік тапсырмалар көбейтілсе;
- мәтінді тапсырмаларға сәйкестендірсе;
- тақырыптық карталармен қамтамасыз етілсе;

- оқулыққа сәйкес әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету керек.

«Биология», 9-сынып

Апробацияға 9-сынып бойынша «Биология» оқулығы екі баспадан ұсынылған (55-кесте).

55-кесте

№	Оқулық атауы	Авторлары	Баспа
1	Биология	Е.А.Очкур, Ж.Ж.Құрманғалиева, Л.Е.Аманжолова	Мектеп
2	Биология	Н.Г.Асанов, А.Р.Соловьева, Б.Т.Ибраимова	Атамұра

1. Биология, 9-сынып, «Мектеп» баспасы

Авторлары: Е.А.Очкур, Ж.Ж.Құрманғалиева, Л.Е.Аманжолова

Жалпы қорытындылар. Мазмұны жағынан бағдарлама толық қамтылған. Оқу материалын іріктеуде және мәтіндер құрастыруда оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілген. Орындайтын тапсырмалар, оқушылардың логикалық және ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар беріліп, оқушылардың қабылдауына жеңіл тілде жазылған.

Оқулықтағы тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай беріліп, сабақ барысында орындалатын тапсырмалар бар. Берілген тапсырмалар өмірде кездесетін мысалдар арқылы жеткізілген. Өмірмен байланысты тапсырмалар құрастырылған. Теорияның практикамен байланысы бар. Берілген тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес.

Тапсырмалары өте күрделі емес. Оқушылар еркін, өз беттерімен жұмыс жасай алады. Берілген мәтіндік баяндау тілі анық. Оқулық мазмұнына сәйкес суреттері мен сызба нұсқалары бар. Оқулықта өрескел қателер жоқ. Оқулық мұқабасы мен түптелуі талапқа сай, қағазы сапалы. Оқушылар тарапынан шрифт өлшемдеріне ешқандай ескерту болған жоқ. Жолдар арасында ара қашықтық сақталған, талапқа сай. Оқулықтың тақырыптары мен тапсырмалары қабылдауға түсінікті.

Мазмұндауы логикасы бөлімдер сабақтастығы сақталған. Білім алушының психологиялық жас ерекшеліктеріне сай. «Қосымша ойлан», «бұл қызық», «негізгі түсініктер» «оқулық қосымшалары» орынды берілген. Оқулықтың мәтін тілі жатық, оқушыларға түсінікті. Сауалнама негізінде:

- оқулықтың мазмұны, түсіндіру мәтіні, иллюстрациясы, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар талапқа сай жазылған;
- бөлімдер бойынша оқу материалының көлемі оңтайлы;
- оқу материалын мазмұндау логикасы сақталған;
- оқулықта ғылымилық және қолжетімділік сақталған;

- оқушылардың жас ерекшелігіне оқу материалы сәйкес сынды ойлар берілген.

ОӘК арналған «Әдістемелік көмек» ішінде сабаққа қажетті ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ қамтылған. Жоспарлардың барлығы бағдарламаға сәйкес құрастырылған. Оқушының жас ерекшелігі ескерілген, әдіс-тәсілдер мен ресурстар көрсетілген. Оқулық мұқабасы мен түптелуі талапқа сай, қағазы сапалы. Әдістемелік нұсқаулық кітапшасында материалдар жақсы көрсетілген. Тапсырмалар әртүрлі және барлық тиісті іс-әрекеттер баяндалған. Тапсырмалар қолжетімді материалдардан болса дұрыс болар еді. Мазмұны түсінікті, түсіндіру, жазылу тілі жатық. Оқушылардың жас ерекшелігіне сай жазылған.

Ескертпелер:

Оқулықтағы § 2, 9, 10, 15, 17, 19, 22, 23, 27, 32, 33, 38, 48, 49, 54-інші параграфтардың тақырыптары шұбалаңқы.

Оқулық тақырыбы әдістемелік-нұсқаулықтың тақырыптарына сәйкес келмейді. Кейбір зертханалық тапсырмаларды орындауға арналған құралдар жоқ болуына байланысты қиындықтар туындады; Иллюстрациялық материалдар бар, бірақ кейбір суреттердің анықтығы көмескі, бұлыңғыр берілген. Деңгейлік тапсырмалар берілген, тек тапсырма саны көбірек болса деген ұсыныс. Зертханалық жұмыс материалдары барлық жағдайларда қолжетімді емес, көлемі оңтайлы. Деңгейлік, эксперименттік тапсырмалар аз, кейбір тақырыптарда екі зертханалық жұмыстан берілген.

Ұсыныстар:

- тақырып пен тақырыпшалар нақты берілсе;
- үштілділікке байланысты терминдер 3 тілде қолданылса;
- тақырыпқа сай мәліметтер толық қамтылса;
- мәтіндерде грамматикалық қателіктер жіберілмесе;
- биологиялық терминдердің анықтамалары жазылса;
- оқулықтың 132 бетіндегі күрделі зертханалық жұмыс балалардың 40 минутта орындауына қиындық туғызатындықтан, оның орындалуы екі сағатқа бөлінсе;
- иллюстрациялық суреттер анық, түрлі-түсті, нақтылықты қажет етеді;
- кең ауқымда тапсырмалар берілсе;
- тақырыпты ашатын көптеген тапсырмалар берілсе;
- тақырыптар (ашатын көптеген) бойынша тірек-сызбалар көбірек берілсе;
- экожүйедегі энергия ағымымен өнімділіктің сандық есептеуі жайында мысал есептері берілсе;
- ластаушы заттардың адам денсаулығына зиян екендігі ашылып жазылса;
- тақырыптар бойынша көрнекіліктер қаралса.

2. Биология, 9-сынып, «Атамұра» баспасы

Авторлары: Н.С.Асанов, А.Р.Соловьева, Б.Т.Ибраимова.

Жалпы қорытынды. Оқулық білім стандартына және баланың жас ерекшелігіне сай жазылған.

Тақырыптар мазмұны ашылған. Әр тақырыптың соңында білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау бойынша тапсырмалар берілген. Аталған тапсырмалар оқушының дейгейін анықтауға ыңғайлы. Тапсырмалар сабақ соңында Блум таксономиясына сай берілген.

Пайдалы қазбалар тақырыбында мысал келтіргенде еліміздің жер қойнауы мен қазба байлықтарынан мысалдарды көбірек көрсету ұсынылады.

«Физика», 9-сынып

9-сыныптың апробациясына «Физика» оқулығы екі баспадан ұсынылған (56-кесте).

56-кесте. Баспалар тізімі

№	Оқулықтың атауы	Автор(лары)	Баспасы
1	Физика	Ш.Б. Насохова, Д.М.Қазақбаева, Н.Бекбасар	Мектеп
2	Физика	Зәкірова Н.А. Әшіров Р.Р.	Арман - ПВ

1. Физика, 9-сынып, «Мектеп» баспасы

Авторлары: Ш.Б. Насохова, Д.М.Қазақбаева, Н.Бекбасар

Жалпы қорытынды. Оқулықтың мазмұны оқу бағдарламасы бойынша құрылған. Оқу материалдарының көлемі жеткілікті мөлшерде алынған, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Жоғарғы деңгейдегі дағдыларды дамытуға бағытталған тапсырмалар қамтылған. Талдау және саралау дағдыларын дамытуға бағытталған эксперименттік тапсырмалар енгізілген. Тараулар бойынша материалдар ғылыми және логикалық тұрғыдан дұрыс, жүйелі берілген. Шығармашылық тапсырмалар жақсы таңдалған.

Сонымен қатар, Физика пәні бойынша жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктерін ескере отырып, тақырыптардың мазмұнын әлі де толықтыру және жанарту қажет, заманауи ғылыми фактілерді қосу керек. Қазақстандық компонент көрініс таппаған. Зертханалық және эксперименталды жұмыстарды жүргізуге ұсынылған кейбір құрылғылар бүгінде ескірген. Мысалы, метроном.

Оқулықпен жұмыс жасау тиімділігі үшін "денелердің тығыздығы" және "қатты денелердің механикалық қасиеттері" кестелерін қосқан қажет, өйткені оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес, 9-сыныпта деректерді іздестіруде

кестелерге жиі жүгінуге тура келеді. Қажетті мәліметтерді іздестіру уақытын қысқарту сабақта білім алушылардың іс-әрекетінің тиімділігін арттырады және уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқулықта ұсынылған тапсырмалар мен жаттығулар сабақта әртүрлі жұмыс түрлерін ұйымдастыруды қарастырады, бірақ кейбірі пысықтауды талап етеді. Мысалы, шартты белгілерде күрделілігі орташа тапсырмалар көрсетілген, бірақ жаттығуларда осындай белгілеумен берілген тапсырмалар жоқ. Сондай-ақ, бөлімдер бойынша деңгейлік тапсырмалар қатарын көбейту қажет.

Оқулықта деңгейлеп берілген тапсырмалардың болмауы немесе жеткіліксіздігі мұғалімге сабақта саралап оқыту тәсілін іске асыруға кедергі келтіреді. Күрделілігі әртүрлі тапсырмаларды таңдау ғылыми негізде қарастырылып және жеткілікті мөлшерде оқулықта берілгені дұрыс. Бұл мұғалімдерге қосымша жүктемені азайтады, сондай-ақ жас мамандардың белгілі бір жағдайларда өз бетінше шешім қабылдау кезіндегі қиындықтарының алдын алады.

Ескертулер. Оқулықта:

- қазақстандық компонент көрініс таппаған;
- глоссарий берілмеген;
- АКТ құзыреттілігін қалыптастыруға тапсырмалар берілмеген;
- иллюстрациялардың оптималды көлемі сақталмаған;
- түрлі деңгейлік тапсырмалар аз берілген;
- фактологиялық және грамматикалық қателер жіберілген.

Ұсыныстар:

- деңгейлік тапсырмалар саны көбейтілсе;
- глоссарий қосылса;
- қолданыстан шыққан құралдар мен жабдықтардың орны заманауи, қазіргі заманғы лайықты құралдарға ауыстырылса;
- «денелердің тығыздығына», «қатты денелердің механикалық қасиеттеріне» кестелер қосылса;
- мәтінде қателер жіберілмесе;
- қосымша ресурстарға сілтемелер көрсетілсе;
- оқулықтың дизайны мен безендірілі, ресімделуі қайта қаралса.

2. Физика, 9-сынып, «Арман ПВ» баспасы.

Авторлары: Зәкірова Н.А., Әшіров Р.Р.

Жалпы қорытындылар. Оқулықтың мазмұны 5 тараудан тұрып, талаптарға толық жауап береді, тапсырмалар оқу бағдарламасына сәйкес таңдалған. Барлық иллюстрациялық материалдар эстетикалық безендірілген, жеткілікті, мәтін мазмұнына сәйкес келеді.

Оқулық материалдары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Физикалық заңдылықтарды, құбылыстарды, заңдардың физикалық мағынасын сипаттау нақты баяндалған.

Оқулық материалдарының мазмұны ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған, білім алушылардың өзіндік жұмыс барысында өздігінен жұмыс жасауы да қарастырылған. Сабақ тақырыбына тірек схемалар ұсынылған, олар білім алушылардың білімін белсендіруді, материалды мазмұндаудың бірізділігін сақтайды.

Оқулық бөлімдері бойынша оқу материалының оңтайлы көлемін қамтиды, ғылымилығы және қолжетімділік принципі сақталған. Әр жана тақырыптан кейін бекітуге арналған сұрақтар келтірілген, ұғымдардың физикалық мағынасын түсіндіруді, есептеуді, көбейтуді, белгісіз шаманы табу, векторлармен, графиктермен жұмыс, формулалар мен теңдеулерді қолдануды, фактілерді талдауды болжайтын әртүрлі деңгейдегі практикаға бағытталған тапсырмалар мен есептер енгізілген.

Тапсырмаларды оқу іс-әрекетін әртүрлі формада ұйымдастыру үшін пайдалануға болады, сонымен қатар нақты өмір жағдайларына құрылған тапсырмаларды қосу керек.

Оқулықтағы оқу материалының мазмұны оқу бағдарламасына сәйкес келетін жаңа фактілермен, ғылыми зерттеулермен толықтырылған. Мұғалім үшін жасалған нұсқаулық есептерді шешу мысалдарын қамтиды, қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларға түсінік берілген. Дидактикалық материалдар жинағы қалыптастырушы және жиынтық бағалауға, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырманың үлгілерін қамтиды, сондай-ақ тапсырмаларға бағалау критерийлері берілген.

Педагогтердің пікірінше, оқулық білім алушылардың қызығушылығын туғызды. Оқулықтағы берілген материалдар оқушылардың өзбетінше түсінуіне, қабылдауына лайық. Тапсырмалар нақты, деңгейлеп берілген, тапсырманы орындау мысалдары да берілген.

Ескертулер. Оқулықта:

- қазақстандық компонент сақталмаған;
- оқулықтың көлемі ауыр және пайдалануға қолайсыз;
- эксперименттік тапсырмалар мен АКТ құзыреттілігін қалыптастыруға арналған тапсырмалар аз берілген.

Ұсынымдар:

- қазақстандық компоненттер қосылса;
- деңгейлік тапсырмалардың түрлері көбейтілсе, саны арттырылса;
- эксперименталдық тапсырмалар қосылса;
- нақты өмір жағдайларына құрылған тапсырмалар берілсе;
- дидактикалық материалдарға қалыптастырушы және жиынтық бағалау үшін деңгейлік тапсырмалар енгізілсе.

«Химия», 9-сынып

9-сыныптарға екі баспадан шыққан «Химия» оқулығы апробациядан өткізілді (57-кесте).

57 – кесте Баспалар тізімі

№	Оқулық атауы	Авторлары	Баспа
1	Химия	М.К.Оспанова, К.С.Аухадиева, Т.Г.Белоусова	Мектеп
2	Химия	М.Б.Усманова, К.Н.Сакарьянова,Б.Н.Сахариева	Атамұра

1.Химия, 9-сынып, «Атамұра» баспасы

Авторлары: М.Б.Усманова, К.Н.Сакарьянова, Б.Н.Сахариева

Жалпы қорытындылар. Оқулық мазмұны оқу бағдарламасына сәйкес келеді. Оқулықтағы суреттер, тапсырмалар оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Оқулық түсінікті тілде қабылдауға жеңіл, бағдарламаға сәйкес жазылған. Тапсырмалар оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Бөлімдер бір-бірімен сабақтаса отырып құрастырылған. Әр тақырыптан соң қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар берілген.

Тақырып соңында тірек сөздер, есептердің шығарылу жолдары, деңгейлік тапсырмалар, тарау соңында тест тапсырмалары берілген. Оқулықтың мазмұны, түсіндіру мәтіні, иллюстрациясы, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар талаптарға сай жасалған.

Сабақ жоспарларының үлгілері берілген. Оқулықтағы тапсырмаларды ойдағыдай меңгеруге қажетті тапсырмалар, бақылау жұмыстарының үлгі нұсқалары берілген.

Оқу материалдары оқушының қабылдауына түсінікті жазылған, есептер де нақты жинақталған. Оқулықтағы оқу материалының мазмұндық-логикалық бірізділігі, сабақтастығы сақталған. Материалдардың баяндалуы стилі, көзге тартымдылығы, түсініктілігі дұрыс берілген. Шрифт өлшемдері, түптелуі, мұқабасы талапқа сай.

ОӘҚ-да кешенді ұсыныстар, үй тапсырмасын орындау бойынша ұсыныстар жазылған. Материал түсінікті болу үшін концентрлік бағытта құрастырылған, яғни әр тараудың келесі тақырыбы алдыңғы тақырыпқа қатысты, сондықтан барлық тарау соңында аралас жаттығулар беріледі. Бұндағы тапсырмалар А,В,С деңгейлеріне бөлінген.

Ескертпелер: оқу мазмұны шағын, тақырыптар толық ашылмаған. Иллюстрациялық бейнелердің тақырып бойынша кездесуі сирек кездеседі.

Оқыту әдістемесі нұсқаулығы бойынша қысқа мерзімді жоспарлау жағында нақтылық жоқ. Өте қысқа берілген. Оқушыны ынталандырып, қызығушылығын туғызатын сұрақтар қамтылмаған.

Ұсыныстар:

Тәжірибелік нұсқаулар берілсе.

«Қазақстан тарихы», 9- сынып

Апробацияға 9 (8-9)-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәні оқулығы 2 баспадан ұсынылды (58-кесте).

№	Оқулықтың атауы	Авторлары	Сынып	Баспасы
1	Қазақстан тарихы	З.Е.Кабулдинов., М.Д.Шәймерденова., Е.М.Куркеев	9(8)	Атамұра
2	Қазақстан тарихы	Б.Т.Аяған, Қ.Б.Әдиет., А.Б.Солтанов	9	Атамұра
3	Қазақстан тарихы	Қ. Өскембаев, З. Сақтағанова Л. Зуева.,Ф. Мұхтарұлы	9(8)	Мектеп
			9	Мектеп

1. «Қазақстан тарихы» оқулығы 9 (8) -сынып, Атамұра баспасы
Авторлары: З.Е.Кабулдинов., М.Д.Шәймерденова., Е.М.Куркеев

Жалпы қорытынды: «Қазақстан тарихы» пәні бойынша тірек сөздер көрсетіліп, анықтама берілген. Оқушының жеке ойын дамытып, іздену үшін көп тапсырмалар берілген. Қосымша мәтіндерге түсініктеме берілген.

Сын-пікірлер: Кейбір тақырыптар оқу бағдарламасына сәйкес келмейді. Оқулықтағы тапсырмалар күрделі, оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келмейді.

Бөлімдер бойынша оқу материалы көлемінің оңтайлылығы ескерілмеген. Ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау, мазмұнның, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланысын қамтамасыз ету ескерілмеген.

Деңгейлік, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар берілмеген. Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы, иллюстрациялық материалдың эстетикалық талаптарға сәйкестігі, иллюстрациялар көлемінің оңтайлылығы ескерілмеген. Жұмыс дәптері, CD диск, дидактикалық материал берілмеген.

Әдістемелік нұсқаулық, дидактикалық материал берілгенмен үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар, оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі ескерілмеген.

Ұсыныстар:

- нақты мақсатқа сай деңгейлік тапсырмалар көбейтілсе;
- мәтіндер тапсырмаларға сәйкестендірілсе;
- тақырыптық карталармен қамтамасыз етілсе;
- оқулыққа сәйкес әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету ұсынылады.

2. «Қазақстан тарихы» оқулығы 9-сынып, Атамұра баспасы
Авторлары: Б.Т.Аяған, Қ.Б.Әдиет., А.Б.Солтанов

Жалпы қорытынды: Оқулық оқушының жас ерекшелігіне сәйкес әзірленген. «Ізден! Анықта! Ойталқы» айдарымен оқушылардың

қызығушылығын арттыратын тапсырмалар берілген. Бөлімдер арасында бірізділік сақталған. Оқушы ойын шоғырландыратын оқиғаларды сипаттап тұрған тұлға суреттері, тірек сөздер жиынтығы оқушыны ізденіске жетелейді. Тарихи деректер кезең-кезеңімен түсіндірілген. Әдістемелік нұсқаулық көмекші құрал ретінде пайдалануға тиімді. Оқулық оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген. Тақырыпқа арналған қосымша метриалдар берілген.

Ескертпелер. Оқулықта:

- түсіндіру мәтіні берілмеген;
- бөлімдер бойынша оқу материалы көлемінің оңтайлылығы ескерілмеген;
- оқу материалын мазмұндау логикасы сақталмаған;
- оқулық ғылыми тілде жазылған, оқушылардың қабылдауына қиындық туғызады;
- деңгейлік, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар берілмеген.

Ұсыныстар:

- қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар, тестілер оңтайландырылса;
- жұмыс дәптері, CD диск, дидактикалық материалмен қамтамасыз ету ұсынылса.

3. «Қазақстан тарихы» оқулығы (XX ғ.басы- 1945 жылдар)

9 (8) –сынып, «Мектеп» баспасы

Авторлары: Қ. Өскембаев, З. Сақтағанова., Л. Зуева., Ғ. Мұхтарұлы

Жалпы қорытынды: Оқулық оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген. Термин сөздер, суреттер, тапсырмалар жүйелі берілген. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Тақырыптың соңында жаңа сөздерге анықтама берілген. Маңызды оқиғалардың хронологиялық көрсеткіштері көрсетілген. Иллюстрация оқулық мәтініне сәйкес келеді, деңгейлік, зерттеушілік тапсырмалар, мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық берілген. Қосымша ресурстарды пайдалану үшін сілтемелер көрсетілген. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша тірек сөздер көрсетіліп, анықтамалар берілген.

Ескертпелер:

- оқулықта грамматикалық қателіктер көптеп кездеске;
- АКТ-құзыреттілігін қалыптастыруға арналған тапсырмалар берілмеген;
- Оқу-әдістемелік кешені толық берілмеген, яғни CD-дискілер, жұмыс дәптері, дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілмеген;

Ұсыныстар:

- қосымша тапсырмалар кіріктіріп берілсе;
- тірек сызба, кесте бойынша берілетін тапсырмалардың саны көбейтілсе;
- иллюстрациялар тақырыпқа сәйкес анық берілсе;
- CD-дискілермен қамтамасыз етілсе;

- жұмыс дәптеріне әр тақырып бойынша қысқаша тест тапсырмаларын енгізу ұсынылады.

4. «Қазақстан тарихы» оқулығы (1945 жылдан бүгінгі күнге дейін) 9-сынып, Мектеп баспасы

Авторлары: Қ. Өскембаев, З. Сақтағанова., Ғ. Мұхтарұлы

Жалпы қорытынды. Оқулық үлгілік оқу бағдарламасына, оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес жасалған. Оқу материалының көлемі бөлімдер бойынша оңтайлы берілген. Деңгейлік, зерттеушілік тапсырмалар бар. Иллюстрациялық материалдар мәтінге сәйкес келеді.

Ескертпелер:

- CD-дискілер, жұмыс дәптері, дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілмеген;

- үй тапсырмасын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар ескерілмеген.

Ұсыныстар:

- оқулық оқу-әдістемелік құралдармын толық қамтамасыз етілсе;

- қосымша тапсырмалар көптеп ұсынылса.

«Дүниежүзі тарихы», 9-сынып

Апробацияға 8-9-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәні оқулығы 1 баспадан ұсынылды (59-кесте).

59-кесте

№	Оқулықтың атауы	Авторлары	сынып	Баспасы
1	Дүниежүзі тарихы	Н. Алдабек., К. Мақашева., Қ. Байзақова	9(8)-сынып 1-бөлім 9-сынып 2-бөлім	Мектеп

1. «Дүниежүзі тарихы» оқулығы 9-сынып, «Мектеп» баспасы

Авторлары: Н. Алдабек., К. Мақашева., Қ. Байзақова

Жалпы қорытынды. Оқулық оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған. Оқу материалы оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Оқулық 34 сағатқа негізделіп әзірленген. Оқу әдістемелік кешендерден тек әдістемелік нұсқау ғана берілген. Әлем тарихының өркениет ошақтары орналасқан – Еуразия, Америка, Азия, Африканың тарихи, экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени дамуының негізгі процестері қамтылған. Екі бөлімнен тұратын оқулықта ХХ ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі тарихи

мәселелер жайлы терең мағлұмат берілген. Сабақтар бойынша ұсынылған оқу мақсаттары пәннің негізгі тақырыптық сұрақтары, терминдерге шолу, негізгі түсініктер мен тарихи даталардың тізімі мұғалімге, оқушылардың тарихи ойлау және талдаудың базалық дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Оқулықта термин сөздерге анықтама толық берілген. Иллюстрация оқулық мазмұнының мәтініне, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Оқулық әдістемелік нұсқаулықпен қамтылған.

Ескертпелер:

- оқулықта глоссарий, деңгейлік-зерттеушілік тапсырмалар берілмеген;
- кейбір термин сөздерге анықтама берілмеген;
- оқу әдістемелік кешенмен толық қамтамасыз етілмеген, CD-диск, жұмыс дәптері, дидактикалық материалдар берілмеген;
- тақырыпқа сәйкес карталар ескерілмеген;
- ОӘК берілгенмен оқу жетістіктерін бағалау, қосымша ресурстарды пайдалану, үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген, оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес келмейді.

Ұсыныстар:

- оқулықта термин сөздерге түсініктеме беру толық қамтамасыз етілсе;
- кесте түрінде, сызба түрінде тапсырмалар көбейтілсе;
- қосымша тірек сызбалар мен тест сұрақтары енгізілсе;
- оқулықпен бірге ОӘК, жұмыс дәптерімен, CD-дискпен қамтамасыз етілсе;
- тақырыптық карталар көбейтілсе;
- оқушыларға арналған әр тақырыптарға байланысты тапсырмалар кіріктірілсе;
- оқулықтың сыртқы мұқабасы қалыңдау етіліп қайта өңделсе;
- сұрақ түрлерінің деңгейлері анықталса, түсінікті түрде берілсе;
- оқулықтың иллюстрациялық бейнеленуі мен көркемделуі жетілдірілсе;
- әр тараудан соң оқушылардың білімдерін өздігінен бекітетін тест тапсырмаларын енгізу ұсынылады.

«Құқық негіздері», 9-сынып

Апробацияға 9-сыныпқа арналған «Құқық негіздері» пәні оқулығы 1 баспадан ұсынылды (60-кесте).

60-кесте

№	Оқулықтың атауы	Авторлары	Сынып	Баспасы
1	Құқық негіздері	А.С.Ибраева, С.Б. Гончарев	9-сынып	Мектеп

1. «Құқық негіздері» оқулығы 9-сынып , Мектеп баспасы

Авторлары: А.С.Ибраева, С.Б. Гончарев

Жалпы қорытынды. Оқулық оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген. Оқулықта білім алушыларды құқықтық сауаттылыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеуде, құқықтық білім беруге, қажетті мәліметтер енгізілген. Сонымен қатар, құқықтық категориялар мен азаматтардың құқықтары, міндеттерін, оны іске асыру кепілдіктері және құқықтық институт, мемлекеттік аппараттың құрылымы туралы материалдар берілген.

Сауалнама барысында мұғалімдердің көпшілігі оқулықтың оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келмейтіндігін, ғылыми тілде жазылғандығын атап көрсетті. Дегенмен, оқулыққа жеке, жұптық, топтық тапсырмалар, глоссарий, бақылау сұрақтары, ситуациялық сұрақтар т. б. енгізілген.

Ескертпелер:

- тапсырмалар біртекті, көбіне ауызша, әрі пікірталасқа құрылған;
- берілген суреттер ұлттық құндылықтарға сәйкес келмейді;
- кейбір сөздердің қазақша аудармасы дұрыс берілмеген мысалы, еркіндік (29-бет), еңбек таласы (78-бет), еңбек келісімі (81-бет), және т.б.;
- сабақ тақырыптары ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес келмейді;
- әдістемелік нұсқаулық тек қысқа мерзімді жоспармен шектелген, ешбір сілтемесіз тек тезис ретінде жазылған;
- тапсырмалар күрделі оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келмейді;
- бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемі оңтайлылы құрылмаған;
- оқу материалы, тапсырмалар білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейді;
- оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығын сақтау), ғылыми және қолжетімділік принциптері сақталмаған;
- мазмұнының, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттарымен байланысы қамтамасыз етілмеген;
- деңгейлік зерттеушілік тапсырмалар, АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру тапсырмалары оқу материалына сәйкес келмейді;
- әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, CD-диск, дидактикалық материалдар қамтылмаған;
- қосымша ресурстарды пайдалану, үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген.

Ұсыныстар:

- баспалар оқу-әдістемелік кешендермен толық қамтамасыз етсе;
- әр тараудан кейін оқушылардың білімдерін өздігінен бекітетін тест тапсырмалары берілсе;
- оқу материалын әзірлеуде оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілсе;
- тірек сызбалармен қамтамасыз ету ұсынылады.

Көркем еңбек, 9-сынып

Апробацияға 9-сыныпқа арналған «Көркем еңбек» пәні оқулығы 1 баспадан ұсынылды (61-кесте).

61-кесте

№	Оқулық атауы	Авторы(лары)	Баспа
1	Көркем еңбек (ер балаларға арналған)	В.Г. Чукалин, Н.К. Тулеуов, Х.К.Танбаев	Келешек - 2030
	Көркем еңбек (қыз балаларға арналған)	Р.Ш.Алимсаева, Е.Е.Велькер	
2	Көркем еңбек (ер балаларға арналған)	Е.Ермилова, Н.Адамқұлов, И.Товченик	Мектеп
	Көркем еңбек (қыз балаларға арналған)	Е.В.Ермилова, С.В.Попкова	

1. Көркем еңбек

(ер балаларға арналған). Оқыту тілі: қазақша

Авторлары: В.Г. Чукалин, Н.К. Тулеуов, Х.К.Танбаев

Жалпы қорытынды. Оқулық жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген.

Оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттер ойдағыдай қамтылған.

Оқулық мазмұныныңда оқушылардың жас ерекшелігі ескерілген.

Оқулықта практикалық жұмысқа арналған дайын эскиздер берілген.

Оқушыларға арналған қауіпсіздік ережелері ескерілген.

Оқушыларға өзіндік жұмыстарға арналған жаттығулар, соңында қосымша сөздіктер берілген.

Оқулықтың үш бөліміне ескертпелер:

1. Сәндік қоланбалы өнер тақырыптары оқушылар үшін қызықты болғанымен, жұмыс реттілігі, технологиялық карта, қолданатын материалдар мен құрал жабдықтар толық емес.

2. Дизайн және технология бөлімінде суреттер көп. Кейбір тақырыптар оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келмейді және оқушылардың денсаулығына зиян туғызатын жұмыстар берілген.

3. Үй мәдениеті бөлімінде бағдарламаға сәйкес келетін тақырыптар берілмеген. Тек иллюстрациялар ғана берілген.

Ұсыныс: тапсырмалар түрлендіріліп берілсе.

Көркем еңбек (қыз балаларға арналған).

Оқыту тілі: қазақша

Авторлары: Р.Ш.Алимсаева, Е.Е.Велькер

Жалпы қорытынды. Оқулық жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген.

Оқу материалын іріктеуде оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілген.

Графикалық және иллюстрациялық мәтіндер үйлесімді оқушының жас ерекшелігіне сәйкес келеді.

Оқушылардың логикалық қабілетін, шығармашылығын дамытуға арналған сұрақтар мен тапсырмалар жүйелі құрылған.

Практикалық бағыттағы тапсырмалар жүйелі берілген.

ОӘК оқулыққа сәйкес әзірленген.

Көркем еңбек (ер балаларға арналған). Оқыту тілі: қазақша

Авторлары: Е.Ермилова, Н.Адамқұлов, И.Товченик

Жалпы қорытынды. Көркем еңбек оқулығындағы тапсырмалар қолжетімді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын қызықты тапсырмалар берілген. Оқушылардың топпен, жұппен және жеке жұмыс жасауға арналған тапсырмалар қарастырылған. Оқулықта практикалық бағыттағы тапсырмалар орынды, түсінікті қарастырылған.

Ескертулер:

- оқулықтың сыртқы мұқабасы басқа оқулықтарға қарағанда өте жұқа, тез жыртылады;

- кілемдердің жіктелуі суреттермен (3-сурет а, ә, б, в) расталмаған;

- «Дизайн және технология» бөлімінде (61-67 беттер) жүйелілік және реттілік сақталмаған;

- орта білім беру мектептерінде (әр тақырыпқа) жаңартылған оқу бағдарламасына қойылатын үштілділік талабы қарастырылмаған;

- ғаламтор дереккөздерінің тізімі берілмеген;

- оқулық әдістемелік нұсқаулықпен қамтылмаған;

- грамматикалық кателер кездеседі. Тапсырмаларды орындауға қажетті материалдар жоқ.

Ұсыныс:

- оқулық ұлттық қолөнер бұйымдарымен, мағлұматтармен толықтырылса;

- әдістемелік нұсқаулықпен қамтылса;

- оқулықтағы тақырыптарға дидактикалық материалдар, көрнекіліктер қосымша шығарылса.

«Абайтану», 9-сынып

9 сыныпқа арналған «Абайтану» оқулығын апробацияға екі баспа «Әл-Наир» және «Арман-ПВ» баспасы ұсынған (62-кесте).

62-кесте. «Абайтану» оқулығы туралы мәлімет

№	Оқулықтың атауы	Автор(ы)лары	Баспа
1	Абайтану	Ж.М.Әубәкір, З.А.Құнафина	Әл-Наир
2	Абайтану	Р.Зайткенова	Арман-ПВ

1. «Абайтану», 9-сынып, «Әл-Наир» баспасы

Авторлары: Ж.М.Әубәкір, З.А.Құнафина

Жалпы тұжырымдар. «Абайтану» курсы бойынша берілген бөлімдердің оқу материалы жақсы таңдалып алынған. Қорытынды сабақ, сұрақ-жауап тапсырмалары, қосымшада – өмірдерек, қызықты деректер, Абай шежіресі – сызбалары нақты берілген.

«Абайтану» курсы бойынша әдістемелік құрал «Мұғалім кітабы» деп келді. Ол «Абайтану» курсының типтік оқу бағдарламасы, күнтізбелік жоспар, 5-тарау, қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі, қосымша, пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген. Бұл мұғалімге әдістемелік жағынан жақсы көмекші құрал бола алады.

Курс бойынша оқытылатын пәннің тақырыптары негізі жүйеленген. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулығы бар және көмекші материалдар ұсынылған.

9-сыныпқа арналған «Абайтану» курсы бойынша «Абайтану» оқулығы оқушылардың түсінуіне оңтайлы, жеңіл. Абайдың өлеңдерін, қара сөздерін зерттеу мен қатар оның баяндамаларында қарастырады. Қазақ жазба әдебиетін қалыптастырушы біртуар ақын жайлы жазушы ғалымдардың пікірлері берілген. Сонымен қатар Абайдың аудармалары негізгі түпнұсқасы берілген. Әр тараудың өзіндік тапсырмалары мен тест сұрақтары бар. Абайтану оқулығының мазмұны Мемлекеттік стандарт пен білім беру бағдарламасына сай жасалған. Оқулық мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, ойлау мен сөйлеу әрекетін дамытуға оңтайландырып жазылған. Оқулықта зерттеу жұмысына да көп көңіл бөлінген. Жоба дайындау, әдеби эссе жазу, салыстыру, сыни пікір жазу, бағалау сияқты тапсырмалар ұсынылған. Оқулық мазмұны оқушылардың танымдық қабілетін арттыруға негізделіп жасалған. Бөлім соңында тест тапсырмалары ұсынылған. Оқулық мазмұны қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын жан-жақты таныту мақсатына қызмет атқарып келеді.

Оқулықтардың құрылымына сәйкестігі, оқулық бөлімдері, тақырыптары жақсы ашылған. Оқулықтың безендірілуі, қойылған сұрақтар мен тапсырмалар көңілге қонымды. Оқулық тақырыптары 5 тарауларға бөлінген. Тақырыптар

жақсы таңдалған және ғылыми тұрғыдан ашылуы талапқа сай. Оқушылардың жас ерекшелігі ескерілген.

Әдістемелік құралда бағдарламаға сай 5-тарау бойынша жекелей түсінік берілген. Әр тараудың инновациялық технологиясы бойынша әдістер ұсынылған. Сондай-ақ, оқушының дағдыларын дамыту жолында тапсырмалар түрлері түрлендіріп берілген. Жеке тақырыптар бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгілері ұтымды ұсынылған.

Оқулықта «Абайтану» курсы бойынша оқылатын пәннің тақырыптық негізі жүйеленген және оқытудың негізгі бағыты – оқушыларды қазақтың Ұлы ақыны А.Құнанбаевтың шығармашылығы жан-жақты таныстырылған.

Оқушының танымдығын дамыту жолында тапсырмалар түрлендіріп берілген.

Оқулық пен ОӘК құралдары талапқа сай.

Жеке тақырыптар бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгілері ұтымды ұсынылған.

Ескертпелер:

- оқулық құрылымы мен мазмұнында түсіндіру мәтіні, иллюстрациясы, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, глоссарий берілмеген.

- оқу материалын мазмұндау логикасында ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау, мазмұнының, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттарымен байланысын қамтамасыз етілмеген.

- тапсырмалардың оқу материалына сәйкестігінде деңгейлік, тәжірибеге бағытталуы, зерттеушілік, эксперименттік тапсырмалар және АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру оқу материалдарында берілмеген.

- иллюстрациялық материалдарда мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы, эстетикалық талаптарға сәйкестігі және иллюстрациялар көлемінің оңтайлылығы қарастырылмаған.

ОӘК болуы және мазмұны бойынша ұсыныстар берілмеген: Оқу жетістіктерін бағалау бойынша; қосымша ресурстарды пайдалану бойынша; үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік тапсырмалар берілмеген.

- әдістемелік нұсқаулық, тыңдалым дағдысы берілмеген.

- «Абайтану» оқулығында деңгейлік тапсырмалар аз қамтылған.

Суреттер өте аз және сапасы төмен.

- мұғалім кітабы бар. Әлі де толықтыруды қажет етеді. CD-дискісі жоқ.

- қосымшада мәліметтер – мұрағаттағы мәліметтердің көлемі өте аз және кішірек, оны оқу мүмкін емес.

Ұсыныстар:

- «Абайтану» оқулығының безендірілуі мен көркемделуі көзге тартымсыз. Сондықтан да қосымша сабақ жоспарлары берілсе.

- иллюстрациялық материалдар түрлі-түсті берілсе;

- оқулық ақпаратпен шектелмесе;

- тапсырмалар оқушы деңгейіне сай құрылса;

- ізденіс, зерттеу жұмыстарына көп көңіл бөлінсе;

- сілтемелер көрсетілсе;

- әдістемелік нұсқаулықта оқу жетістіктерін бағалау бойынша ұсыныстар мен деңгейлік тапсырмалар болса;
- зерттеушілік, эксперименттік, АКТ құзыреттілігін қалыптастыру жаттығулары берілсе.

2. «Абайтану», 9-сынып, «Арман-ПВ» баспасы

Авторлары: Р.Зайткенова

Жалпы тұжырымдар. Тілі бірде күрделі, кей тұстарда өте қарапайым. Тапсырмалар біртекті, көбіне ауызша, әрі пікірталасқа құрылған. Берілген суреттер ұлттық құндылықты танытпайды. Оқулық жақсы жазылған. Бірақ, әлі де пысықтап өңдеу қажет. Мәтіндері түсінікті, жеңілдеу тілде жазылған.

Ескертулер: Бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы, білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне оқу материалының сәйкес келуі; оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығын сақтау); ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау; мазмұнының, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттарымен байланысымен қамтамасыз ету сәйкес емес. Грамматикалық қателер кездеседі.

Деңгейлік, эксперименттік тапсырмалар, зерттеушілік, АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру тапсырмалары оқу материалына сәйкес келмейді. Иллюстрациялық материалдар берілмеген.

Әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, CD-диск, дидактикалық материалдар, диктанттар мен мазмұндамалармен қамтылмаған.

Қосымша ресурстарды пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген;

Үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген; сұрақтар, тапсырмалар, есептер, мәтіндерді таңдауда қателер кездеседі.

Ұсыныстар: Анықтамалар анық, нақты берілсе және көп қамтылса;

- ОӘК-мен толық қамтылса;
- әр тақырып бойынша тақырып соңында 3-4 сұрақтың тест тапсырмасы берілсе;
- оқушы сауаттылығын арттыратын мәліметтер көптеп берілсе;
- жұмыс дәптері берілсе;
- әр сабаққа дайын тапсырмалар берілсе;
- электронды нұсқасы болса;
- ТЖБ, БЖБ материалдарын оқушыларға таратудың басқа нұсқасы болса;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тапсырмаларын жеңілдетсе;
- әр тараудан соң оқушылардың білімдерін өздігінен бекітетін тест тапсырмалары болу керек.

«Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша оқулықтар мен ОӘК, 9-сынып

«Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша 9-сыныпқа арналған оқулықтары мен ОӘК-нің апробациясына бес баспа қатысты (63-кесте).

63-кесте – Баспалар тізімі

№	Оқулық атауы	Автор(лар)ы	Баспасы
1	Think for Kazakhstan	Herbert Puchta, Jeff Stranks, Peter Lewis-Jones	Cambridge University Press
2	Laser B1+ for Kazakhstan	Malcolm Mann, Steve Taylore-Knowles	Macmillan Education
3	Full Blast for Kazakhstan	H.Q.Mitchell, Marileni Malkogiana	MM Publications
4	English Plus	Ben Wetz, Diana Pye	Oxford University Press
5	Excel for Kazakhstan	Jenny Dooley, Bob Obee	Express Publishing

Апробация қорытындысы бойынша пән мұғалімдері оқулықтың оңтайлы және назар аударуды қажет ететін тұстары мен жақтарын атап көрсетіп, сондай-ақ өз ұсыныстарын берді.

Оқулықтар баспа бойынша қарастырылды. «Ағылшын тілі» пәні бойынша оқулықтардың атаулары әртүрлі.

1. Think for Kazakhstan, 9-сынып, «Cambridge University Press» баспасы

Авторлары: Herbert Puchta, Jeff Stranks, Peter Lewis-Jones.

Жалпы қорытынды. Оқулық 9-сынып білім алушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Тоғыз бөлімге бөлінген, оқу материалдарының көлемі оңтайлы. Білім алушыларға түсінікті жазылған. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытатын тапсырмалар қарастырылған. Сабақты қорытындылайтын жаттығулар, әр бөлім соңында тесттік тапсырмалар берілген. Грамматикалық ережелер, тапсырмалар жеткілікті. Грамматикалық қателер кездеспейді. Иллюстрациялық материал эстетикалық талапқа сай, бояуы қанық және анық. Оқулықтың сапасы жоғары, қолдануға ыңғайлы.

Ескерту: 9-сынып білім алушылары үшін қиын тапсырмалар кездеседі. Оқу мақсаттарына қол жеткізетіндей тапсырмалар, деңгейлік тапсырмалар жеткіліксіз. Жаңа тақырыпты ашу мақсатында ешбір тарау бойынша болжам сұрақтар берілмеген. Грамматикалық тапсырмаларға түсіндірме, білім алушының оқу жетістігін бағалауға арналған қорытынды тапсырмалар берілмеген. Оқулық мұқабасындағы иллюстрацияның, музыка тарауы тәрбиелік

мағынаға ие емес. Кейбір иллюстрациялық, көрнекі материалдардың көлемі ауқымды. Қазақстандық компонент аз көрініс тапқан. Ұлттық құндылықтарды Еуропамен салыстыра түсіндірген дұрыс болар еді.

Ұсыныстар: Әрбір тапсырмаға оқу мақсаттарының кодын жазу.

ОӘК мұғалімге арналған кітапта қосымша материалдар, әдіс-тәсілдер берілген. Әрбір тарау бойынша қосымша жаттығулар қарастырылған. Мұғалімге қолдануға қолайлы. Жұмыс дәптері оқулық тақырыптарына сәйкес құрастырылған.

Ескерту: тыңдалымға арналған диск берілмеген.

Ұсыныстар: оқулықтардағы тақырыптарға байланысты дидактикалық материалдар беру. *ОӘК* толықтыру.

ОӘК-де мұғалімге арналған нақты мәліметтер қосу. Жиынтық және қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағын CD-диск түрінде қоса беру. Зерттеуге арналған жоба жұмыстары, АКТ-құзыреттілігін дамытатын тапсырмалар беру. Дидактикалық, таратпа материалдар, диктанттар мен мазмұндамалар жинағымен толықтыру. Оқулық пен жұмыс дәптерінің тапсырмаларын жүйелеу, жеңілдету.

2. Laser B1+for Kazakhstan , 9-сынып, «Macmillan Education» баспасы

Авторлары: Malcolm Mann, Steve Taylore-Knowles

Жалпы қорытынды. Оқулық 9-сынып білім алушыларының психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Тоғыз бөлімге бөлінген. Бөлімдер бойынша оқу материалдары жеткілікті, көлемі оңтайлы. Тақырыптар бірізділігі сақталған. Елтану материалдары білім алушылардың танымдық қабілеттерін арттыруға бағытталған. Бөлімдер сабақтастығы оңтайлы сақталған. Әр бөлім бойынша тақырып мазмұнын ашатын глоссарий берілген және оқушының қосымша мәлімет алуы үшін ресурстарды пайдалану ұсынылады. Оқулық соңында хат, эссе жазу үлгілері келтірілген. Барлық төрт дағдыға тапсырмалар бар. Грамматикалық ережелермен бірге жаттығулардың берілуі оқушының тапсырманы орындауына өте қолайлы. Грамматикалық тапсырмаларға түсіндірме берілген. Иллюстрациялық материалдар эстетикалық талаптарға сәйкес келеді. Жаңа сөздер бойынша жеке тапсырмалар да берілген. сөздік қорын кеңейту мақсатында әрбір сабақ тақырып бойынша суретпен берілген. Оқулық мазмұнында Қазақстандық компонент көрініс тапқан. Қателер жоқ. Оқулықтың материалы сапалы.

Ескерту: Оқулықтың деңгейі B1+. Лексикалық материал көп және күрделі берілген. Деңгейлік және бөлімді қорытындылауға арналған тапсырмалар берілмеген. Жазулардың қарпі өте ұсақ.

Ұсыныстар: грамматикалық тапсырмалардың көлемін қысқарту.

ОӘК үй тапсырмаларын орындау бойынша ұсыныстар келтірілген. Оқушыға арналған кітаптағы, жұмыс дәптеріндегі иллюстрациялық материалдар білім алушының жас ерекшелігіне сай. Тапсырмалар жеңіл.

Берілген модульдер бойынша тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларына сай жұмыс дәптерлеріне тапсырмалар саралап берілген. Тыңдалымға берілген тапсырмаларды орындау үшін CD-диск қоса берілген. Оқу жетістіктерін бағалау бойынша практикалық ұсыныстар мен сілтемелер жеткілікті.

Ескерту: оқушы қызығарлықтай тақырыптардың құрамы, мәтіндер, мысалдар өте аз.

Ұсыныстар: Қосымша ретінде ағылшын жазушыларының шығармаларынан үзінділер немесе қысқаша әңгімелер мен ертегілер кітапша ретінде берілсе;

- ОӘКі дидактикалық материалдар және диктанттар жинағымен, тест жинағымен толықтырылса.

3. Full Blast for Kazakhstan, 9-сынып, «MM Publications» баспасы

Авторлары: H.Q.Mitchell, Marileni Malkogiana

Жалпы қорытынды. Оқулық оқу бағдарламасына сәйкес құрылған. Төрт бөлім, тоғыз тарауға бөлінген. Мазмұны қызықты, грамматикалық тақырыптар логикалық бірізділікпен баяндалған. Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша тапсырмалар, ресурстар берілген. Оқу бағдарламасына сай келетін ортақ тақырыптар бар. Грамматикалық тапсырмалар жеткілікті. Ұлттық құндылықтар сақталған. Әр бөлім соңында тест тапсырмалары берілген. CLIL тапсырмалары жүйелі құрылған. Зерттеушілік, дамытушылық және тәрбиелік сипаттағы тапсырмалардың сапалы жасалған.

Ескерту: 9-сынып білім алушылары үшін баяндау тілі мен тапсырмалары ауыр. Жалпы түсінік тілімен берілген тапсырмалар оқушыларда қиындық туғызады. Көлемі де ауқымды. Деңгейлік тапсырмалар аз. Қазақстандық компонент аз көрініс тапқан.

ОӘК-дегі кейбір мәтіндер 9-сынып білім алушысының жас ерекшелігіне сәйкес емес. Жұмыс дәптерлері тоқсан бойынша бөлінуі пайдалануға ыңғайлы.

Ескерту: грамматикалық тапсырмалар ауқымды берілген. Білім алушының қосымша материалдармен әрі қарай жұмыс жасауына аз мүмкіндік берілген.

Ұсыныстар: ОӘК-ні дидактикалық материалдармен, диктанттар және мазмұндамалар жинағымен, тыңдалым тапсырмаларына арналған дискпен толықтыру керек.

4. English Plus, 9-сынып, «Oxford University Press» баспасы

Авторлары: Ben Wetz, Diana Pye

Жалпы қорытынды. Оқулық 9-сынып білім алушыларының психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Тоғыз бөлім бойынша оқу материалдарының көлемі оңтайлы таңдалған. Тақырып бойынша оқу мақсаттарымен байланыс айқын байқалады. Тыңдалым, айтылым, оқылым,

жазылым дағдыларын дамытатын тапсырмалар, сыни ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар қарастырылған. Ұсынылған тапсырмалар деңгей бойынша құрастырылған. Әр тапсырмаға өзін-өзі бағалау жұмыстары келтірілген. Ағылшын тілі лексикасы мен грамматикасын игеруге арналған практикалық тапсырмалар жеткілікті. Тапсырмалар оқушылардың білімін, танымдық қабілеттерін дамытуға арналған. Тақырыптық мәтіндер қызықты, грамматикалық тапсырмалармен сауатты ұштастырылған, шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланысты алынған, CLIL материалдары оңтайлы берілген. оқулық көлемі оңтайлы. Әртүрлі жұмыс түрлері қарастырылған. Қателер кездеспейді.

Ескерту: деңгейлік және бөлімді қорытындылауға арналған тапсырмалар берілмеген. Тапсырмалар 9-сынып білім алушыларына қиындық туғызады. Грамматикалық тақырыптарға тапсырмалар өте көп берілген. Қазақстандық компонент көрініс таппаған. Оқулықтағы жазулардың қарпі өте ұсақ. Иллюстрациялық материалдар көз қызықтырарлық емес, көп орын алады.

ОӘК оқу бағдарламасына сай, мазмұнды. Тапсырмаларға түсіндірме берілген. Жұмыс дәптерінде тақырып бойынша тапсырмалар берілген. Үй тапсырмасын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар, қосымша ресурстарды пайдалану үшін сілтемелер келтірілген.

Мұғалімге арналған кітапта сабаққа дайындалуға қажетті барлық ақпарат бар. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға арналған бақылау жұмыстарымен қоса, сабақтағы әртүрлі жұмыс түрлеріне арналған қосымша көптеген дидактикалық материалдар берілген.

Ескерту: сөйлеу әрекетінің түрлеріне берілген тапсырмалар жүйесіз берілген. Кейбір тапсырмалар оқу мақсаттарына сәйкес келмейді. Шетел мәдениеті мен Еуропа өмір салтына баса назар аударылған.

Ұсыныстар:

- грамматикалық тапсырмалардың көлемі қысқартылса;
- ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар берілсе;
- тараудан соң бақылау тесттері берілсе;
- білім алушының қызығушылығын арттыратын материалдар, диктанттар берілсе;
- E-bookпен қамтылса.

5. Excel for Kazakhstan, 9-сынып, «Express Publishing» баспасы

Авторлары: Jenny Dooley, Bob Obee

Жалпы қорытынды. Оқулық 9-сынып білім алушыларының жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес құрылған. Оқулықтағы мәтіндер, тапсырмалар өзекті және шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланысты. Оқу материалын баяндау логикасы, тақырыптардың, бөлімдердің сабақтастығы сақталған, құрылымы талапқа сай. Оқу материалдарының көлемі оптималды. Оқулық мазмұнында қазақстандық компонент, ұлттық құндылықтар жақсы көрініс тапқан. Оқулық тәжірибеге бағытталған. Сөйлеу әрекетінің төрт түрі

бойынша тапсырмалар берілген. Бөлім соңында оқу жетістігін бақылауға арналған тапсырмалар бар. Әрбір тапсырмаға оқу мақсаттарының коды жазылған. Грамматикалық ережелер сол тарауда берілген және жаттығулар орындауға өте ыңғайлы. Иллюстрациялық материал бояуы қанық, көлемі оңтайлы, эстетикалық талаптарға және оқушының жас ерекшелігіне сәйкес келеді. Сын тұрғысынан ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар жеткілікті берілген. Меңгерілген теориялық білімін тексеру үшін бақылау сұрақтары және іскерлік дағдыны қалыптастыру үшін А, В, С деңгейлерінде жаттығулар берілген. Мұқабасы жылтыр, сапалы. Әр бөлім жаңа сөз, фразадан басталады, оқулық соңында сөздік берілген. Оқулық білім алушыларға қызықты.

Ескерту: тапсырмалардың көлемі ауқымды, әрі күрделі. Кейбір сөздердің қазақша аудармасында қателер кездеседі.

ОӘК оқулықтағы тақырыптарды толықтырады. Құрылымы жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес жасалған. ОӘК-нің барлық бөлімдерінде тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, және тілдің қолданылуы дағдыларына бағытталған тапсырмалар, білім алушы мен мұғалімге қажетті қосымша материалдар, іздеу және шығармашылық сипаттағы, функционалдық сауаттылықты және өзін-өзі пысықтауға арналған тапсырмалар берілген. Бөлім соңында оқушылардың тілге деген қызығушылықтарын арттыруға ықпал ететін әндер берілген. Әр қадам бойынша түсіндірме жасалып, үлгі мен жауаптары берілген. Бөлімдер бойынша сабақ құрылымын құруға арналған ұсыныстар бар. Қосымша ресурстарды пайдалануға ұсыныстар берілген. Грамматикалық және лексика-грамматикалық тапсырмалардың түрлері қарастырылған.

Ескерту: Бейнематериалдар толықэкранды режимде ашылмайды, бұл дегеніміз, білім алушылардың тамашалауына ыңғайсыздық тудырады.

Ұсыныстар: ОӘК-де мұғалімге арналған нақты мәліметтер қосылса;

- жиынтық және қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағын CD-диск түрінде қоса берілсе.

9-сыныпқа арналған «Өзін-өзі тану» оқу пәні бойынша оқулықтар мен ОӘК

«Өзін-өзі тану» оқу пәні бойынша 9-сыныпқа арналған оқулық мен ОӘК-нің апробациясына бір баспа қатысты (64-кесте).

64-кесте – Баспалар тізімі

№	Оқулық атауы	Автор(лар)ы	Баспасы
1	Өзін-өзі тану	Нұркеева С., Алиев Б.Ш., Бердібаева Р.Қ.	Бөбек

Апробация қорытындысы бойынша пән мұғалімдері оқулықтың оңтайлы және назар аударуды қажет ететін тұстары мен жақтарын атап көрсетіп, сондай-ақ өз ұсыныстарын берді.

1. Өзін-өзі тану, 9-сынып, «Бөбек» баспасы

Авторлары: Нұркеева С., Алиев Б.Ш., Бердібаева Р.Қ.

Жалпы қорытынды. Оқулық сәтті жазылған. Баланың пайдалануына қолайлы, түсі ашық. 9-сынып білім алушыларының жас ерекшеліктері ескерілген. Тақырыптар ашылған. Әр тақырыпқа сай тапсырмалар берілген. Оқулық мазмұны, тақырыптар, шығармашылық тапсырмалар бір-бірімен үйлесімді, күнделікті өмірде түрлі мәселелерді адамгершілік нормаға сәйкес шешуге бағыттайды. Әр тақырыпта қазақтың ұлттық тұлғаларын дәріптеу мақсатында көптеген нақыл сөздер мен мәтіндер берілген.

Ескерту: деңгейлік, практикаға бағытталған, зерттеушілік, эксперименттік, АКТ-құзыреттілікті қалыптастырылатын тапсырмалар берілмеген. Оқулық материалымен жұмыс түрлері әрбір оқушының ұғынуына ықпал етпеуін қарастырылған. Оқулықта берілген аңыз-әңгімелер, мәтіндер төменгі сыныптардағы оқулықтарда да бар, яғни қайталанатын.

ОӘК. Мұғалімге арналған әдістемелік құрал – өте тиімді көмекші. Сабаққа қажетті қосымша материалдар мен сабақ өткізудің барлық жағдайы қарастырылған.

Ескерту: Оқу жетістіктерін бағалау, қосымша ресурстарды пайдалану, үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген.

2 ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША 10-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОӘК-ІН АПРОБАЦИЯЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ТАЛДАУЫ


«Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығы негізінде республиканың 28 пилоттық мектебінің 10-сыныптарында оқулықтар мен ОӘК-нің апробациясы өткізілді (65-кесте).

65-кесте – 10-сынып оқулықтары бойынша апробация жүргізілген пилоттық мектептер саны

№	Мектептің атауы	Оқыту тілі	Мектептің типі	Аймақ	Қала/ауыл	Мектептің мекен-жайы
1	С.Сейфуллин атындағы № 5 көпсалалы мектеп-лицей	қазақша	МЛ	Ақмола облысы	қала	Степногор қаласы, 4-ықшам аудан, 46-шы ғимарат
2	Никольск орта мектебі	қазақша/орысша	ШЖМ		ауыл	Буланды ауданы Никольск ауылы, Школьная көшесі, 17
3	№ 9 мектеп гимназиясы	орысша	МГ	Ақтөбе облысы	қала	Ақтөбе қаласы, Шайкенов атындағы көше, 15
4	Новая орта мектебі	қазақша/орысша	ОМ		ауыл	Ақтөбе қаласы, Жанақоныс шағынауданы, 13 А учаскесі
5	Ш.Уәлиханов атындағы № 10 орта мектеп гимназиясы	қазақша/орысша	МГ	Алматы облысы	қала	Талдықорған қаласы, Жетісу ықшам ауданы, 15
6	№17 орта мектеп	орысша	ОМ	Атырау облысы	қала	Атырау қаласы, Бауыржан Момышулы атындағы көше, 31
7	Ж.Мырзағалиев атындағы орта мектеп	қазақша	ОМ		ауыл	Исатай ауданы, Тұшықұдық кенті, Х.Дайыров

						атындағы көше, 36
8	№ 39 орта мектеп	орысша	ОМ	Шығыс-Казakhstan облысы	қала	Өскемен қаласы, Орджоникидзе көшесі, 12 /А
9	Абай атындағы мектеп кешені	қазақша	ШЖМ		ауыл	Көкпекті ауданы, Үлгілімалшы ауылы, Көкжал-Барак көшесі, 42
10	А.С. Пушкин атындағы № 41 мектеп-гимназиясы	орысша	МГ	Жамбыл облысы	қала	Тараз қаласы, 9-ықшам аудан, Мыңбұлақ
11	№ 1 мектеп лицейі	қазақша/ орысша	МЛ		ауыл	Рысқұлов ауданы, Құлдан ауылы, Жібек-Жолы көшесі, 81
12	М.Ықсанов атындағы № 36 орта мектеп	қазақша	ОМ	Батыс-Казakhstan облысы	қала	Орал қаласы, Еуразия даңғылы, 87
13	Шаған орта мектебі	қазақша/ орысша	ОМ		ауыл	Теректі ауданы, «Новая жизнь» кенті, Школьная көшесі, 1
14	№ 3 мектеп-гимназия	қазақша/ орысша	МГ	Қарағанды облысы	қала	Қарағанды қаласы, Бейбітшілік алаңы, 25
15	№ 2 орта мектеп	қазақша	ОМ		ауыл	Нұра ауданы, Киевка кенті, Талжанов атындағы көше, 12.
16	№ 31 мектеп-гимназия	орысша	МГ	Қызылорда облысы	ауыл	Жалағаш кенті, Қазыбек би атындағы көше, 36
17	№2 «Мұрагер» орта мектебі	қазақша/ орысша	ОМ		қала	Қызылорда қаласы, Түркістан көшесі, 54
18	Свердлов орта мектебі	орысша	ШЖМ		ауыл	Алтынсарин ауданы, Свердлов

				Қостанай облысы		ауылы, Целинная көшесі, 1
19	№ 10 орта мектеп	қазақша	ОМ		қала	Қостанай қаласы 7-ықшам аудан, 25/2 үй
20	М. Горький атындағы мектеп-гимназия	орысша	МГ	Маңғыстау облысы	ауыл	Түпқараған ауданы, Баутино ауылы, Күржіманұлы атындағы көше, 3А
21	№ 11 орта мектебі	қазақша	ОМ		қала	Ақтау қаласы, 9-ықшам аудан, 27 үй
22	№ 39 мектеп-гимназия	орысша	МГ	Павлодар облысы	қала	Павлодар қаласы, М.Горький атындағы көше, 33
23	№ 1 орта мектеп	қазақша	ОМ		ауыл	Баянауыл ауданы, Майқайың ауылы, Жамбыл атындағы көше, 74/А үй
24	Сартомар орта мектебі	қазақша	ШЖМ	Солтүстік Қазақстан облысы	ауыл	М.Жұмабаев ауданы, Сартомар ауылы, Школьная көшесі, 13
25	Созақ мектеп- гимназиясы	қазақша	МГ	Түркістан облысы	ауыл	Созақ ауданы, Созақ кенті, Матенбаев көшесі, 31А
26	М. Жұмабаев атындағы № 15 мектеп-гимназия	қазақша/ орысша	МГ		қала	Түркістан қаласы, Қожанов көшесі, №31
27	№69 мектеп-гимназия	қазақша/ орысша	МГ	Астана қаласы	қала	Ильинка тұрғын кенті, Исатай батыр атындағы көше, 141
28	№ 15 мектеп-гимназия	қазақша/ орысша	МГ	Алматы қаласы	қала	Гоголя көшесі, 133




100.1-сурет – Оқыту тіліне қатысты мектептер саны



100.2-сурет – Қала және ауылға байланысты мектептер саны

Мұғалім үшін оқулықты апробациядан өткізу білім саласында өзі үшін де, оқушы үшін де алға басқан қадамның бірі болып саналады. Апробацияға қатыса отырып, педагог оқулықтың баспагерлері мен авторларының жауапкершілігін бөлісе отырып, білім беру процесінде өзіндік рөлін де сезінеді.

Оқыту тілі мен бағыттары бойынша апробацияға қатысқан сыныптар санының 101.1-суреттен көруге болады.




101.1-сурет. Өңірлер бөлінісінде апробацияға қатысқан 10-сыныптар саны

Диаграммада көрсетілгендей пилотқа 29 мектептен 74 сынып қатысты. Бағыттар бойынша: оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық

бағыт бойынша 7-сыныптар - 9%, оқыту орыс тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағытта 7-сыныптар - 9%, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша - 32 сынып - 43%, оқыту орыс тілінде жүргізілетін - 28 сынып - 37%-ды құрады. Талдаудан, сыныптарды бөлу біркелкі емес. Қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы 14 сыныптарды апробациялауда аз қамтылған, бұл жалпы сыныптардың 19% - ын құрайды.

Талдаудан сыныптардың біркелкі бөлінбегенін көруге болады. Өйткені оқулық пен ОӘЖ апробациялауда қоғамдық гуманитарлық бағыт аз қамтылған, яғни 14 сынып бұл жалпы сыныптардың 19% - ын құрады (101.2-сурет).




101.2-сурет – Бағыттар бойынша оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептер мен 10-сыныптардың саны.

Апробацияға орыс тілінде оқытатын 8 мектеп қатысты. Бұл қатысқан мектептердің жалпы санының - 28%-ын құрайды. Аталған мектептерден барлығы - 21 сынып қатысқан, оның ішінде - 15-і жаратылыстану-

математикалық бағыттағы, ал - б-ы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптар болып табылады.

Диаграммада көрсетілгендей бағыттар бойынша оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптардың біркелкі бөлінбегені байқалады. ҚГБ бойынша сыныптар - 28,5 %-ды және ЖМБ бойынша сыныптар - 71,4%-ды құрайтынын көруге болады.

Тек ЖМБ бойынша оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептер Никольск орта мектебі, Атырау қаласындағы №17 мектеп-лицей, Өскемен қаласындағы №39 орта мектеп, Свердлов орта мектебі, Павлодар қаласындағы инновациялық үлгідегі гимназия сыныптары бар №39 орта мектептер. Сонымен қатар аралас мектептер болды (101-сурет).




102-сурет – Бағыттар бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10-сыныптар саны

Пилотқа оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10 мектеп қатысты, бұл - 35%-ды құрады. Оқулықтарды апробациялау 19 сыныпта жүргізілді, ол жаратылыстану-математикалық бағыттағы 16 сынып және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 3 сыныпты қамтыды.

Диаграммадан апробацияға қатысқан сыныптар санының аз екенін көруге болады, оның ішінде ең көп сынып саны - 3, ең аз қамтылғаны 1 сыныпты құрады (102-сурет).

Бағыттар бойынша оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін мектептер мен 10-сыныптар саны



103-сурет – Бағыттар бойынша оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін мектептер мен 10-сыныптар саны

10-сыныптың оқулықтары мен ОӘК апробациялауға оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін 10 аралас мектеп қатысты.

Диаграммада көрсетілгендей, пилотқа барлығы 35 сынып қатысты. Ол жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша оқыту орыс тілінде жүргізілетін 14 сынып және оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 16 сыныпты

құрады. Сонымен қатар, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша оқыту орыс тілінде жүргізілетін 1 сынып және оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 4 сынып қатысты.

Диаграммаға талдау жасай отырып, бағыттар бойынша сыныптардың біркелкі бөлінбегенін көруге болады. 35 сыныптың – 30 сыныбы ЖМБ бұл - 85%, ҚГБ бойынша 5 сынып -15%-ды құрады.


Апробацияға ең көп қатысқан сыныптар келесі мектептерді қамтыды: Қызылорда қаласындағы № 2 орта мектеп (дарынды балаларға арналған «Мұрагер» мектебінен-6 сынып), Түркістан қаласындағы М.Жұмабаев атындағы №15 мектеп-гимназиядан- 5 сынып (103-сурет).



104-сурет – Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық гуманитарлық бағыттағы сыныптар саны

Апробацияға оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 7 пилоттық мектептен 7 сынып қатысты (104-сурет).


Оқыту орыс тіліндегі қоғамдық-гуманитарлық бағыт



105-сурет – Оқыту орыс тілінде жүргізілетін қоғамдық гуманитарлық бағыттағы сыныптар саны

Еліміздің 5 өңірінен оқыту орыс тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы апробацияға 7 сынып қатысты. Апробацияға қатысқан сыныптардың саны жағынан ең көп - 3 сыныпты Ақтөбе қаласындағы №9 мектеп - гимназиясы құрады, қалған мектептерде тек 1 сыныптан ғана қамтылды (105-сурет).


Оқыту қазақ тіліндегі ЖМБ сыныптар саны



106-сурет – Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану - математикалық бағыттағы сыныптар саны

Апробацияға оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану - математикалық бағыттағы 19 мектептен 32 сынып қатысты. Апробацияға қатысқан сыныптардың ең көп санын Қызылорда қаласындағы №2 орта мектеп («Мұрагер» мектебі-4 сыныпты), Жамбыл облысы Рысқұлов ауданы Құлан ауылындағы №1 мектеп-лицей мен Ақтау қаласындағы №11 мамандандырылған физика-математика мектептері 3 сыныптан қамтылды (106-сурет).

Оқыту орыс тіліндегі ЖМБ сыныптар саны



107-сурет – Оқыту орыс тілінде жүргізілетін жаратылыстану - математикалық бағыттағы сыныптар саны

Апробацияға оқыту орыс тілінде жүргізілетін жаратылыстану - математикалық бағыттағы 17 мектептен 28 сынып қатысты (107-сурет).

Мұғалімдер туралы мағлұматтар

10-сынып (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептер)

66-кесте – Қазақ тілі

Қазақ тілі	Білімі		Еңбек өтілі:				Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			
							жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
	жоғары	Орта арнаулы	0-5 ж	6-10 жж	10-20жж	20-дан астам														
Мектеп	15		2	1	9	3	6	2				2			3	2		1	1	
Арман-ПВ	10			1	7	2	2	1	1	1		2	1	1	2		1		2	
Атамұра	12		4	4	3	1	4	1	3	1	3	1		3	2	4	1	3		
Барлығы	37		6	6	19	6	10	4	4	1	1	3	4	1	4	7	6	2	4	3

67-кесте – Қазақ әдебиеті

Қазақ әдебиеті	Білімі		Еңбек өтілі:				Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			
							жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
	жоғары	Орта арнаулы	1-5 ж	6-10 жж	11 жыл - одан 20дан астам															
Жазушы	8		2		1		2		1	2			1							
Мектеп	16	2		4	7	3	6	1	1	1			2		2	3	4		1	1
Арман-ПВ	14		2	2	6	4	5	1	3		1	3	3		3	4	5	1	3	
Атамұра	11		2	1	5	3	3	2		2			1			1		1	1	1
Барлығы	49	2	6	7	19	10	16	4	5	5	1	3	7		5	9	9	2	5	2

68-кесте – «Русский язык и литература»

Русский язык и литература	Білімі		Еңбек өтілі:				Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			
							жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог- модератор	Педагог- сарапшы	Педагог- зерттеуші	Педагог- шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
	жоғары	Орта арнаулы	1-5 ж	6-10 жж	10-20жж	20дан астам														
Көкжиек	11		1	2	4	4	4	3	2	3	1		2		3	2	4	4		3
Мектеп	17	2	4	2	6	5	5	1	1			1	2		1	3		1		2
Білім	12	1	2	3	5	2	4		2	1	1	2	2	1	4	4	5	1	3	
Арман-ПВ	14	1	1	4	4	4	4	2					1							
Сапалы білім	15		3	2	5	5	4	2	3		1	2	3	1	5	5	3	4	1	
Барлығы	68	4	1 1	1 3	2 4	20	21	8	8	4	3	5	10	2	12	14	12	10	4	5

69-кесте – Алгебра және анализ бастамалары

Алгебра	Білімі		Еңбек өтілі:				Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			
							жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
	жоғары	Орта арнаулы	1-5 ж	6-10 жж	10-20ж	20-дан астам														
Келешек-2030	10	1	3	4	2		3	1	1				2		1	4		1		2
Мектеп	15	2	2	3	5	4	5	1	3	1	1	3	2	2	4	4	2	1	3	
Арман-ПВ	14		3	2	6	3	2			1							2		2	
Атамұра	10	1	3	1	4	2	3	1	1	1			2	1	1	2		1		2
Алматыкітап	18	2	1	4	7	6	4	1	3		1	3	1		1	4	3	1	3	
Жазушы	14		3		6	5	2				1			1	2	2				
Барлығы	81	6	15	14	27	20	19	4	8	3	3	5	7	4	9	16	7	4	8	4

70-кесте – Геометрия

Геометрия	Білімі		Еңбек өтілі:				Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары				
							жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	
	жоғары	Орта арнаулы	1-5 ж	6-10 жж	10-20жж	20-дан астам															
Мектеп	15	2		2	9	4	4	1	1				2			1	5		1		2
Атамұра	10	1	1	2	5	2	2				1					1	2			1	1
Барлығы	25	2	1	4	14	6	6	1	1		1	1	2			2	7		1	1	3

71-кесте – **Физика**

Физика	Білімі		Еңбек өтілі:				Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			
							жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
	жоғары	Орта арнаулы	1-5 ж	6-10 жж	10-20жж	20-дан астам														
Мектеп	13		1	3	6	3	6	1	1	1			2		3	6		1	2	2
Арман-ПВ	11	1	2	2	7		5	1	3		1	2	3		4	4	4	1	2	4
Барлығы	24	1	3	5	13	3	11	2	4		1	2	5		7	10	4	2	4	6

72-кесте – Информатика

Информатика	Білімі		Еңбек өтілі:				Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			
	жоғары	Орта арнаулы	1-5 ж	6-10 жж	10-20жж	20-дан астам	жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
															2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Мектеп	10			1	9		4	1	1			1	2	1	1	2		1		2
Арман-ПВ	17	1	3	6	4	4	3	1	3	1	1	3			1	1	3	1	3	
Атамұра	11	1		2	5	4	3						3	1		1				
Барлығы	38	2	3	9	18	8	10	2	4	1	1	4	5	2	2	4	3	2	3	2

73-кесте – Ағылшын тілі

Ағылшын тілі	Білімі		Еңбек өтілі:				Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			
							жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
	жоғары	Орта арнаулы	1-5 ж	6-10 жж	10-20ж	20-дан астам														
Express Publishing	5		2	1	2		1						1							
Macmillan Education	11		2	7	2		2	1	1				2		1	2		1		2
Cambridge University press	7		1	2	4		2	1	3		1	1			2		1		3	
MM Пабליкейшнс	5		1	2	2		1													
Барлығы	28		6	12	10		6	2	4		1	1	3		3	3	1	1	3	2

74-кесте – Қазақстан тарихы

Қазақстан тарихы	Білімі		Еңбек өтілі:				Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			
							жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
	жоғары	Орта арнаулы	1-5 ж	6-10 жж	10-20ж	20-дан астам														
Мектеп	14		2	1	9	2	6	2	1	1		1	2		1	6	1	1		2
Барлығы	14		2	1	9	2	6	2	1	1		1	2		1	6	1	1		2

75-кесте – Дүниежүзі тарихы

Дүниежүзі тарихы	Білімі		Еңбек өтілі:				Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			
							жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
	жоғары	Орта арнаулы	1-5 ж	6-10 жж	10-20ж	20-дан астам														
Мектеп	14		2	1	9	2	6	2	1	1		1	2		1	6	1	1		2
Барлығы	14		2	1	9	2	6	2	1	1		1	2		1	6	1	1		2

76-кесте – Құқық негіздері

Құқық негіздері	Білімі		Еңбек өтілі:	Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары					
				жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.		
	1-5 ж	6-10 жж																10-20ж	20-дан астам
Мектеп	10		1	9		6	1	1				2		1	6		1		2
Барлығы	10		1	9		6	1	1				2		1	6		1		2

77-кесте – Биология

Биология	Білімі		Еңбек өтілі:				Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			
							жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
	жоғары	Орта арнаулы	1-5 ж	6-10 жж	10-20жж	20-дан астам														
Мектеп	13		3	1	7	2	6	1	1				2		1	3		1		2
Атамұра	15	1	3	2	7	3	6	1	1			1	2		1	3	1	1		2
Барлығы	28	1	6	3	14	5	6	2	2			1	4		2	6	1	2		4

78-кесте – Химия

Химия	Білімі		Еңбек өтілі:				Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары		
							жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.
	жоғары	Орта арнаулы	1-5 ж	6-10 жж	10-20жж	20-дан астам													
Мектеп	11		2	1	4	4	4	2	1			2		1	1	1	3		2
Атамұра	9	1		2	5	2	4	1	3			3			2		1	1	1
Барлығы	20	1	2	3	9	6	8	3	4			3	2	1	3	1	4	1	3

79-кесте – География

География	Білімі		Еңбек өтілі:				Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			
							жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
	жоғары	Орта арнаулы	1-5 ж	5-10 жж	10-20жж	20-дан астам														
Мектеп	12	1	3	1	8		6	1	1				2		1	6		1	2	2
Алматыкітап	13	1		2	7	4	6	1	3	1	1	3	2		4	4	5	1	3	
Барлығы	25	2	3	3	15	4	12	2	4	1	1	3	4		5	10	5	2	5	2


80-кесте – Графика және жобалау

Графика және жобалау	Білімі		Еңбек өтілі:				Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары		
							жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.
	жоғары	Орта арнаулы	1-5 ж	6-10 жж	10-20жж	20-дан астам													
Келешек-2030	17		4	6	5	2	1						1				2	1	
Барлығы	17		4	6	5	2	1						1				2	1	

81-кесте – 10-сыныпқа арналған оқулықтарды апробациядан өткізуге қатысқан мұғалімдер саны


Барлығы	Білімі		Еңбек өтілі:	Санаты («+» қойыңыз)											Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары		
				жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог- сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог- шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.			
	жоғары	Орта арнаулы																1-5 ж	6-10 жж	10-20ж
Орыс тілі және әдебиеті	68	4	8	10	27	17	27	8	7	3	2	6	12	2	10	16	13	5	5	2
Орыс тілі	43	2	4	8	16	11	24	3	7	2	1	4	9	5	6	18	5	3	6	4
Орыс әдебиеті	36	2	4	6	17	7	14	2	3	2	1	3	7	-	8	8	5	2	4	2
Қазақ тілі	37	-	3	4	22	10	22	2	6	1	1	4	7		5	10	5	2	5	3
Қазақ тілі және әдебиеті	56	3	6	4	18	11	22	7	7	3	1	6	7	1	10	8	12	5	3	1
Қазақ әдебиеті	49	2	8	12	39	16	27	6	8	7	3	6	15	1	13	17	14	3	9	3
Алгебра	127	9	8	11	28	22	30	4	2	-	6	-	8	-	6	11	1	6	6	6
Геометрия	44	4	10	22	15	12	16	3	2	-	-	1	6	5	3	18	1	3	4	6
Информатика	68	6	15	23	34	16	36	4	8	-	2	6	8	2	8	10	8	4	8	4
Физика	65	2	10	14	24	12	28	4	8	1	2	6	14	2	10	20	10	4	6	8

Қазақстан тарихы	28	-	7	12	26	14	16	5	2	-	-	2	8	-	2	14	2	2	5	6
Дүниежүзі тарихы	28	-	3	7	15	8	12	2	2	-	-	-	4	-	2	12	-	2	-	4
Құқық негіздері	22	-	3	5	13	10	10	2	2	-	-	-	4	-	2	10	1	2	-	4
Ағылшын тілі	54	1	9	15	11	9	14	4	8	3	3	5	8	-	5	8	3	3	7	4
Биология	56	2	20	15	40	12	31	7	6	-	-	3	13	-	6	20	2	6	3	12
Химия	38	3	8	7	30	10	19	3	2	2	-	3	4	-	2	6	1	2	4	6
География	44	3	9	8	31	22	19	4	3	2	2	-	8	2	2	10	1	2	4	8
Графика және жобалау	34	3	11	11	10	2	2	2	-	3	-	1	2	-	-	3	1	2	2	4
Барлығы	897	46	13 2	16 6	38 9	17 4	28 6	73	94	30	26	61	11 7	44	105	181	91	68	80	87




108-сурет – Апробацияға қатысқан мұғалімдердің білімі туралы

Апробациядан өтетін мұғалімдердің саны – 1944. Оның ішінде білімі «Жоғары» мұғалімдер саны – 1836, «орта арнаулы» - 108. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша 144 мұғалімнің білімі жоғары, 12-арнаулы орта. Орыс тілі – 91 жоғары, 5-арнаулы орта. Орыс әдебиеті-74 жоғары, 4-арнаулы орта. Қазақ тілі – 75 жоғары, 2 –арнаулы орта. Қазақ тілі мен әдебиеті – 99 жоғары, 8 - арнаулы орта. Қазақ әдебиеті – 84 жоғары, 4 – арнаулы орта. Алгебра – 197 жоғары, 13 арнаулы орта. Геометрия – 106 жоғары, 6 – арнаулы орта. Информатика – 166 жоғары, 16 – арнаулы орта. Физика – 120 –жоғары, 8 – арнаулы орта. Қазақстан тарихы – 89 жоғары. Дүниежүзі тарихы – 62 жоғары, 1 арнаулы орта. Құқық негіздері – 50 жоғары. Ағылшын тілі – 117 жоғары, 3 – арнаулы орта. Биология – 102 жоғары, 6 – арнаулы орта. Химия – 88 жоғары, 7 – арнаулы орта. География – 104 жоғары, 7 – арнаулы орта. Графика және жобалау – 34 жоғары, 3 арнаулы орта. Көркем еңбек – 34 жоғары, 3 – арнаулы орта. Білімі «жоғары» мұғалімдердің үлесі – 94,4%. Білімі «орта арнаулы» мұғалімдер үлесі – 5,6%




109-сурет – Апробацияға қатысқан мұғалімдердің еңбек өтілі туралы

Апробацияға қатысатын 144 мұғалімдердің ішінде жұмыс өтілі 1-5жыл аралығында 259 мұғалім, 6-10 жыл – 343, 10-20 жыл – 743, жұмыс өтілі 20жылдан астам – 382 қатысуда. Жұмыс өтілі 10 – 20 жыл аралығындағы мұғалімдер саны ең көп (38,2%). Жұмыс өтілі 1-5 жыл аралығындағы мұғалімдердің үлесі – 13,32%.




110-сурет – Апробацияға қатысқан мұғалімдердің санаты туралы

Апробацияға қатысатын мұғалімдердің 593 – жоғары санатты, 149 – I санатты, 162 – II санатты, 54 – санаты жоқ мұғалімдер. Жоғары санаты бар «Алгебра» (65 мұғалім), «Физика» (51 мұғалім), «Информатика» (56 мұғалім) мен «Орыс тілі және әдебиеті» (48 мұғалім) пән мұғалімдері ерекше көзге түседі. «Санаты жоқ» деп көрсеткен мұғалімдер аз (2,8%), оның ішінде «Орыс тілі және әдебиеті», «Қазақ тілі және әдебиеті» мұғалімдерін атау жөн.




110.1 – Жаңа біліктілік талаптары бойынша апробацияға қатысқан мұғалімдер саны

Апробацияға қатысатын 1944 мұғалімдердің 48 – «педагог-модератор», 125 – «педагог-сарапшы», 247 – «педагог – зерттеуші», 44 – «педагог – шебер» дәрежесі бар. «Педагог – зерттеуші» санаты бойынша «Алгебра» (23 мұғалім), «Физика» (26 мұғалім), «Информатика» (20 мұғалім) мен «Орыс тілі және әдебиеті» (22 мұғалім) пәні мұғалімдері ерекше көзге түседі.



111-сурет – Аprobацияға қатысқан мұғалімдердің БАҰО «Өрлеу» курстарынан өткендігі туралы

Аprobацияға қатысатын мұғалімдердің 2016 жылы жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстарына – 202, 2017 жылы – 163, 2018 жылы – 160 мұғалім қатысты. Ең көп қатысқан мұғалімдер «Алгебра» (35 мұғалім, 2017ж), «Физика» (40 мұғалім, 2017ж), «Орыс тілі және әдебиеті» (30 мұғалім, 2017ж.) және «Геометрия» (29 мұғалім, 2017ж.) пәндері бойынша байқалды. БАҰО «Өрлеу» курстарына жалпы қатысқан мұғалімдер саны – 753.



112-сурет – Апробацияға қатысқан мұғалімдердің ДББҰ «НЗМ» курстарынан өткендігі туралы

Апробацияға қатысатын мұғалімдердің 2016 жылы «НЗМ» ДББҰ курстарына қатысқан саны – 388. 2017 жылы – 117 мұғалім, 2018 жылы «НЗМ» курстарына – 171 мұғалім қатысты. Ең көп қатысқан мұғалімдер «Алгебра» (19 мұғалім, 2017ж), «Физика» (18 мұғалім, 2018ж), «Орыс тілі және әдебиеті» (15 мұғалім, 2016ж). «НЗМ» ДББҰ курстарына жалпы қатысқан мұғалімдер саны – 448.

Баспалар туралы мәлімет

2018-2019 оқу жылында қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі 10-сыныптың оқулықтарын апробациядан өткізуде 10 баспа ұсынылды. Оның ішінде: «Атамұра», «Мектеп», «Жазушы», «Арман-ПВ», «Келешек-2030», «Алматыкітап», «Білім», «Көкжиек-Горизонт», «Бөбек», «Сапалы Білім баспасы».

10 сыныптың қазақ және орыс тілдерінде білім беретін мектептерде оқытылатын «Ағылшын тілі» пәні бойынша қазақ және орыс тілінде оқытылатын мектептерде: ҚГБ/ЖМБ бойынша «Macmillan Education», «Cambridge University Press», «ММ Пабליкейшне», «Express Publishing» ұсынылды.

10 сыныптар бойынша апробацияға ұсынған оқулықтар саны – «Атамұра» - 7 оқулық; «Мектеп» - 13 оқулық; «Жазушы» – 2 оқулық; «Арман-ПВ» – 8 оқулық; «Келешек-2030» – 3 оқулық; «Алматыкітап» – 3 оқулық; «Білім» – 1 оқулық; «Көкжиек-Горизонт» – 2 оқулық; «Бөбек» – 1 оқулық; «Сапалы Білім баспасы» – 1 оқулық ұсынылған (82-кесте).

82-кесте. 10-сыныптар бойынша апробацияға ұсынған оқулықтар саны

10-сыныптар бойынша апробацияға ұсынған оқулықтар саны									
«Атамұра»	«Мектеп»	«Жазушы»	«Арман-ПВ»	«Келешек-2030»	«Алматыкітап»	«Білім»	«Көкжиек-Горизонт»	«Бөбек»	«Сапалы Білім баспасы»
7	13	2	8	3	3	1	2	1	1




113-сурет. 10-сыныптар бойынша апробацияға ұсынған оқулықтар саны

Қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі 10-сыныптар бойынша апробацияға ұсынған баспалар санына тоқталсақ, олар: «Атамұра», «Мектеп», «Жазушы», «Арман-ПВ», «Келешек-2030», «Алматыкітап», «Білім», «Көкжиек-Горизонт», «Бөбек», «Сапалы Білім баспалары».

83-кесте. Қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі 10-сыныптар бойынша апробацияға ұсынған баспалар саны

Қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі 10 сыныптар бойынша апробацияға ұсынған баспалар саны									
«Атамұра»	«Мектеп»	«Жазушы»	«Арман-ПВ»	«Келешек-2030»	«Алматыкітап»	«Білім»	«Көкжиек-Горизонт»	«Бөбек»	«Сапалы Білім баспасы»
7	13	2	8	3	3	1	2	1	1



114-сурет. Қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі 10-сыныптар бойынша апробацияға ұсынған баспалар саны

Орыс тілінде оқытылатын мектептердегі 10-сыныптардың оқулықтарын апробацияға ұсынған баспаларға тоқталсақ, ұсынылған оқулықтар толықтай апробациядан өткізілді (84-сурет).

84-кесте. Орыс тілінде оқытылатын мектептердегі 10-сыныптардың оқулықтарын апробацияға ұсынған баспалар

Қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі 10 сыныптардың оқулықтарын апробацияға ұсынған баспалар									
«Атамұра»	«Мектеп»	«Жазушы»	«Арман-ПВ»	«Келешек-2030»	«Алматыкітап»	«Білім»	«Көкжиек-Горизонт»	«Бөбек»	«Сапалы Білім баспасы»
7	13	2	8	3	3	1	2	1	1



115-сурет. Қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі 10-сыныптардың оқулықтарын апробацияға ұсынған баспалар

Қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі 10-сыныптар бойынша апробацияға ұсынған оқулықтарға тоқталсақ, «Қазақ тілі» оқулығы бойынша «Атамұра», «Мектеп» және «Арман-ПВ» баспалары ұсынылды (85-кесте).

85-кесте. «Қазақ тілі» оқулығы бойынша мәлімет

Қазақ тілі	Атамұра	Мектеп	Арман-ПВ
	1	1	1



116-сурет. «Қазақ тілі» оқулығы бойынша мәлімет

Қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі 10-сыныптар бойынша апробацияға ұсынған оқулықтарға тоқталсақ, «Қазақ әдебиеті» оқулығы бойынша төрт баспаның оқулығы апробацияға ұсынылған. Олар: «Атамұра», «Мектеп», «Жазушы» және «Арман-ПВ» баспалары ұсынылды (86-кесте).

86-кесте. «Қазақ әдебиеті» оқулығы бойынша мәлімет

Қазақ әдебиеті	Атамұра	Мектеп	Жазушы	Арман-ПВ
	1	1	1	1




117-сурет. «Қазақ әдебиеті» оқулығы бойынша мәлімет

Қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі 10-сыныптар бойынша апробацияға ұсынған оқулықтарға тоқталсақ, «Орыс тілі мен әдебиеті» оқулығы бойынша бес баспа өз оқулығын апробацияға ұсынды. Олар: «Арман-ПВ», «Білім», «Көкжиек-Горизонт», «Алматыкітап» және «Сапалы білім баспасы» (87-кесте).

87-кесте. «Орыс тілі мен әдебиеті» оқулығы бойынша мәлімет

<i>Орыс тілі мен әдебиеті</i>	Арман-ПВ	Білім	Көкжиек- Горизонт	Алматыкітап	білім Сапалы баспасы
	1	1	1	1	1




118-сурет. «Орыс тілі мен әдебиеті» оқулығы бойынша мәлімет

Қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі 10-сыныптар бойынша апробацияға ұсынған оқулықтарға тоқталсақ, «Алгебра және анализ бастамалары» оқулығы бойынша алты баспа оқулығын апробацияға ұсынған. Олар: «Атамұра», «Мектеп», «Жазушы», «Арман-ПВ», «Келешек-2030» және «Алматыкітап» баспалары (88-кесте).

88-кесте. «Алгебра және анализ бастамалары» оқулығы бойынша мәлімет

- түсіндіру мәтіні, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығын сақтау), ғылыми және қолжетімділік принциптерінің сақталуы, мазмұнының, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаятарымен байланысын қамтамасыз етуі талаптарға сәйкес келмейді;

- фактологиялық, грамматикалық, стилистикалық қателерге жол берілген;

- глоссарий берілмеген;

- зерттеушілік, АКТ-құзыреттілігін қалыптастыратын тапсырмалар берілмеген;

- иллюстрациялық материалдар эстетикалық талаптарға сәйкес келмейді;

- оқулықта тапсырмалар шамадан тыс көп берілген;

- ОӘЖ тапсырмалары жалаң, оқушыға берілетін мәлімет аз;

- тест тапсырмасы жалаң, күрделі емес;

- әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, CD-диск, дидактикалық материалдар, диктанттар мен мазмұндамалар жинағы жоқ;

- оқу жетістіктерін бағалау, қосымша ресурстарды пайдалану, үй тапсырмасын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген.

Ұсыныстар:

- оқулықты әлі де толықтырылса, жетілдірілсе;

- оқу жетістіктерін бағалау, қосымша ресурстарды пайдалану, үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілсе;

- әр бөлім соңында қорытынды тапсырмалар берілсе;

- оқу-әдістемелік кешендер жеткілікті берілсе.

2. Қазақ тілі, 10-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт), «Атамұра» баспасы.

Авторлары: Ж.Қ. Балтабаева, Е. Арын, Г.Ы. Әбдіраман

Жалпы қорытынды. Бүгінгі заман оқушыдан көп ізденуді, жалықпай үйренуді талап етеді. Сондықтан оқулықтан алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге, тапсырмаларды шығармашылықпен орындай білуге үйретеді. Кейбір тапсырмалар қосымша ізденісті, ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдалануды талап етеді. Оқушы оқулықтан ана тілінің құдіретін сезініп қана қоймай, тұлға ретінде де қалыптасуды үйренеді. Соның салдарынан оқушылар өз ойын ауызша, жазбаша сауатты жеткізуге үйренеді.

Оқу-әдістемелік құралда әр тақырыпқа бөлінген мәтіндердің танымдық, тәрбиелік сипаты, грамматикалық тапсырмаларды орындату формасы, әдіс-тәсілдердің анықтамасы, оларды қолданудың тиімділігі туралы бағыт-бағдар беріледі. Оқулықта берілген бөлімдердің әрқайсысына үлгі ретінде қысқа мерзімді жоспарлар ұсынылған. Қазақ тілі – оқу мен жазуды қалыптастыруды мақсат етумен қатар, ең бастысы, лингвистикалық білім беретін пән. Сол себепті, «Есте сақта», «Ғалым болам десеңіз» деген айдармен тақырыпқа қатысты теориялық ақпараттар берілген.

Ескертулер:

- оқулық мазмұны, кіріспе, түсіндіру мәтіні, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығын сақтау), ғылыми және қолжетімділік принциптерінің сақталуы, мазмұнының, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланысын қамтамасыз етілуі талаптарға сәйкес келмейді;

- аталған оқулықта мазмұн және кіріспе бөлім мүлде қарастырылмаған;

- бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемді;

- оқулық мазмұнында қазақстандық компонент көрініс таппаған;

- фактологиялық, грамматикалық, стилистикалық қателерге жол берілген;

- глоссарий берілмеген;

- деңгейлік, зерттеушілік тапсырмалар берілмеген;

- мәтіндік және иллюстрациялық материалдар арасында сабақ байқалмайды;

- жұмыс дәптері, CD-диск, дидактикалық материалдар, диктанттар мен мазмұндамалар жинағы берілмеген;

- оқу жетістіктерін бағалау, үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген;

- сұрақтар, тапсырмалар, мәтіндер таңдауда қателер кездеседі;

- тапсырмалар оқу материалына сәйкес жасалғанымен, қайталанып келеді.

Ұсыныстар:

- сұрақтар мен тапсырмаларды түрлендіріп берілсе;

- ОӘК-де әдістемелік көмек ретінде қосымша дидактикалық материалдар, диктанттар мен мазмұндамалар жинағы және әдістемелік-көмекші құралдар берілсе;

- CD-диск, мұғалімдерге арналған көмекші құралдар электронды нұсқада берілсе.

3. Қазақ тілі, 10-сынып (жаратылыстану-математикалық бағыт), «Мектеп» баспасы.

Авторлары: Б.Қапалбек, Г.Закирянова, С.Жантасова

Жалпы қорытынды. Оқулық талапқа сай құрастырылған. Материалдары түсінікті, тапсырмалары әртүрлі деңгейде, мәтіндер оқушының жас ерекшелігіне және ұлттық компоненттерге сай берілген. Төрт дағдыға негізделген тапсырмалары оқушылардың ойлау қабілетін, қызығушылықтарын арттыруға септігі мол. Лексикалық тақырыптармен қоса грамматикалық тапсырмалар берілген. Тапсырмалар жанартылған мазмұнға сай әдіс-тәсілдермен түрлендіріп берілген.

Аталған оқулықта баяндау тілінің сауаттылығы мен қолжетімділігі өз дәрежесінде және терминдер мен ұғымдардың мәнін ашуға мүмкіндік беретін анықтамалық-әдістемелік ақпараттар бар.

Оқулықта жаттығулар тақырыппен байланыстырылса, екінші жағынан күнделікті өмірде өздеріне керекті мәліметтерді пайдалануға арналған.

Ескертулер:

- фактологиялық қателерге жол берілген;
- глоссарий берілмеген;
- ғылыми және қолжетімділік принциптері сақталмаған;
- зерттеушілік, АКТ-құзыреттілігін қалыптастыратын тапсырмалар берілмеген;

- CD-диск жоқ, дидактикалық материалдар, диктанттар мен мазмұндамалар жинағы берілмеген;

Оқу-әдістемелік кешенде:

- мазмұндық жағы жеткіліксіз;
- дидактикалық материалдар, оқу жетістіктерін бағалау, қосымша ресурстарды пайдалану, үй тапсырмасын орындау бойынша ұсыныстар берілмеген;

- оқулықта деңгейлік тапсырмалар мен тақырыптық иллюстрациялық материалдар аз қамтылған;

- оқу жетістігін бағалау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген.

Ұсыныстар:

- тапсырмалар күрделендіріп берілсе;
- әдістердің орнына деңгейлік тапсырмалар берілсе;
- ОӘК электронды түрде ұсынылса;
- мұғалімге оқу мақсаты бойынша жұмыс жасау жолдары көрсетілсе;
- тыңдалым материалдары CD-дискіде ұсынылса.

4. Қазақ тілі, 10-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт), «Мектеп» баспасы.

Авторлары: Б.Қапалбек, Г.Закирянова, С.Жантасова

Жалпы қорытынды. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы оқулықтың мазмұны жақсы. Берілген мәліметтер құнды.

Ескертулер:

- глоссарий берілмеген;
- ғылыми және қолжетімділік принциптері сақталмаған;
- мазмұнның, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланысы қамтылмаған;
- әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, CD-диск, дидактикалық материалдар, диктанттар мен мазмұндамалар жинағы берілмеген;
- оқу жетістіктерін бағалау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген;
- қосымша ресурстарды пайдалану, үй тапсырмасын орындау бойынша ұсыныстар берілмеген;
- грамматикалық қателер кездеседі.

Ұсыныстар:

- стильдің түрлері туралы ережелер берілсе;
- электронды нұсқада тыңдалым тапсырмалары енгізілсе.

5. Қазақ тілі, 10-сынып, «Арман-ПВ» баспасы.

Авторлары: Т.Н.Ермекова, Г.Б.Тоқтыбаева, Н.Ә.Дүсіпова

Жалпы қорытынды. Оқулық мазмұны мен құрылымы оқулық талаптарына сай жазылған. Оқулықтағы оқу материалдарының мазмұндық-логикалық бірізділігі, сабақтастығы сақталған. Мәтін соңында тапсырмалар жиынтығы орынды берілген. Оқулықта сын тұрғысынан ойлау стратегиялары, Блум таксономиясының қадамдары өте сәтті шыққан. Әсіресе, программалау тақырыбы жақсы ашылған, қызықты тапсырмалар көптеп берілген. Оқулықтың оқу-әдістемелік құралы оқулыққа сай орынды берілген. Тапсырмалар жеткілікті берілген.

Ескертулер:

- иллюстрациялық материалдар эстетикалық талаптарға айтарлықтай сәйкес келмейді;
- жұмыс дәптері, дидактикалық материалдар, диктанттар мен мазмұндамалар жинағы берілмеген.

Ұсыныстар:

- сөздерге морфологиялық талдау жасауға байланысты тапсырмалар көбірек берілсе.

«Қазақ әдебиеті», 10-сынып

10-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығының апробациясына төрт баспаның оқулығы ұсынылған (127-кесте).

127-кесте – Баспалар тізімі

1	Қазақ әдебиеті	А.С. Ақтанова, А.Қ. Жүндібаева, Л.К. Жұмыкенова	Атамұра
2	Қазақ әдебиеті	Г.Орда, С.Дәрібаев, А.Сатылова	Мектеп
3	Қазақ әдебиеті	Р.Зайкенова, С.Ч. Тұрсынғалиева, Л.Н. Нұрланова	Арман-ПВ
4	Қазақ әдебиеті	С. Қасқабасов Р. Әлмұханова, Е. Раушанов, Қ. Қайырбай	Жазушы

1. Қазақ әдебиеті, 10-сынып (жаратылыстану-математикалық бағыт), «Атамұра» баспасы.

Авторлары: А.С. Ақтанова, А.Қ. Жүндібаева, Л.К. Жұмакенова

Жалпы қорытынды. Оқулықта оқушылардың жас ерекшелігіне сай тапсырмалар берілген. Әр бөлімнен кейін нақты берілген тапсырмалар өмірмен байланыстырылған. Эссе жазуға да тақырыптар нақты алынған. Оқулықтағы иллюстрация өте көмескі, оқушының қызығушылығын арттырмайды. Тапсырмалары жүйелі берілген. Топтық, жұптық, жеке жұмыс тапсырмалар өз дәрежесінде қамтылған. Тапсырмалар өмірмен байланыстырылып қана қоймай, өзіндік «менін» қалыптастыруға бағыт береді. Талдау жұмыстарының түрлері оңтайлы берілген.

Әр тақырып сайын әдебиет теориясынан ережелер мен соған сай көркемдегіш құралдарға талдау жасалған. Пәнаралық байланысқа құрылған тапсырмалары білім алушылардың зерттеушілік қабілеттерін арттыруға ықпал етеді.

Оқу-әдістемелік құралда оқу материалдарының күнтізбелік үлгі жоспары, қалыптастырушы, жиынтық бағалау жоспары, ҰМЖ, ОМЖ берілген. Әр тарауға байланысты ОМЖ-да әдіс-тәсілдер, ресурстарға сілтемелер берілген.

Ескертулер:

- оқулықтың мазмұны, кіріспе, түсіндіру мәтіні, иллюстрациясы, бақылау сұрақтары мен тапсырмалары талаптарға сәйкес келмейді;

- глоссарий берілмеген;
- оқу материалын мазмұндау логикасы сақталмаған;
- ғылыми және қолжетімділік принциптері сақталмаған;
- мазмұнының, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланысы қамтылмаған;
- фактологиялық, грамматикалық қателер кездеседі;
- зерттеушілік, АКТ-құзыреттілігін қалыптастыратын тапсырмалар берілмеген;
- мәтіндік және иллюстрациялық материалдың сабақтастығы сақталмаған;
- иллюстрациялық материалдар эстетикалық талаптарға сай келмейді;
- иллюстрациялар көлемі оңтайлы емес;
- әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, CD-диск, дидактикалық материалдар, диктанттар мен мазмұндамалар жинағы берілмеген;
- оқу жетістіктерін бағалау, қосымша ресурстарды пайдалану, үй тапсырмасын орындау бойынша ұсыныстар берілмеген;
- сұрақтар, тапсырмалар, мәтіндерді таңдауда қателер кездеседі.

Ұсыныстар:

- мәліметтер толық берілсе;
- дидактикалық материалдар нақты, оқушының жас ерекшелігіне сай алынса;
- мұғалімге әдістемелік көмек ретінде тиімді әдістер қолданылған сабақ жоспарлары бар әдістемелік құрал әзірленсе.

2. Қазақ әдебиеті, 10-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт), «Атамұра» баспасы.

Авторлары: Р. Зайкенова, С.Ч. Тұрсынғалиева, Л.Н. Нұрланова

Жалпы қорытынды. Оқулықта оқу материалын іріктеуде оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілмеген. Оқушылардың шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмалар көп. Қосымша мәліметтер толық берілген. Тілі жатық, оқушының түсінуіне жеңіл. Әдебиет теориясынан ережелер түсінікті берілген. Әр бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары ұсынылған.

Ескертулер:

- әдістемелік нұсқаулық;
- жұмыс дәптері;
- CD-диск;
- дидактикалық материалдар;
- диктанттар мен мазмұндамалар жинағы берілмеген;
- оқу жетістіктерін бағалау,
- қосымша ресурстарды пайдалану,
- үй тапсырмасын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген;
- сұрақтар, тапсырмалар, мәтіндер таңдауда қателер кездеседі.

Ұсыныстар:

- оқу материалын білім алушылардың психологиялық және жас ерекшелігіне сәйкес берілсе.

3. Қазақ әдебиеті, 10-сынып (жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыт), «Мектеп» баспасы.

Авторлары: Г.Орда, С.Дәрібаев, А.Сатылова

Жалпы қорытынды. Оқулық құрылымының талапқа сәйкестігі мүмкіндігінше қамтылған. Баяндау тілі жатық, сауатты жазылған. Оқушының қызығушылығын ескере отырып, жас ерекшелігіне сай құрылған. Дағды бойынша жұмыс түрлері берілген.

Оқулықта Абай өлеңдері, қара сөздері өте жақсы берілген. Өлеңдер мен қара сөздерді оқу арқылы оқушылар ой-өрісін кеңейтіп, ұлттық құндылықтарды қастерлеп, өзіндік ой-пікірлерін айта алады. О.Асқардың «Шетте жүрген бауырларға» өлеңін оқи отыра ұлттық рухани, адамгершілік ар-ұжданды, азаматтық парызды үйренеді.

Оқулықтың мазмұны, құрылымы тиімді. Оқулықта оқушының тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған тиімді тапсырмалар мен материалдар берілген. Суреттер ұлттық нақышта берілген.

Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулығы бар. Онда орта, ұзақ мерзімді жоспарлар, апталық, тоқсандық, жылдық сағат саны берілген.

Ескертулер:

- глоссарий берілмеген;
- оқу материалын мазмұндау логикасы сақталмаған;
- мазмұнда қазақстандық компонент қарастырылмаған;
- ғылыми және қолжетімділік принциптері сақталмаған;
- мазмұнның, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланысы қамтылмаған;
- зерттеушілік тапсырмалар жоқ;
- тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар жоқ;
- тапсырмалар тәжірибеге бағытталмаған;
- деңгейлік тапсырмалар мен тақырыптың иллюстрациясы аз берілген;
- АКТ-құзыреттілігін қалыптастыратын тапсырмалар берілмеген;
- мәтіндік және иллюстрациялық материалдың сабақтастығы сақталмаған;
- иллюстрациялар көлемі оңтайлы емес;
- қосымша ресурстарды пайдалану, үй тапсырмаларын орындау бойынша ұсыныстар берілмеген;
- әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, CD-диск, дидактикалық материалдар, диктанттар мен мазмұндамалар жинағы берілмеген;
- грамматикалық қателер кездеседі.

Ұсыныстар:

- аудиотыңдалымдар берілсе;
- әр бөлімнен кейін тест тапсырмалары ұсынылса;

- оқулықты құрастыруда төменгі сыныпта берілген білімдер сараланып, қайта қаралса;
- оқу-әдістемелік құралдар жүйелі түрде берілсе;
- әдістердің орнына тапсырмалар берілсе;
- ОӘК электронды түрде ұсынылса, мазмұны жетілдірілсе;
- Тыңдалым материалдарын тақырыпқа сай дискіде ұсынылса.

4. Қазақ әдебиеті, 10-сынып (жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыт), «Арман-ПВ» баспасы.

Авторлары: Р.Зайкенова, С.Ч. Тұрсынғалиева, Л.Н. Нұрланова

Жалпы қорытынды. Оқулықтағы оқу материалдарының мазмұндық-логикалық бірізділігі, сабақтастығы орынды көрініс тапқан. Мәтін соңында оқушылардың қызығушылығын тудыратын тапсырмалар жиынтығы оңтайлы берілген. Кері байланыс, рефлексия сәтті жасалған.

Оқу-әдістемелік құралдан мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулығы жұмыс жасауға өте ыңғайлы.

Қосымша ресустарды пайдалану жөнінде ұсыныстар берілген.

Ескертулер:

- оқу құрылымының мазмұны талаптарға сәйкес келмейді;
- бөлімдер бойынша оқу материалдарының көлемі оңтайлы емес;
- иллюстрациялық материалдар эстетикалық талаптарға сәйкес келмейді;
- жұмыс дәптері, дидактикалық материал, диктанттар мен мазмұндамалар жинағы жоқ;
- мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы төмен.

Ұсыныстар:

- кейбір тапсырмалардың жеңілден күрделіге қарай орналасуына көңіл бөлінсе;
- мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық берілсе.

4. Қазақ әдебиеті, 10-сынып, «Жазушы» баспасы.

Авторлары: С. Қасқабасов, Р. Әлмұханова, Е. Раушанов, Қ. Қайырбай

Жалпы қорытынды. Оқулықтың бірінші бөлімінде Абай Құнанбайұлының шығармаларымен толық танысып, прозадағы «Көркем ой» деп аталатын бөлімде роман, өлең, драма және әңгімелермен оқушыларды талпындырады. Оқулықтағы шығармалар әртүрлі жанрды қамтыған.

Тапсырмалар Блум таксономиясы негізінде құрылған, оқушының жас ерекшелігі ескерілген. Әр бөлімнен кейін тест тапсырмалары берілген.

Оқу-әдістемелік кешен жаңартылған білім мазмұнын басшылыққа ала отырып жасалынған. Әдістемелік нұсқаулықта тақырыптық-күнтізбелік жоспар, орта мерзімді жоспар ұсынылған.

Ескертулер:

- оқулықтың мазмұны, кіріспе, түсіндіру мәтіні, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, глоссарий берілмеген;
 - бөлімдер бойынша оқу материалының көлемі, оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығын сақтау), иллюстрациясы талапқа сай емес;
 - фактологиялық қателерге жол берілген;
 - деңгейлік, АКТ-құзыреттілігін қалыптастыратын тапсырмалар берілмеген;
 - оқу жетістіктерін бағалау, қосымша ресурстарды пайдалану, үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген;
 - иллюстрациялық материалдар эстетикалық талаптарға сәйкес келмейді;
 - CD-диск, жұмыс дәптері, дидактикалық материал, диктанттар мен мазмұндамалар жинағы берілмеген;
- Ұсыныстар:*
- оқу-әдістемелік кешендер жеткілікті берілсе;
 - тапсырмалардың деңгейлік, саралау түрлері енгізілсе;
 - мұғалімдерге арналған көмекші құралдардың электронды нұсқасы ұсынылса.

«Русский язык и литература», 10-класс

На апробацию для 10 класса учебник «Русский язык и литература» представлен четырьмя издательствами (Таблица 128).

Таблица 128 – Список издательств

№	Наименование учебника	Автор(ы)	Издательство
1	Русский язык и литература	Ж.Х.Салханова, Ж.К.Қыинова	Мектеп
2	Русский язык и литература	И.И. Солдатова, Т.А. Мукашев	Білім
3	Русский язык и литература	Г.Д.Аульбекова, К.Л.Кабдулова, А.Б.Сырымбетова	Көкжиек
4	Русский язык и литература		Сапалы Білім

1) Русский язык и литература, 10 класс, издательство «Мектеп».
 Авторы: Ж.Х.Салханова, Ж.К.Қыинова

Общие выводы. Учебник представлен как интегрированный курс обучения русскому языку. Составлен в соответствии с учебной программой.

Соответствует психологическим и возрастным особенностям обучающихся, соблюдается преемственность разделов. В основе содержания учебника лежит концепция развивающего обучения, т.е. развитие навыков высокого мышления, создание ситуации успеха для каждого ученика. Учебник содержит навигатор темы, в начале каждого раздела даются целевые установки, помогающие учителю планировать свою работу и оценивать достижения учащихся. Наряду со сплошными текстами авторы предлагают учащимся сплошные и несплошные тексты, графики, диаграммы, таблицы, ссылки на электронные ресурсы.

При составлении учебника учтены возрастные особенности детей. Продуманные задания и вопросы, консультация, творческая лаборатория, проблемные вопросы дают ученику возможность быть в поиске и реализовать скрытые резервы, включать критическое мышление.

Достаточный объем учебного материала. Но есть ошибки на стр.91.

Имеются условные обозначения, краткий словарь литературно-теоретических понятий.

Обеспечена связь содержания, заданий с реальными жизненными условиями и ситуациями.

Хочется обратить внимание издательства на цвет написания тем. Цвет очень тусклый, его не видно практически, поэтому хотелось бы рекомендовать изменить цвет, сделать более четким, ярким.

Учебно-методический комплекс разработан в соответствии с Типовой учебной программой. В руководстве предлагается примерное календарно-тематическое планирование, методические рекомендации к изучаемым темам, а также разработки все планируемых уроков.

Замечания:

- В содержании УМК нет наличия практических рекомендаций по оцениванию учебных достижений, по использованию дополнительных ресурсов (ссылки), по выполнению домашних заданий.
- Переплет учебника мягкий, быстро изнашивается.

Рекомендации: доработать УМК.

2) Русский язык и литература, 10 класс, издательство «Білім».

Авторы: И.И. Солдатова, Т.А. Мукашев

Общие выводы. Учебник соответствует возрастным особенностям обучающихся. Структура изложения материала логична, язык соответствует возрастным особенностям обучающихся. Богатый иллюстративный материал, также публицистические и художественные тексты соответствуют тематическим и идейным содержаниям. Много интересной информации не только лингвистических, но и исторических, географических фактах.

Есть задания формирующие лексико-грамматический минимум .

Замечания:

- даны задания для самостоятельной работы, однако правила даны отдельно, в конце учебника, это вызывает некоторые неудобства во время урока;
- не хватает разноуровневых, экспериментальных и групповых заданий;
- недостаточно отражены темы казахской культуры;
- нет условных обозначений, глоссария, рекомендации по выполнению домашних заданий.

Рекомендации: доработать учебник.

3) Русский язык и литература, 10 класс, издательство «Көкжиек-Горизонт».

Авторы: Г.Д.Аульбекова, К.Л.Кабдулова, А.Б.Сырымбетова

Общие выводы. Учебник хороший, содержательный. Соответствует возрасту учащихся. Очень много иллюстраций, контрольных заданий (с ответами). Соответствует учебной программе обновленного содержания образования. Содержание учебника нацелено на развитие речи ученика и формирование коммуникативных умений. Учебник сопровождается хрестоматией с произведениями литературы. Так же прилагается сборник заданий для суммативного оценивания по всем видам речевой деятельности. Имеются задания развивающие навыки критического мышления. Задания учебника взгляды учащихся на традиции и обычаи образ жизни, историю своего и других народов, воспитывает толерантное отношение к другим народам.

Имеются задания для организации индивидуальной, групповой учебной деятельности обучающихся и коммуникации между участниками учебного процесса, которые делятся как различные уровневые, исследовательские задания и задания ориентированные на практику. А также задания, направленные на развитие критического мышления и самостоятельной работы.

Существует система вопросов, заданий, упражнений для развития ИКТ-компетентности.

Видна преемственность текстовых и иллюстративных материалов. Иллюстративные материалы соответствуют эстетическим требованиям. Имеются практические рекомендации по оцениванию учебных достижений.

Учебник содержит необходимый теоретический материал, учитывающий возрастные особенности учащихся, а также вопросы, задания, упражнения и задания для самостоятельной работы, подобранные с учетом принципов развивающей системы обучения. Все темы выделены и отцентрированы относительно расположения на странице.

Информация по теоретическому направлению является большой помощью для учителя. Это педагогические, литературные и языковые термины. Образцы, которые можно использовать для проведения анализов. Это: дать характеристику каждому образу, проанализировать содержание произведений, полностью показывать композицию.

Фактологических, грамматических, стилистических ошибок не обнаружено. Отсутствуют разноуровневые, исследовательские, экспериментальные задания.

УМК. В методическом руководстве для учителя содержит очень грамотный материал в помощь учителю.

В методическом руководстве есть: система целей обучения, долгосрочный план в каждом разделе решаются определенные цели по всем видам речевой деятельности, образец КСП. Методическое руководство оказывает огромную помощь для организации интересных и разнообразных уроков. Авторы представили в помощь учителю инновационные методы интегрированного обучения, долгосрочный план, характеристику разделов УМК, предложена методика работы с QR кодами.

Замечания: Учебник в основном ориентирован на изучение текстов и работе по ним. Мало уделено грамматике и правописанию.

Рекомендации: Желательно больше иллюстрации.

«Биология», 10-сынып

10-сыныптарға екі баспадан шыққан «Биология» оқулығы апробацияланды.

129 – кесте Баспалар тізімі

№	Оқулық атауы	Авторлары	Баспа
1	Биология	Е.А.Очкур, Ж.Ж.Құрманғалиева, М.Нұртаева.	Мектеп
2	Биология	Н.Г.Асанов, А.Р.Соловьева, Б.Т.Ибраимова.	Атамұра

1. Биология, 10-сынып, «Мектеп» баспасы

Авторлары Е.А.Очкур, Ж.Ж.Құрманғалиева, Л.Е.Аманжолова

Жалпы қорытындылар. Оқулық стандартқа сай, кіріспе бөлімі толық ашық жазылған. Оқулықтың екі бөлімнен тұрады. Оқулықтың салмағы ауыр емес. Мәтін тілі жатық, түсінікті, иллюстрациясы талаптарға сай. Оқулықта әртүрлі деңгейлік практикалық бағытталған зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы жоғары деңгейде берілген. Мазмұны жағынан бағдарлама толық қамтылған, оқушылардың жас ерекшелігі ескерілген. Тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай берілген. Берілген тапсырмалар өмірдегі кездесетін мысалдар арқылы жеткізілген. Теория практикамен байланыстырыла берілген. Оқулықта «Білімді тексер», деңгейлік тапсырмалары, сыни сұрақтар мен қосымша мәліметтер берілген.

ОӘҚ сәтті жазылған. Тапсырмалар мен оларды шешу жолдары көрсетілген. ОӘҚ оқулыққа сәйкес келеді. Әр тақырыпқа қысқа мерзімді

жоспар, тапсырмалар жинағы берілген. Оқулықта проблемалық сұрақтар, оқушылар орындай алатын тапсырмалар, зертханалық жұмыстар түсінікті берілген.

Ескертпелер: бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемі оқушыға ыңғайлы емес. Кейбір параграфтар оқушының жас ерекшелігіне сай емес, өте күрделі, оқушылардың түсінуіне қиын. Мысалы, 24, оқу материалының мазмұндау логикасы яғни, бөлімдер сабақтастығында алшақтық білінеді. Иллюстрациялық суреттер анық берілмеген.

Сыни ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар аз берілген. Оқулықта тірек түсініктер үш тілде берілсе жақсы болар еді. Суреттерді түрлі-түсті бояулармен берген дұрыс. Оқулық пен нұсқаулық арасында сәйкестік аз. Материалдар көлемі уақыт көлеміне сәйкес емес.

Ұсыныстар:

- есептердің шығарылу жолдары көрсетілсе;
- тараудың аяқталуына байланысты пысықтау сұрақтары болса;
- деңгейлік тапсырмалар жиынтығы берілсе;
- зертханалық жұмыс тапсырмалары қарапайым түрде болса;
- ғылыми және қолжетімділік принциптері сақталса;
- кейбір тақырыптар оқушы үшін күрделі жазылған.

2. Биология, 10-сынып, «Атамұра» баспасы

Авторлары: Н.Г.Асанов, А.Р.Соловьева, Б.Т.Ибраимова.

Жалпы қорытындылар. Оқулық оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Суреттері анық, әр тақырыптан кейін кестелер берілген. «Атамұра» баспасының ерекшелігі: әр тақырып соңында тақырыпқа қорытынды жазылған. Әр тақырып соңында деңгейлік тапсырмалар бар.

Ескертпелер:

Оқулықтың 76-бетіндегі тақырыптан соң сынақ тапсырмасы берілмеген. Аудармаларды қайта қарау керек.

Ұсыныстар:

- зерттеушілік, эксперименттік тапсырмалар шамадан аз берілсе;
- үй тапсырмасына сілтемелер керек, термин сөздер үш тілде жазылса;
- оқулық мазмұнында Қазақстандық компоненттер көбірек берілсе.

10-сынып «География» оқулығы мен оқу әдістемелік кешені

Апробацияға 10-сыныпқа арналған «География» пәні оқулығы 3 баспадан ұсынылды (130-кесте).

130-кесте.

№	Оқулықтың атауы	Авторлары	сынып	Баспасы
1	География	Төлөпбекова С.Қ.,	10	Алматыкітап

		Аманжолов А.И., Жылқайдарова А.М.		
2	География	К.Каймулдинова, С.Әбілмәжінова	10	Мектеп
3	География	Егорина А., Нүркенова С.,Шими́на Е.П.	10	Атамұра

«География» оқулығы 10-сынып, «Алматыкітап» баспасы
Авторлары: Төлепбекова С.Қ., Аманжолов А.И., Жылқайдарова А.М.

Жалпы қорытынды: Беріліп отырған үлгідегі оқулық 2 бөлімнен тұрады. Оқушының қолданылуына өте ыңғайлы. Мәтін тақырыптары түсінікті. Оқулықта сөздер арасында грамматикалық қателер кездеседі. Бөлімдері бір-бірімен сабақтасып, тақырып соңында бекіту сұрақтары мен тапсырмалары жүйелі құрастырылған. Оқулық жалпы талаптарға сай. Алайда кейбір тақырыптар оқушының түсінуіне қиындық тудырады. Оқулықтың әдістемелік нұсқаулығы қамтылған. Дидактикалық материалдар аз берілген. Дүниежүзінің әлеуметтік және экономикалық география курсына геоинформатика бойынша материалдар жақсы берілген. Тапсырмаларды деңгейлік, зерттеушілік, эксперименттік түрде жетілдіру керек.

Ескертпелер:

- Microsoft Office бағдарламасы туралы жазылған мәтін оқушыға қызық емес, оның орнына басқа бағдарламалар жазылса. 107-беттегі 12-кесте түсініксіз берілген, аудармалары қате берілген. 113-беттегі 3-тапсырмадағы материалдың формасы берілсе. 136-беттегі 21-сурет түрлі-түсті картамен берілсе. 158-беттегі 20-сызба анық емес;

- тақырыптар бойынша негізгі базалық, теориялық мәліметтер аз. Кейбір тақырыптарда мүлде жоқ. Қосымша материалдар тым көп;

- 9-суреттегі карта анық емес. 28-беттегі 5-сурет анық емес, шартты белгілері берілмеген. 54-беттегі «картографиялық әдіс түсінігі» деген тіркес «картографиялық әдіс ұғымы» деп жазылған. 58-беттегі «МайндМеп» сөзі «ақыл картасы» деген аудармасымен берілсе. 64-беттегі Microsoft Office бағдарламасы туралы жазылған мәтін оқушыға қызық емес, оның орнына басқа бағдарламалар жазылса. 107-беттегі 12-кесте түсініксіз берілген, аудармалары қате берілген.

Ұсыныстар:

- Тақырыптардың атауы нақты берілсе;
- тірек сызба, кесте бойынша берілетін тапсырмалар саны көбейтілсе;
- иллюстрациялардың түстік схемасы өзгертілсе, тақырыпқа сәйкес анық берілсе;
- Географиялық терминдер мен ұғымдарға сілтемелер жасалса.

«География» оқулығы 10-сынып, «Мектеп» баспасы
Авторлары: К.Каймулдинова, С.Әбілмәжінова

Жалпы қорытынды. Географиялық зерттеу әдістері, картография және геоинформатика бөлімдері өте күрделі, ғылыми негізде жазылған. Оқулықта мәтінге түсініктеме дұрыс берілген. Оқулықтың құрылымдық жобасы талаптарға сәйкес, арасында қателіктер бар (дата, көлем, ұзындық, биіктіктер). Оқушының дамуына, ізденуіне жол ашатын тапсырмалар көптеп берілген. ОӘҚ-мен толық қамтамасыз етілген. Оқулық оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген. Термин сөздер, суреттер, тапсырмалар жүйелі берілген. Маңызды оқиғалардың хронологиялық көрсеткіштері көрсетілген. География пәні бойынша тірек сөздер көрсетіліп, анықтамалар берілген. Қосымша ресурстарды пайдалану үшін сілтемелер берілген.

Ескертпелер:

- Тірек-сызбалардың жазу түсі мен бояу түсі ұқсас болғандықтан анық көрінбейді. 35-беттегі горизонтальдар мен олардың мәліметтері анық емес. 26-суретте ешқандай мәлімет көрсетілмеген. 40-сурет орысша берілген;
- мәтін соңындағы тапсырмалар нақты емес, оқушыдың орындауына қиындық туғызады;
- ОӘҚ-ның сапасы сәтті шыққан, дидактикалық материалдар жеткілікті;
- оқу материалдарында практикалық тапсырмалар көбірек болу керек.
- Географиялық терминдер мен мағлұматтар көлемі көп, оқулық жақсы жазылған.

Ұсыныстар:

- қосымша тапсырмалар кіріктіріп берілсе;
- тірек сызба, кесте бойынша берілетін тапсырмалар саны көбейтілсе;
- иллюстрациялар тақырыпқа сәйкес анық берілсе;
- оқулық беттері дұрыс нөмірленсе.

«География» оқулығы 10 -сынып, «Атамұра» баспасы
Авторлары: Егорина А., Нуркенова С., Шиминова Е.

Жалпы қорытынды. География пәні бойынша тірек сөздер көрсетіліп, анықтама берілген. Оқушының жеке ойын дамытып, іздену үшін көп тапсырмалар берілген. Қосымша мәтіндерге түсініктеме берілген. Оқулық талаптарға сай, қол жетімді, ғылыми түрде жазылған, жақсы бейнеленген. Оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Сыни ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар жеткіліксіз. Мәтін және иллюстрациялық материал оқу талаптарына сәйкес келеді. Баяндау тілі жатық. Оқулықтың мазмұны география ғылымының жүйелі, кешенді сипатына негізделеді. Теориялық материал табиғи және қоғамдық ғылымдардың қабық заңдылықтары, құрылымы, табиғи және әлеуметтік-экономикалық аумақтық жүйелердің жұмыс принциптері және өзара іс-қимылы туралы біртұтас жүйесін бейнелейді.

Ескертпелер: Кейбір тақырыптар оқу бағдарламасына сәйкес келмейді. Бөлімдер бойынша оқу материалы көлемінің оңтайлылығы ескерілмеген. Ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау, мазмұнның, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланысын қамтамасыз ету ескерілмеген. Деңгейлік, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар берілмеген. Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы, иллюстрациялық материалдың эстетикалық талаптарға сәйкестігі, иллюстрациялар көлемінің оңтайлылығы ескерілмеген. Жұмыс дәптері, CD диск, дидактикалық материал толық берілмеген. Әдістемелік нұсқаулық, дидактикалық материал берілгенмен үй тапсырмасын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар, оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі ескерілмеген.

Ұсыныстар:

- оқулық параграфтарының мәтіндері тақырыптық карталармен қамтамасыз етілсе;
- мәтіндер тапсырмаларға сәйкестендірілсе;
- географиялық номенклатурамен жұмыстар көбейтілсе;
- экономикалық, әлеуметтік география терминдеріне анықтама беріліп, деңгейлік тапсырмалар көбейтілсе.

«Физика», 10-сынып

10-сыныптың апробациясына «Физика» оқулығы «Арман-ПВ», «Мектеп» баспаларымен ұсынылған (2-кесте). «Арман-ПВ» баспасы 10-сыныптарға Физика оқулығын жаратылыстану-математика бағытына және қоғамдық-гуманитарлық бағытқа арнап әзірлеген. «Мектеп» баспасы Физика пәнінен ЖМБ арналған оқулық ұсынған.

131- кесте. Баспалар тізімі

№	Оқулықтың атауы	Автор(лары)	Баспасы
1	Физика (ЖМБ) 10-сынып	Зәкірова Н.А. Әшіров Р.Р.	«Арман – ПВ»
2	Физика (ҚГБ) 10-сынып	Зәкірова Н.А. Әшіров Р.Р.	«Арман – ПВ»
3	Физика (ЖМБ) 10-сынып	Д.М.Қазақбаева, Б.А.Кронгарт	«Мектеп»

Физика (ЖМБ), 10-сынып, Арман – ПВ баспасы.

Авторлары: Зәкірова Н.А., Әшіров Р.Р.

Жалпы қорытынды. Оқулықтың мазмұны талаптарға толық сай келеді, оқу бағдарламасының құрылымы мен мазмұнына сәйкес әзірленген. Барлық

иллюстрациялық материалдар эстетикалық талғамға сәйкес безендірілген, оқулық материалының мазмұнымен сабақтастықта жасалған.

Оқулық материалдары балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп алынған, ақпарат ашық, әрі түсінікті берілген. Бағдарлама бойынша мәліметтер толық қамтылған. Әр тақырып оқушыға түсінікті жазылған. Тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай, шартты белгілер арқылы оқушыға түсінікті етіп көрсетілген. Оқулық материалдарының мазмұны оқушылардың алған білімдерін әрі қарай тереңдетуге және олардың тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге бағытталған, өзбетінше ізденулерін қарастырады. Практикалық тапсырмалар нақты мақсаттарға құрылған, тапсырмалар түсінікті етіп берілген, балаларға қызықты.

Оқулық материалдарында кіріктірілген тапсырмалар көрініс тапқан, олар география, биология, химия пәндерімен өзара пәнаралық байланыс негізінде қамтылған.

Тараулар бойынша берілген материалдардың көлемі жеткілікті мөлшерде алынған, ғылыми тұрғыдан сәйкестігі ескерілген. Әрбір жаңа тақырыптан кейін практикаға бағытталған деңгейлік тапсырмалар келтірілген, оларды бөліп көрсету мақсатында шартты белгілер қолданылған. Тапсырмалар оңайынан қиынына қарай жіктеліп берілген.

Оқулықтағы оқу материалдарының мазмұны оқу бағдарламасына сәйкес келетін жаңа фактілерді, ғылыми деректерді қамтиды. Мұғалімге арналған нұсқаулық есептердің шығарылу жолдарын, тапсырмаларға берілген түсініктемелерді қамтиды, бірақ жеткіліксіз мөлшерде. Негізінен өтілген сабақтардың жоспарлары берілген.

Ескертулер:

- стилистикалық және грамматикалық қателер жіберілген.

Ұсыныстар:

- нақты өмір жағдаяттарына негізделген тапсырмалар көбейтілсе;
- нұсқаулық пен дидактикалық материалдар жинағы электронды форматта әзірленсе;
- стилистикалық және грамматикалық қателер жіберілмесе.

Физика (ҚГБ), 10-сынып, Арман – ПВ баспасы.

Авторлары: Зәкірова Н.А., Әшіров Р.Р.

Жалпы қорытынды. Оқулықтың мазмұны барлық талаптарға және оқу бағдарламасының мазмұнына толық сәйкес келеді.

Оқулықтың материалдары білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді, өте түсінікті тілмен жеткізілген. Оқулыққа енгізілген оқу материалдарының мазмұны қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптардың ерекшеліктерін ескере отырып, барынша жеңілдетілген. Тәжірибеде оқулықты сынақтан өткізген мұғалімдердің пікірі бойынша, теориялық материалдардың көлемін азайтып, практикалық тапсырмаларды көбейтуге болады. Оқулық жеткілікті көлемде алынған, эстетикалық талғамға сәйкес безендірілген иллюстрациялық материалдарды қамтиды. Оқулық материалдарында

пәнаралық байланыс бар, ол «Физика» пәнінің «География», «Биология», «Химия» пәндерімен өзара байланысы арқылы берілген.

Тараулар бойынша берілген материалдардың көлемі жеткілікті мөлшерде алынған, ғылыми тұрғыдан сәйкестігі ескерілген және түсініктілігі қамтамасыз етілген. Әрбір жаңа тақырыптан кейін практикаға бағытталған деңгейлік тапсырмалар келтірілген, оларды бөліп көрсету мақсатында шартты белгілер қолданылған. Тапсырмалар барынша жеңілдетіліп берілген.

Оқулықтағы оқу материалдарының мазмұны оқу бағдарламасына сәйкес келетін жаңа фактілерді, ғылыми деректерді қамтиды. Мұғалімге арналған нұсқаулық есептердің шығарылу жолдарын, тапсырмаларға берілген түсініктемелерді қамтиды, бірақ жеткіліксіз мөлшерде. Негізінен өтілген сабақтардың жоспарлары берілген.

Ескертулер:

- стилистикалық және грамматикалық қателер жіберілген.

Ұсыныстар:

- нақты өмір жағдаяттарына негізделген тапсырмаларды көбейту;
- нұсқаулық пен дидактикалық материалдар жинағын электронды форматта әзірлеу;

- стилистикалық және грамматикалық қателерді жою.

-

3. Физика (ЖМБ) 10-сынып, «Мектеп» баспасы

Авторлары: Д.М.Қазақбаева, Б.А.Кронгарт

Жалпы қорытынды. Оқулықтың жазылу тілі түсінікті, өмірмен байланысты тапсырмалар бар. Оқулық бағдарламамен сәйкес келеді, бөлімдері бір-бірімен сабақтасқан. Тапсырмалар деңгейлеп берілген. Оқулық жақсы жазылған. Теориялық қателер жоқ. Бірақ грамматикалық, стилистикалық қателер бар.

Тақырыптың басында түйінді сөздер берілген. Тапсырмалар мен жаттығулар көлемі жеткілікті. Көрнекі материалдар аз берілген. «Динамика» тарауында алдыңғы өтілген тақырыптар қайталанған. Ең маңызды мәліметтер тақырыптың соңында берілген. «Үй шеберханасы» айдарымен үйде орындалатын тапсырмалар түрлері берілген. Физикалық құбылыстарды бақылау, талдауға тапсырмалар берілген. «Рефлексия» айдарымен берілген сұрақтар сапалы кері байланыс жасауға септігін тигізеді. Ауаның ылғалдылығы тақырыбына қажетті психрометрлік кесте берілмеген.

Оқулық мазмұны толық жүйелі емес. Бөлімдер бойынша оқу материалы көлемінің тым көптігі, оқушы ойын жинақтауға қиындық туғызады. Білім алушылардың психологиялық және жас ерекшелігіне оқу материалдары толық сәйкес келмейді. Формулаларда қате жіберілген. «Физикалық шамаларды өлшеу қателіктері» тақырыбының атауы «Физикалық шамалардың қателіктері» болып жазылып кеткен, оны өзгерту қажет.

Бақылау мен эксперимент тапсырмалары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай жасалмаған.

7, 8, 9-сынып материалдары қайталанған.

Оқулықтың көлемі үлкен, ауыр, бұл баланың денсаулығына зиянды.

ОӘК-де мұғалімге арналған ұсынымдар, оқу ресурстары, сілтемелер берілген.

Ескертулер:

- қазақстандық компонент қамтылмаған;
- глоссарий берілмеген;
- АКТ құзіреттілігін дамытатын тапсырмалар аз берілген;
- стилистикалық және грамматикалық қателер жіберілген.

Ұсыныстар:

- нақты өмір жағдаяттарына негізделген тапсырмалар көбейтілсе;
- нұсқаулық пен дидактикалық материалдар жинағын электронды форматта әзірленсе;
- стилистикалық және грамматикалық қателерді жойылса.

10-сынып «Қазақстан тарихы» оқулығы мен оқу әдістемелік кешені

Апробацияға 10-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» (ЖМБ) пәні оқулығы 1 баспадан ұсынылды (132-сурет).

Оқулықтың атауы	Авторлары	Сынып	Баспасы
Қазақстан тарихы	З.А. Джандосова	10	Мектеп

«Қазақстан тарихы» оқулығы 10 -сынып, Мектеп баспасы

Авторы: З.А. Джандосова

Жалпы қорытынды. Оқулық оқушының жас ерекшелігіне сәйкес келеді. Тілі жеңіл, мазмұны мен тапсырмалары сәйкестендіріліп берілген. Оқу әдістемелік кешенде тақырыптарға сай қажетті, қызықты мәліметтер берілген. Әдістемелік нұсқаулық жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген. Оқулық 4 тарауға бөлінген, тарихи себеп-салдарлық байланыстарды қарастыру көзқарасы тұрғысынан талданады. Әдістемелік құралы жүйелі, ретімен жоспарлауға, бағдарламаның мақсаттарына сәйкес дайындалған. Жаңа оқулықтың ұтымды тұстары әрбір тақырыпқа байланысты мақсаттар көзделген. Тақырыптардың шартты белгілері бойынша деңгейлері анықталған. Тапсырмалар нақты және түсінікті берілген.

Ескертпелер:

- кейбір тарихи даталарда қателіктер орын алған. Мысалы, Қасым ханның ел басқару жылдары дұрыс берілмеген, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған жылы 1996ж. деп көрсетілген; Шайбани ханның Қазақ хандығына қарсы жорықтарының жылдары дұрыс көрсетілмеген;
- зерттеушілік, ақпараттық коммуникациялық технологиялар құзыреттілігін қалыптастыратын тапсырмалар берілмеген;
- иллюстрацияның көлемі талаптарға сәйкес келмейді;

- жұмыс дәптері, CD-дискілер берілмеген;
- оқу жетістіктерін бағалау бойынша тәжірибелік ұсыныстар ескерілмеген;
- қосымша ресурстарды пайдалану, үй тапсырмаларын орындау бойынша ұсыныстар берілмеген.

Ұсыныстар:

- оқу материалындағы кейбір тарихи даталар түзетілсе;
- оқулыққа сәйкес жұмыс дәптері, CD-дискілер берілсе;
- тақырыпқа сәйкес сызба, кесте тапсырмаларымен қамтамасыз етілсе;
- әр тақырыпқа сәйкес тест тапсырмалары енгізілсе.

10-сынып «Қазақстан тарихы» оқулығы мен оқу әдістемелік кешені
Апробацияға 10-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» (ҚГБ) пәні оқулығы 1 баспадан ұсынылды (133-сурет).

Оқулықтың атауы	Авторлары	Сынып	Баспасы
Қазақстан тарихы	З.А. Джандосова	10	Мектеп

«Қазақстан тарихы» оқулығы 10 -сынып, Мектеп баспасы

Авторы: З.А. Джандосова

Жалпы қорытынды. Оқулық құрылымы жағынан оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай жазылған. Оқулық өркениеттік тәсілге негізделген. Қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламасынан ерекшелігі – тарихи хронология бойынша емес, өркениеттің дамуына негізделіп жасалған. Қазіргі заманның идеологиясына негізделген жаңа ұғымдар - «Ұлы дала», «Мәңгілік Ел», «Ұлттық код» деген сөздер кеңінен пайдаланылған. Оқулық 4 бөлім, 60 тақырыптан тұрады. Тақырып басында оқушыларға тақырып бойынша қарастырылатын негізгі ойлар берілген. Тақырыптардың ішінде оқушылардың назарын аударатын «Бұл маңызды» т.б. айдарымен берілген мәліметтер енгізілген. Оқу-әдістемелік құралда жеке, жұптық, топтық жұмыстарға арналған дескрипторлар қоры берілген. Бағалаудың түрлі әдістері ұсынылған. Қосымша ресурстарға сілтемелер берілген. Оқу-әдістемелік құрал мұғалімдерге талдау жасауға көмекші құрал болып табылады. Тақырыптардың теориялық қамтылуы түсінікті, әрі жоғары деңгейде. Иллюстрациялық материалдар талапқа сай берілген. Оқулықта мазмұны жағынан бағдарлама толықтай қамтылған. Баяндау тілі анық. Жаңа оқулықта ірі тұлғаларға арналған тарихи материалдарға ерекше көңіл бөлінген.

Ескертпелер:

- оқулықта түсіндіру мәтіні берілмеген;
- оқулықта бөлім атаулары көрсетілмеген;
- әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, CD-диск, дидактикалық материалдармен толық қамтамасыз етілмеген;

- кейбір тақырыптардың баяндалуы оқушының жас ерекшелігіне сәйкес келмейді, күрделі;
- тапсырмалары картамен жұмыс жасау үшін күрделі;
- қосымша ресурстарды пайдалану, үй тапсырмасын орындау бойынша ұсыныстар қарастырылмаған;
- бөлімдердің көлемі оңтайлы берілмеген.
- деңгейлік және АКТ құзыретін дамытатын тапсырмалар қамтылмаған;
- иллюстрациялық материалдар эстетикалық талаптарға сәйкес келмейді;

Ұсыныстар:

- тарихи факторларға көбірек көңіл бөлінсе;
- мәтіннің көлемін оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес ықшамдап берілсе;
- ашық және жабық тест тапсырмаларының үлгілері енгізілсе;
- оқулықтың соңғы бетінде хронологиялық кесте берілсе;
- тақырыптық карталармен қамтамасыз етілсе;
- оқулыққа сәйкес жұмыс дәптері, CD-дискілер, дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілсе.

10-сынып «Дүниежүзі тарихы» оқулығы мен оқу әдістемелік кешені

Апробацияға 10-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» (ҚГБ және ЖМБ) пәні оқулығы 1 баспадан ұсынылды (134-сурет).

Оқулықтың атауы	Авторлары	Сынып	Баспасы
Дүниежүзі тарихы	Р.Р.Қайырбекова., С.В.Тимченко., З.А.Джандосова	10-сынып	Мектеп

«Дүниежүзі тарихы» оқулығы 10-сынып , Мектеп баспасы
Авторлары: Р.Р.Қайырбекова., С.В.Тимченко., З.А. Джандосова

Жалпы қорытынды. Оқулықта ғаламдық өркениеттердегі тарихи процестер қамтылған. Оқулықта оқу материалдары жақсы берілген. Ел басқарған басшылардың реформаларының жағымды және жағымсыз жақтары ашылып көрсетілген. Оқулық оқушыларға түсінікті тілмен жазылған, оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келеді. Оқулықтың әр параграфы бойынша түйінді сөздер, сонымен қатар, берілген оқу материалы бойынша басты қорытындылар жасалған. Танымдық тапсырмалар көп берілген. Әр тарау бойынша оқушыларға қолжетімді материалдар, тапсырмалар берілген. Тақырыпқа сәйкес иллюстрациялар ұсынылған. Оқулық мазмұнына сәйкес хрестоматиямен қамтамасыз етілген. Оқу әдістемелік құралда мұғалімдерге көмек ретінде түрлі әдіс-тәсілдер берілген.

Ескертпелер:

- оқулықта кейбір мәтіндер тілі күрделі, ғылыми стильдегі ұғымдар көптеп кездеседі, оқушыларға түсінуге қиындық туғызады;
- ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау, мазмұнның, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланысы қамтамасыз етілмеген;
- бөлімдер арасында сабақтастық сақталмаған;
- деңгейлік тапсырмалар берілмеген;
- оқу жетістіктерін бағалау, қосымша ресурстарды пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген;
- оқу әдістемелік кешенмен толық қамтамасыз етілмеген, жұмыс дәптері, CD-диск, дидактикалық материалдар берілмеген;
- тақырыпқа сәйкес карталар ескерілмеген;
- оқулық мазмұнында грамматикалық қателер кездеседі.

Ұсыныстар:

- оқулықтағы кейбір күрделі тақырыптар оқушылардың жас ерекшелігіне сай сәйкестендірілсе;
- оқу-әдістемелік кешенмен толық қамтамасыз етілсе;
- тақырыптық карталар көбейтілсе;
- екі бөлімнен тұратын оқулық түрінде берілген, бір оқулық ретінде ұсынылса;
- кесте, сызба түрінде тапсырмалар көбейтілсе;
- термин сөздерге көңіл бөлінсе;
- оқулыққа түсіндірме сөздіктер берілсе;
- жұмыс дәптеріне тақырыптық тест тапсырмалары енгізілсе;
- оқулықпен бірге жұмыс дәптері, дидактикалық материалдар, CD-дискпен қамтамасыз етілсе;
- оқушыларға арналған әр тақырыптарға байланысты тапсырмалар кіріктірілсе;
- оқулықтың сыртқы мұқабасын қалыңдау етіп қайта өңделсе;
- сұрақ түрлерінің деңгейлері анықталып, түсінікті түрде берілсе;
- оқулықтың иллюстрациялық бейнеленуі мен көркемделуін жетілдірілсе;
- әр тараудан соң оқушылардың білімдерін өздігімен бекітетін тест тапсырмаларын енгізу ұсынылса.

10-сынып «Құқық негіздері» оқулығы мен оқу әдістемелік кешені

Апробацияға 10-сыныпқа арналған «Құқық негіздері» (ҚГБ және ЖМБ) пәні оқулығы 1 баспадан ұсынылды (135-сурет).

Оқулықтың атауы	Авторлары	Сынып	Баспасы
Құқық негіздері	А.С.Ибраева, С.Есетова, С.Б. Гончарев	10-сынып	Мектеп

«Құқық негіздері» оқулығы 10-сынып, Мектеп баспасы

Жалпы қорытынды. Оқулық оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген. Оқулықта білім алушыларды құқықтық сауаттылыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеуде, құқықтық білім беруге, қажетті мәліметтер енгізілген. Сонымен қатар, құқықтық категориялар мен азаматтардың құқықтары, міндеттерін, оны іске асыру кепілдіктері және құқықтық институт, мемлекеттік аппараттың құрылымы туралы материалдар берілген. Оқулыққа жеке, жұптық, топтық тапсырмалар, глоссарий, бақылау сұрақтары, ситуациялық сұрақтар және т.б. енгізілген. Оқушылардың қызығушылығын арттыратын сызбалар мен кестелер берілген. Оқулық талапқа сай жазылған. Оқулықта мәтінге түсініктеме берілген. Заңдардан үзінділер келтіріліп, ұлы адамдардың нақыл сөздері келтірілген. Оқушының дамуына, ізденуіне жол ашатын тапсырмалар көптеп қамтылған. Оқу-әдістемелік кешенмен толық қамтамасыз етілген. Мұғалімге көмекші құрал ретінде жақсы әзірленген. Оқулықта оқушыларға берілген тапсырмалардың соңында ой салатындай тақырыпқа сай сұрақтар, қосымша ізденуге бағытталаған тапсырмалар берілген. Тарихи дәуірлерге бөлгенде хронологиялық реттілік сақталған. Оқулықта оқушының коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге, кез келген санаттағы мәтіндерді талдауға тапсырмалар жеткілікті берілген. Оқулық 18 тараудан тұрады, ҚР-дағы құқық туралы заңдар қамтылған. Оқулық мәтіндік, иллюстрациялық жағынан талапқа сай, құрастырылған.

Ескертпелер:

- оқу материалы білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сай келмейді, ғылыми тілде жазылған;
- мәтін көлемінің күрделі болуы, шрифтінкің кішкентай болуы оқушылардың мәтінді қабылдауына қиындық туғызады;
- бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемі оңтайлы емес;
- оқу материалы мазмұндау логикасы сақталамаған;
- оқулықтың иллюстарциясы талапқа сай емес;
- АКТ құзыреттерін дамытатын тапсырмалар берілмеген.
- деңгейлік тапсырмалар қарастырылмаған;
- тәжірибеге бағытталған және зерттеушілік тапсырмалар берілмеген;
- жұмыс дәптері, CD-дисклер мен қамтамасыз етілмеген;
- оқу жетістігін бағалау, қосымша ресурстарды пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстар ескерілмеген;
- үй тапсырмасын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілмеген

Ұсыныстар:

- оқулық ғылыми тілде жазылғандықтан, оқушының жас ерекшелігіне сәйкестендірілсе;
- оқу-әдістемелік кешендермен толық қамтамасыз етілсе;
- оқу материалындағы мазмұндау логикасы сақталса;
- оқулықтың иллюстарциясы талапқа сай берілсе;
- тақырыпқа сәйкес АКТ құзыреттерін дамытатын тапсырмалар енгізілсе;

- деңгейлік тапсырмалар қосылса;
- тәжірибеге бағытталған және зерттеушілік тапсырмалар берілсе;
- оқу жетістігін бағалау, қосымша ресурстарды пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстар енгізу ұсынылады.

**«Графика және жобалау» оқу пәні бойынша оқулық пен ОӘК,
10-сынып (ЖМБ)**

«Графика және жобалау» оқу пәні бойынша 10-сыныптың ЖМБ бағытына арналған оқулық пен ОӘК-нің апробациясына бір баспа қатысты (136-кесте).

136-кесте – Баспалар тізімі

№	Оқулық атауы	Авторлары	Баспасы
1	Графика және жобалау	В.Б.Кульбаев, Х.К.Танбаев	Келешек-2030

Апробация қорытындысы бойынша пән мұғалімдері оқулықтың оңтайлы тұстары мен назар аударуды қажет ететін тұстарын атап көрсетіп, сондай-ақ өз ұсыныстарын берді.

1. Графика және жобалау, 10-сынып (ЖМБ), «Келешек-2030» баспасы
Авторлары: В.Б.Кульбаев, Х.К.Танбаев

Жалпы қорытынды. Оқулық мазмұны жағынан оқу бағдарламасына, 10-сынып білім алушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Оқушылардың логикалық және ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған практикалық және графикалық жұмыстар көбірек берілген.

Оқулық екі бөлімнен тұрады. Оқу материалдары, иллюстрациялары жақсы берілген. Тәжірибелік жұмыстар мен графикалық жұмыстар тиімді бөлінген.

Ескерту: Бұл оқулық – қолданыстағы 9-сынып оқулығының көшірмесі. Оқулықта кіріспе берілмеген.

Ұсыныстар: Оқулық соңында оқушыларға түсінікті болу үшін қосымша сөздік пен формулалар берілсе.

ОӘК. Әдістемелік нұсқаулық оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген. Әдістемелік мұғалімнің сабақ жоспарын құру барысында көмекші құрал бола алады.

Ескерту: ОӘК-де әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, дидактикалық материал берілмеген.

Абайтану, 10-сынып, «Арман-ПВ» баспасы.

Авторы: Зайткенова Р.

Оқулық жалпы талапқа сай. Оқулық әдеби тілмен жазылған. Абай Құнанбаевтың өмірі туралы материалдың молшылығы, қара сөздер, өлеңдер, аудармалар мен шығармашылығы пән барысында оқытылады. Оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, жасалған. Оқулық құрылымы сабақтың талабына сай жазылған, оқытылатын материалдар жеткілікті. Тапсырмалар оқу материалдарына толығымен сәйкес келеді.

ОӘК-мен қамтылмауы.

«Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша оқулықтар мен ОӘК, 10-сынып

«Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша 10-сыныпқа арналған оқулықтары мен ОӘК-нің апробациясына төрт баспа қатысты (137-кесте).

137-кесте – Баспалар тізімі

№	Оқулық атауы	Автор(лар)ы	Баспасы
1	New Destination (ҚГБ)	H.Q Mitchell, Marileni Malkogianni	MM Publications
2	Full Blust! (ЖМБ)	H.Q Mitchell, Marileni Malkogianni	MM Publications
3	Action for Kazakhstan (ЖМБ)	Jenny Dooley, Bob Obee	Express Publishing
4	Gateway for Kazakhstan (ҚГБ/ЖМБ)	David Spencer	Macmillan Education
5	Face to Face (ҚГБ/ЖМБ)	Chris Redston, GillieCunnigham, Theresa Clementson	Cambridge University Press

Апробация қорытындысы бойынша пән мұғалімдері оқулықтың оңтайлы және назар аударуды қажет ететін тұстарын атап көрсетіп, сондай-ақ өз ұсыныстарын берген.

Енді оқулықтарды баспа бойынша жеке-жеке қарастырайық. «Ағылшын тілі» пәні бойынша оқулықтардың атаулары әртүрлі.

1. New Destination, 10-сынып ҚГБ, «MM Publications» баспасы

Авторлары: H.Q Mitchell, Marileni Malkogianni

Жалпы қорытынды. Оқулықта тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларына байланысты тапсырмалар берілген. Берілген суреттер 10-сынып білім алушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Грамматикалық ережелер және тапсырмалар қоса берілуі оқушылардың орындауына өте қолайлы және түсінікті. Жаңа сөздер ерекше белгіленіп көрсетілген. Оқулық соңында бұрыс етістіктер тізімі және сөздік берілген. Оқулық көлемі, иллюстрациясы эстетикалық талапқа сай. Иллюстрациялық материалдар білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға ықпал етеді. Оқулық мазмұнында қазақстандық компонент көрініс тапқан.

Ескерту: Ұлттық құндылықтар өте аз сақталған. Грамматикалық тапсырмалар күрделі. Тапсырмаларға оқу мақсаттарының кодтары берілмеген.

ОӘК. Жұмыс дәптері 4 тоқсанға бөлініп, ыңғайлы етіп берілген.

2. Full Blust!, 10-сынып ЖМБ, «MM Publications» баспасы

Авторлары: H.Q Mitchell, Marileni Malkogianni

Жалпы қорытынды. Оқулық құрылымы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес. Бірізділік сақталған. Тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар берілген.

Ескерту: Оқулық 10-сынып білім алушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейді. Тапсырмалары өте ауыр. Бұл оқушының оқуға деген ынтасын төмендетеді. Қазақстандық компонент аз көрініс тапқан. Оқулықтағы иллюстрациялық материалдардың көлемі ауқымды. Оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілмеген.

ОӘК әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, CD-диск берілген.

Ұсыныс: ОӘК дидактикалық материалдармен, диктанттар мен мазмұндамалар жинағымен толықтырылса.

3. Action for Kazakhstan, 10-сынып ЖМБ, «Express Publishing» баспасы

Авторлары: Jenny Dooley, Bob Obee

Оқулық жаңартылған мазмұнындағы оқу бағдарламасына толықтай сәйкес келеді. Жүйелі құрылған, 9 модульден тұрады, әр модульде 6 тарау бар. Тарауларындағы тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай жүйеленген. Әр тараудың соңында білім алушылардың білімін саралап, кері байланыс жасауға мүмкіндік беретін тест тапсырмалары бар. Оқу материалын қайталауға және оқушыны бағалауға дайындалу үшін «Өзіңді тексер!» тапсырмалары, сонымен қатар ережелер ұсынылған. Бақылау сұрақтары мен «Ойлан!» жаттығулары, «Over to you» арналған тапсырмалар бар. Әр бөлімнің алдында күтілетін нәтижелер көрсетілген. Оқулық материалдары қолжетімді, 10-сынып оқушысының деңгейіне сай. Әрбір сабақтың лексикасы мен грамматикасы, мәтіндері үйлесім тапқан. Оқулық «Grammar in use», «English file» сияқты оқулықтар негізінде жасалған. Тәрбиелік жағы қарастырылған. Ғылыми жұмыспен айналысатын білім алушыларға арналған. Басқа пәндерді ағылшын тілінде оқыту үшін дайындық кезеңінде пайдалануға болады. Әр тарау бойынша тапсырмалар түсінікті берілген. Тыңдылым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар берілген. Тақырыптар

модульдерге бөлінген. Оқулықта Қазақстанға қатысты мәліметтер мен деректер молынан келтірілген. Сондай-ақ замануи мәтіндермен қамтамасыз етілген, шынайы өмірмен байланыстырылған, жаңа сөздер мен терминдер орынды қолданылған, тілдік коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған тапсырмалар қамтылған. Мәтіндік, иллюстративтік материалдар тақырыпқа сай, үйлесімді. Көлемі оңтайлы. Мәтіндердің мазмұны меңгерген сөздерден құралған. Білім алушылардың логикалық ойлау қабілеттерін, зияткерлік қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмалар толық қамтылған. Оқулық соңында грамматикалық анықтама, ағылшын-қазақ-орыс сөздігі, бұрыс етістіктер тізімі ұсынылған.

ОӘК толық қамтылған, оқу бағдарламасына сәйкес. Ғылыми бағыттағы мектептерге арналған. Әдістемелік құралда білім беру әдістері түсіндірілген, барлық тыңдалым материалдары қамтылған. Толықтай тапсырмалардың жауаптары қарастырылған. Мұғалімге жұмыс жасауға ресурстар қолжетімді, оқулықпен ұштастырылып, жүйелі құрастырылған. Үй тапсырмаларын орындау, оқу жетістіктерін бағалау бойынша тәжірибелік ұсыныстармен қамтамасыз етілген. «Workbook & grammar book» дәптерінде барлық грамматикалық тақырыптар толығымен түсіндірілген және түрлі тапсырмалар берілген, қолдануға өте тиімді. Әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар мен жаттығулар берілген. «DVD-activity book» тыңдалымнан кейінгі орындайтын тапсырмалар берілген. Осы *ОӘК*-ні пайдалану барысында мұғалімге қосымша ізденіп, тапсырмалар әзірлеуді қажет етпейді.

Ескерту: грамматикалық, лексикалық тапсырмалар жеңілдеу берілсе.

4. Gateway for Kazakhstan, 10-сынып (ҚГБЖМБ), «Macmillan Education» баспасы

Авторы: David Spencer

Жалпы қорытынды. Оқулық оқу бағдарламасына және 10-сынып білім алушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Ол он тараудан тұрады. Әр тарау тақырыпқа қатысты жаңа сөздерден басталады. Сөздер тікелей аударылмай, оларға түсініктеме (дефиниция) берілген. Оқу материалдарының көлемі оңтайлы. Әр тарау тіл үйренуге қажет төрт дағды материалдарымен қамтамасыз етілген. Жаттығулар тіл дамытуға қолайлы. Тақырыптар мен суреттер бір-бірімен байланысты. Тапсырмалар көп, қызықты, иллюстрацияланған, жүйелі құрылған. Ғылыми-тәжірибелік тапсырмалар, сын тұрғысынан ойландыратын, дамытушылық, тәрбиелік сипаттағы тапсырмалар ұсынылған. Әр бөлімнің соңында оқу материалын қайталауға және оқу жетістіктерін бағалауға арналған «Тексер!» тапсырмалары, «Ойлан» жаттығулары, «Practice makes perfect» тапсырмалары, сонымен қатар грамматикалық ережелер ұсынылған. Грамматикалық тапсырмалар жеткілікті.

Оқулық білім алушылардың ізденіп, өздігінен жұмыс жүргізуге тартады. Тақырыптар бөлімі бөліктерге бөлініп жазылған.

Ескерту: лексикалық, грамматикалық тапсырмалар және мәтіндер оқушыларға қиындық туғызады. Ұлттық құндылықтар ескерілмеген. Ортақ

тақырыптар берілмеген. Жазулардың қарпі ұсақ. Қазақстандық компонент өте аз көрініс тапқан. Сын тұрғысынан ойлауды дамытатын тапсырмалар аз берілген.

Ұсыныс: Оқулықта берілген тапсырмаларды шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланыстыру.

ОӘК аутенттік материалдарды қолдана отырып, қызықты тапсырмалар ұсынылған. Әдістемелік нұсқаулықта оқу жетістіктерін бағалау, қосымша ресурстарды пайдалану, үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар бар. Жұмыс дәптері оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес. Жұмыс дәптерінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту бойынша әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар мен жаттығулар ұсынылған. Айтылым дағдысын дамытуға арналған жаттығулар жұптық және жеке монологтік формада берілген. Жазылым дағдысын дамытуға арналған сөйлеу модельдерінің қоры writing bank бар. Бөлім сөйлеу әрекетінің барлық түрлері бойынша тілдік тексеру Language checkpoint, сөздік, грамматика ұсынылған.

Ұсыныс: ОӘК-ні диктанттар мен мазмұндамалар жинағымен, дидактикалық материалдармен толықтыру.

**6. Face to Face, 10-сынып (ҚГБЖМБ),
«Cambridge University Press» баспасы
Авторлары: Chris Redston, G.Cunnigham**

Жалпы қорытынды. Оқулық тоғыз бөлімге бөлінген. Оқу материалдарының көлемі оңтайлы. Тапсырмалар 10-сынып білім алушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытатын тапсырмалар берілген. Грамматикалық қателер кездеспейді.

Ескерту: тараулар мазмұны жағынан логикалық құрылмаған. Мысалы, 4 А тарауы мен 4 В тарауларын байланыстыратындай материал жетіспейді. Жүйелеуді қажет етеді. Оқу бағдарламасына сай келетін ортақ тақырыптар жоқ.

Деңгейлік тапсырмалар әр бөлімде берілмеген. Қазақстандық компоненттің көрінісі (74-75-беттерінде ғана) өте аз. Тыңдалым тапсырмасына арналған диск жоқ. Грамматикалық тапсырмалар көп, әрі күрделі, оларға түсіндірме берілмеген. Бөлім соңында оқушының оқу жетістігін бағалауға арналған қорытындылау тапсырмалары жоқ. Қаріптердің бірізділігі, интервал сақталмаған. Тапсырмаларға оқу мақсаттарының коды берілмеген.

ОӘК. Әдістемелік нұсқаулықта мәтінмен, жаттығулармен жұмыс жасауға ұсыныстар берілген. Сыныптағы іс-әрекет, ойын түрлері ұсынылған.

Ұсыныс: ОӘК-ні қосымша дискілермен, суреттер, қима (үлестірмелі) қағаздармен толықтыру.

**«Өзін-өзі тану» оқу пәні бойынша оқулықтар мен ОӘК,
10-сынып (ҚГБ/ЖМБ)**

«Өзін-өзі тану» оқу пәні бойынша 10-сыныптың ҚГБ, ЖМБ бағыттарына арналған оқулық мен ОӘК-нің апробациясына бір баспа қатысты (138-кесте).

138-кесте – Баспалар тізімі

№	Оқулық атауы	Автор(лар)ы	Баспасы
1	Өзін-өзі тану	Л. Жұбатова, Ж. Әкімбаева, С. Нұркеева	Бөбек

Апробация қорытындысы бойынша пән мұғалімдері оқулықтың оңтайлы және назар аударуды қажет ететін тұстары мен жақтарын атап көрсетіп, сондай-ақ өз ұсыныстарын білдірді.

1. Өзін-өзі тану, 10-сынып (ҚГБ/ЖМБ), «Бөбек» баспасы

Авторлары: Л. Жұбатова, Ж. Әкімбаева, С. Нұркеева

Жалпы қорытынды. Оқулық 10-сынып білім алушыларының жас ерекшеліктеріне сай. Мазмұны нақты. Тапсырмалар оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады. Өздігінен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар берілген.

Ескерту: мәтіндер көлемі ауқымды, оқушылардың түсінуіне қиындық туғызады. Деңгейлік, практикаға бағытталған, зерттеушілік, эксперименттік, АКТ-құзыреттілікті дамытатын тапсырмалар берілмеген.

ОӘК. Оқулыққа қоса берілетін әдістемелік құрал – мұғалімге жақсы көмекші.

Ескерту: жұмыс дәптері, CD-диск, дидактикалық материалдар берілмеген.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу туралы АҚПАРАТ

Білім және ғылым Министрінің тапсырмасы бойынша Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2017 жылдың қазан айында «Алғашқы әскери дайындық» пәні оқытушылары және әскери емес оқу орталығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы базасында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу бағдарламасын әзірлеу туралы оқыту семинарын өткізді.

2017 жылдың қазан айынан маусым айына дейін бағдарлама және оқулық авторларымен 13 кездесу өткізілді.

• ҚР Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаменті

• Тұңғыш Президент-Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің жедел-тактикалық дайындық кафедрасы

- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы базасында әскери емес Оқу орталығы
- ҚР Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетімен Бағдарлама бірлесіп дайындалды.

Білім және ғылым министрлігінде, ҚР Қорғаныс министрлігінде оқу бағдарламасы талқыланды, содан кейін, 16 маусым 2017 жылы бағдарлама ҚР Білім және ғылым министріне таныстырылды.

Аталған отырыстың қорытындысы бойынша Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына тапсырмалар берілді:

- пәннің атауын "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" деп өзгерту»;

- ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, 2017 жылғы 17 шілдеге дейін 10-11 сыныптарға арналған "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу бағдарламасын әзірлеу.

2017 жылы 27 шілдеде жаңартылған мазмұны бойынша жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптары үшін (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт) «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша Типтік оқу бағдарламасы бекітілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «27» шілдедегі № 352 бұйрығына 207-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 425-қосымша.

2017 жылы 25 қыркүйекте Е. Сағадиевтің қатысуымен кезекті кеңес өтті, оқулықты әзірлеу туралы мәселе қойылды.

2017 жылғы 13 қазанда Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовтың қатысуымен кеңес өтті, онда оқулықтың жобасына презентация жасалып, таныстырылды. Кеңес қорытындысы бойынша вице-министр тапсырма берді:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша материалдарды күшейту, толықтыру бөлігінде оқулықтың жобасын пысықтау;
- үш өңірде оқулықтың тұсаукесері мен талқылауын өткізу;
- 2017-2018 оқу жылының екінші жарты жылдығында еліміздің 16 өңірінде оқулықты сынақтан өткізу.

«Оқулық» РҒПО-да 10-сынып үшін «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге сараптама жүргізілді.

2017 жылдың 4 қарашасында оқулықтың пысықталған нұсқасы вице-министр А. Аймағамбетовке берілді.

Қазіргі уақытта 10-сыныпқа арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша мектептерді оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жүргізілуде.

**10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы және оқулықтарының сапасын апробациядан өткізу
МОНИТОРИНГІ**

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек.

2018-2019 оқу жылында 16 пилоттық мектептердің 10-шы сыныптары «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқытылуға көшті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы №556 бұйрығына сәйкес 2018-2019 оқу жылында 16 пилоттық мектептердің 10-шы сыныптардың «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері апробациядан өткізілді.

Білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу процесі осы үдерістің мониторингімен сүйемелденді. Мониторинг барысында жиналған ақпараттар қажетті шараларды қабылдауды талап ететін мәселелерді анықтау және талдау үшін пайдаланылды.

10-сыныптарда білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу мониторингі оқу бағдарламаларының, оқулықтардың, ОӘК сапасын бағалауға, білім алушылардың, педагогтардың, білім беру ұйымдары басшыларының білім берудің жаңа стандарты бойынша білім беру үдерісінің тиімділігі туралы пікірін анықтауға мүмкіндік береді.

Мақсаты: Қазақстан мектептерінің 10-сыныптарының нақты білім беру үдерісі жағдайында білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша әзірленген оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен ОӘК енгізудің ағымдағы жағдайын бағалау.

Мониторингілеу міндеттері:

- 1) әзірленген оқу бағдарламаларын, ОӘК тиімділігін тәжірибеде тексеру:
 - оқу бағдарламалары мен жоспарлардың мұғалімдерге қолжетімділігі (тиімділігі, оңайлығы, қолайлылығы, түсініктілігі және т.б.);
 - оқу мақсаттарының сапасы (оқу мақсаттарының анықтығы, бір тоқсандағы оқу мақсаттарының мөлшерінің оңтайлылығы, оқу мақсаттарының өлшемділігі);
 - оқу бағдарламалары компоненттерінің сабақтастығы (ойға қонымдылық, өзара байланыс және т.б.);
 - ОӘК сапасы (әзірленген ОӘК мазмұнының оқу бағдарламаларына сәйкестігі, ОӘК оқу мақсаттарына жетуге бағытталуы, дизайн);

- оқушылардың білім беру үдерісіне эмоционалдық қарым-қатынасы (қабылдауы, қызығушылығы, уәждеме, белсенділігі);

2) 10-сыныптарда жұмыс істейтін пән мұғалімдерінің оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен ОӘК іске асыру бойынша бағасын алу, атап айтқанда:

- оқу бағдарламаларының мазмұны мен жаңа оқу бағдарламасының артықшылықтары;

- мұғалімдердің түсінуде және жүзеге асыруда қиындықтарды тудырған оқыту мақсаты;

- қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға арналған оқу бағдарламасының бағыты;

- оқу бағдарламасының Өз және басқа халықтардың дәстүрлерін түсінуді қалыптастыруға бағыттылығы;

- оқулықтың құрылымы мен мазмұны;

- оқу материалының әдістемелік жағы;

- оқулықтың иллюстрациялық материалы;

- оқу материалын мазмұндау тілі мен стилі;

- пән бойынша ОӘК мазмұны.

3) апробацияланған оқу бағдарламаларының және ОӘК МЖББС-ның негізгі ережелеріне сәйкестік дәрежесінің анықтамасы;

4) жаңартылған білім мазмұны бойынша әзірленген оқу бағдарламаларына, ОӘК-ге түзетулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу (қажет болған жағдайда);

5) нақты білім беру үдерісі жағдайында мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету.

Жалпы, мониторинг мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің жаңа бағдарлама, оқулықтар мен ОӘК туралы кәсіби бағалау пікірінің жалпы көрінісін, сондай-ақ жаңа оқу бағдарламасының, оқулықтар мен ОӘК артықшылықтары туралы, жаңа бағдарламаны іске асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру үшін жаңа оқу бағдарламасын іске асырудағы мұғалімдердің қиындықтары туралы, сондай-ақ мұғалімдерді әдістемелік қолдау стратегиялары мен тетіктері туралы егжей-тегжейлі көріністі алуға бағытталған

Мониторингке еліміздің 16 өңірінің 16 пилоттық мектебі қатысты.

Жаңартылған білім беру мазмұнын пилоттық енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 455 бұйрығының 7-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «31» қазан №556 бұйрығының 5-қосымшасын іске асыру мақсатында 2018-2019 оқу жылында 10-шы сынып оқушылары «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізу үшін жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыды (Республика бойынша 16 мектеп тізімі қосымша тіркелген).

**Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына
арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
(жаратылыстану-математикалық бағыттағы, қоғамдық-гуманитарлық
бағыттағы)**

**10-11 сыныптарға арналған
«Алғашқы әскери және технологиялық даярлық» пәнінің оқу
бағдарламасын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін
апробациядан өткізу үшін пилоттық мектептердің тізімі**

139-кесте

№	Өңірдің атауы	Пилоттық мектептің атауы
1.	Астана қаласы	№ 13 орта мектебі
2.	Алматы қаласы	М. Мәметова атындағы №28 орта мектебі
3.	Ақмола облысы, Жарқайың ауданы	Крупская атындағы орта мектебі
4.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы	№ 51 мектеп-гимназиясы
5.	Алматы облысы, Көксу ауданы	К. Жалайыри атындағы мектеп-гимназиясы
6.	Атырау облысы, Атырау қаласы	№ 33 орта мектебі
7.	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы	№ 4 орта мектебі
8.	Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы	№ 34 мектеп-гимназиясы
9.	Жамбыл облысы, Тараз қаласы	№ 49 мектеп-гимназиясы
10.	Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы	№101 мектеп-лицейі
11.	Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы	Ж. Қизатов атындағы № 23 орта мектебі
12.	Қостанай облысы, Қостанай қаласы	№5 орта мектебі
13.	Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы	№ 21 орта мектебі
14.	Павлодар облысы, Павлодар қаласы	№ 41 орта мектебі
15.	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы	№ 40 орта мектебі
16.	Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы	Қ. Спатаев атындағы № 7 мектеп-лицейі

Мониторинг рәсімдері

Мектепті аралаудың мақсаты бастапқы мәліметтерді талдау кезеңінде айқындалған мәселелерді зерделеу мен 10-сыныптарда апробация кезеңінде мектептерге әдістемелік көмек көрсету болып табылады және ол бақылау қызметін атқармайды.

Мектепті аралау кезінде мұғалімдердің пікірі, оқу бағдарламалары мен жоспарларының, оқулықтардың, ОӘК, әдістемелік нұсқаулардың сапасы туралы, жаңартылған оқу бағдарламаларын енгізу және апробациялау

барысында мектеп әкімшілігі тарапынан мұғалімдердің қолдау деңгейін анықталды.

Білім беру басқармаларының (бөлімдерінің) жауапты мамандары мен ҰБА өкілдері арасынан мониторинг жүргізу бойынша жұмыс топтары мектептерге барып, әкімшілікпен, оқушылар және мұғалімдермен сұхбат жүргізіп, мұғалімдермен сабақтар мен әңгімелесулерді (фокус-топтар) қадағалады. Деректер мониторинг жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес сауалнамалар, әңгімелесу хаттамаларының, фотосуреттер мен аудиожазбалар көмегімен мәліметтер жинақталып, өңдеу, талдау жасап және есеп дайындалды.

Статистикалық көрсеткіштерді түзету және талдау

Жұмыс тобы мониторинг нәтижелеріне талдау жасады, сондай-ақ жиналған мәліметтерді модерациялады, қорытындыларды жинақтау негізінде есептер дайындады, оқу бағдарламаларының, оқулықтар мен ОӘК сапасын жетілдіру бойынша түзетулер енгізу үшін мұғалімдердің ұсыныстары бойынша мониторингтің сандық және сапалық қорытындылары бойынша жиынтық жасады.

МОНИТОРИНГ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН РӘСІМДЕРІ

Деректерді өңдеуден және талдаудан кейін орта білім беру бөлімінің мамандары талдау есебін және мониторинг нәтижелерін дайындады


ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ

10-сыныпқа арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқулығын «Келешек-2030», «Мектеп» екі баспасы ұсынған (2-кесте).

1. 1 – бөлім. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР ҚОРЫТЫНДЫСЫ

140-кесте

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні оқытушы-ұйымдастырушылары	Білімі		Еңбек өтілі:		Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			
	жоғары	Арнайы орта	5-10 жж	11 жыл - одан жоғары	жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші-	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Келешек-2030 - 7	7	-	3	4	2	1	4	-	-	-	-	-	-	1	3	-	-	1
Мектеп - 2	2	-	-	2	-	1	1	-	-	-	-	-	1	-	1	-	-	1
Барлығы	9	-	3	6	2	2	5	-	-	-	-	-	1	1	4	-	-	2



ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ

1. «КЕЛЕШЕК-2030» БАСПАСЫ (3-кесте)

I бөлім. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР


Оқулық : Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. I бөлім

Автор(лар)ы: Рыспаев А.Н. Адельбаев Е.Б., Асилов Н.Т., Рихтер А.И., Ерекешев А.М., Усербаев А.С., Саткулов Ж.А., Куптилеуова С.К., Алимкулов С.А.

Баспа: «Келешек-2030»

141-кесте

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні оқытушы-ұйымдастырушылары, оқулық баспасы	Білімі		Еңбек өтілі:		Санаты («+» қойыңыз)							Жанартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			
					жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші-	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
	жоғары	Арнайы орта	5-10 жж	11 жыл - одан жоғары														
7 Келешек-2030	7	-	3	4	2	1	4	-	-	-	-	-	-	1	3	-	-	1




1.2. II бөлім.БІЛІМ МАЗМҰНЫ

1. Сіз қай пәннен сабақ бересіз? (пән және баспа атауын жазыңыз) Алғашқы әскери және технологиялық дайындық

2. Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

142-кесте


	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша жаңа бағдарлама менің білім алушыларымның басым көпшілігіне қызықты	5	1	
Пән бойынша бағдарлама білім алушыларымның басым көпшілігінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	7		
Пән бойынша бағдарлама мазмұны практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған	3	4	
Бағдарлама мазмұнында қазақстандық компоненттер көрініс тапқан	3	3	
	18	8	



3. Сіздердің білім алушылар үшін жаңа оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары қандай? («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

143-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Кең спектрлі дағдыларды дамытуға бағытталған	4	3	
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыс үшін мүмкіндік береді	4	3	
	8	6	




1.3 III бөлім. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Пәннің аты Алғашқы әскери және технологиялық дайындық

144-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?	2	4	1
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал етеді ме?	6	1	
Бағдарлама өз халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін түсінуді қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?	4	1	1
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?	4	2	
Жиыны	16	8	2



1.4 IV бөлім. ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОӘК

Пәннің аты Алғашқы әскери және технологиялық дайындық


Оқулық баспасы: Келешек -2030

1. Оқулықтың мазмұны мен құрылымы

(Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

145-кесте


	2 балл	1 балл	0 балл
Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі (мазмұны, кіріспе, мәтіндер, суреттер, бақылау сұрақтары және тапсырмалары, шартты белгілерді, сигналдар-символдарды қолдану)	6	1	
Бөлімдер бойынша оқу материалы көлемінің оптималдығы	4	3	
Білім алушылардың психологиялық ерекшеліктеріне оқу материалының сәйкестігі	5	2	
Оқу материалын баяндау логикасы (тақырыптардың, бөлімдердің сабақтастығы)	4	3	
Оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттің көрініс	4	3	
Жиыны	23	12	



2. Оқу материалының әдістемелік жағы (Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

146-кесте


	2 балл	1 балл	0 балл
Оқу тапсырмаларының білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі	6		
Зерттеушілік сипаттағы тапсырмалардың болуы	3	3	
Дамытушы, үйретуші, тәрбиелеуші тапсырмалардың болуы	5	1	
Оқулықтың практикалық бағыты	4	2	
ЖИЫНЫ	18	6	



3. Оқу материалын баяндау тілі мен стилі (Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

147-кесте

Тұжырымдау	2 балл	1 балл	0 балл
Анықтығы, нақтылығы, мәнерлілігі	6		1
Грамматикалық қателердің болуы	2	3	2
Стилистикалық қателердің болуы	2	3	2
Фактологиялық қателердің болуы	2	3	2
	12	9	7



**10-СЫНЫПТЫҢ «АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ»
ОҚУЛЫҒЫНА ҰСЫНЫСТАР**

Оқулық : Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. I бөлім

Автор(лар)ы: Рыспаев А.Н. Адельбаев Е.Б., Асилов Н.Т., Рихтер А.И., Ерекешев А.М., Усербаев А.С., Саткулов Ж.А., Куптилеуова С.К., Алимкулов С.А.

Баспа: «Келешек-2030»

Жалпы қорытынды. Жаңартылған білім мазмұнын енгізудегі тиімді жақтары: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық мақсаты мен міндеттері заман талабына сай жақсы жазылған. Көптілділік, жеке жұмыс, топтық жұмыс, ізденіс жұмысы, сұрақ, сөзжұмбақтар берілген. Әр бөлім ашық түсінікті жазылған. Оқушыларға қызықты, мазмұны ашық, оқу материалдары, видео, слайдтары өте жақсы түсіндірілген. Осы оқулықпен қоса екінші бөлім оқу далалық жиыны туралы да оқулық қарастырылған. Сыртқы мұқабасы ішкі суреттері өте жақсы безендірілген.

Ескертулер мен толықтырулар:

- 1 БӨЛІМ §2 Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери нышандары. Әскери ант 24 бет «...Егер мен өзім қабылдаған әскери антты бұзсам, онда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қатаң жазаны «кешуге» әзірмін.» «кешуге» емес «өтеуге» - деп жазылу керек.

- §2 Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары. Бастықтар мен бағыныстылар, аға және кіші әскерилер, олардың құқықтары мен міндеттері. «Бағыныстылар» деген орнына «Бағыныштылар» жазу керек.

- §1 Мотатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және оның ұрыстық мүмкіндіктері Бөлімшені ұйымдастыру 51-бетте Мотатқыштар бөлімшесі ұйымдастырылу құрамының нұсқасы «О» оқшашаршы сөзі емес «П» пулеметші сөзі болу керек.

- Оқулықтың Шығыс мәліметінде жазылған бұйрықты (ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «27» шілдедегі № 352 бұйрығына 207-қосымша) түзету керек.

Ұсыныстар:

- Орыс мектептеріне арналған оқулықта «Әскери анттың» мәтіні қазақ тілінде жазылса.
- Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің II бөліміндегі Рота бойынша тәулікті кезекшінің міндеттері I Бөліміне кіргізсе.

ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ

«АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ» ПӘНІ ОҚЫТУШЫ-ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫНАН АЛЫНҒАН САУАЛНАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2. «МЕКТЕП» БАСПАСЫ

2.1 I бөлім. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

148-кесте

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні оқытушы-ұйымдастырушылары	Білімі		Еңбек өтілі:		Санаты («+» қойыңыз)							Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			
					жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші-	Педагог-шебер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
	жоғары	Арнайы орта	5-10 жж	11 жыл - одан жоғары														
Мектеп 2	2	-	-	2	-	1	1	-	-	-	-	-	1	-	1	-	-	1

10-сыныптың «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқулығына ұсыныс

Оқулық : Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. I бөлім

Автор(лар)ы: А.Б.Тасболатов, Д.К.Майхиев


2.2 II бөлім. БІЛІМ МАЗМҰНЫ

1. Сіз қай пәннен сабақ бересіз? (пән және баспа атауын жазыңыз) Алғашқы әскери және технологиялық дайындық

2. Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

149-кесте


	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша жаңа бағдарлама менің білім алушыларымның басым көпшілігіне қызықты	1	1	
Пән бойынша бағдарлама білім алушыларымның басым көпшілігінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	1		1
Пән бойынша бағдарлама мазмұны практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған	1	1	
Бағдарлама мазмұнында қазақстандық компоненттер көрініс тапқан	1	1	
	4	3	1



3. Сіздердің білім алушылар үшін жаңа оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары қандай? («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

150-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Кең спектрлі дағдыларды дамытуға бағытталған	1	1	
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыс үшін мүмкіндік береді	1	1	
	2	2	




2.3 III бөлім. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Пәннің аты Алғашқы әскери және технологиялық дайындық

151-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?	1	1	
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал етеді ме?	2		
Бағдарлама өз халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін түсінуді	1		1

қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?			
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?	1	1	
Жиыны	5	2	1




2.4 IV бөлім. ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОӘК

Пәннің аты Алғашқы әскери және технологиялық дайындық

1. Оқулықтың мазмұны мен құрылымы

(Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)


	2 балл	1 балл	0 балл
Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі (мазмұны, кіріспе, мәтіндер, суреттер, бақылау сұрақтары және тапсырмалары, шартты белгілерді, сигналдар-символдарды қолдану)	1	1	
Бөлімдер бойынша оқу материалы көлемінің оптималдығы	1	1	
Білім алушылардың психологиялық ерекшеліктеріне оқу материалының сәйкестігі	1	1	
Оқу материалын баяндау логикасы (тақырыптардың, бөлімдердің сабақтастығы)	1	1	
Оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттің көрініс	1	1	
Жиыны	5	5	



2. Оқу материалының әдістемелік жағы (Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

153-кесте


	2 балл	1 балл	0 балл
Оқу тапсырмаларының білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі	1		1
Зерттеушілік сипаттағы тапсырмалардың болуы	1	2	
Дамытушы, үйретуші, тәрбиелеуші тапсырмалардың болуы	1	2	
Оқулықтың практикалық бағыты	1	2	
ЖИЫНЫ	4	6	1



3. Оқу материалын баяндау тілі мен стилі (Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

154-кесте

Тұжырымдау	2 балл	1 балл	0 балл
Анықтығы, нақтылығы, мәнерлілігі	1	1	
Грамматикалық қателердің болуы		2	
Стилистикалық қателердің болуы		2	
Фактологиялық қателердің болуы		1	1
	1	6	1



**10-СЫНЫПТЫҢ «АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ»
ОҚУЛЫҒЫНА ҰСЫНЫСТАР**

**10-сыныптың «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық»
оқулығы**

Оқулық: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. I бөлім

Автор(лар)ы: А.Б.Тасболатов, Д.К.Майхиев

Жалпы қорытынды: Оқулықтың мұқабасы, сыртқы-ішкі суреттер ескі. Оқу дала жиындары туралы ешқандай тақырып жоқ.

Ескертулер мен толықтырулар:

- Барлық қателерді түзету керек. Саптық дайындық бөліміне ең аз сағат беріліп, «мәшинелер желісі» тақырыптар берілген, ал бұл 11-сыныпта оқытылады.
- Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулыққа бағдарлама сәйкес жазылса (бұрынғы әдістемелікті көшіріп алған).

Ұсыныстар:

- II бөлім Атыс дайындығы пневматикалық мылтық атудың орнына Атыс негіздері мен ережелері жазылса.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің I бөліміндегі.

- «Саптық дайындық пәрмендері» және «Әскери анттың» мәтіні қазақ тілінде берілсе (орыс мектептерінде).
- Роботты техника негіздері бөлімінде практикалық жұмысқа қосымша тапсырмалар берілсе.
- Тактикалық қалашықтың эскиз суреттері және сызылу жоспарлары берілсе.
- Практикалық сабақтарды өткізуге ерекше назар аударылуы тиіс.
- Выходные данные учебника исправить приказ.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқулығы 10-сынып, жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыт

155-кесте

№	Мектеп	Оқу шыл ар сан ы	Оқыту тілі		Мектептердің байланыс, тел, эл. поштасы	Мұғалімдердің аты- жөні
1	«Экономикалық лицей» ММ	22	орыс	Восточно-Казахстанская область	Семей қ., Кабылбаева к-сі, 32	Тулеева Зульфия Фархатовна
2	№25 Рысқұлов атындағы мектеп-гимназия	30	қазақ	г.Шымкент	Север м\ауд 62	Сулейменова Мадина Рахматуллақызы
3	«№ 93 Гимназия»	25	орыс		Қарағанды қ., Алиханов к-сі, 24,	Тимошкина Ирина Николаевна-учитель экономики. Тел. 87029824087
4	«Бескөл орта мектеп-гимназиясы»	18	орыс	СҚО	Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы, Гагарина көшесі, 12	Бабышев Владимир Павлович
5	Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназиясы	25	қазақ		Түркістан қ. Н.Ондасынова к-сі	Денгелбаева Гулнур
6	«Рудный қалалық әкімшілігінің №3 ОМ»	18	орыс		Рудный қ-сы, Павла Корчагина к-сі.	Тулкинбаева Гульнара Мирғалиевна
7	Б.Алтынсарин атындағы №159 гимназия	34	қазақ	Алматы қ.	Пушкин к-сі 99 alm_gimnaz159@mail.ru	Байбалапов Жанат
8	М.Ғабдуллин атындағы №3 мектеп-гимназиясы	25	қазақ		Көкшетау қ-сы, Капчевич к-сі, 66	Тюлешова Анар Ибраевна Сот: 8 771 817 01 64
9	№20 мектеп-лицейі	18	орыс		Ақтөбе қ-сы, Маресьева к-сі, 75А	Сакенова Нурбахыт Сакеновна
10	№10 мектеп-гиназиясы	27	қазақ		Талдықорған. Жетісу м-ауд 15 үй,	Шукеева Г.К.
11	№35 мектеп-лицейі	25	орыс		Орал қ-сы, Жуков к-сі, 17	Сурова Анна Михайловна

12	Тараз қаласындағы №9 орта мектеп	18	орыс		Тараз қ-сы, Кошек батыр к-сі,136,	Коблова Алена Вячеславовна
13	№24 МГ		сынып жоқ		75-22-84, school24@ekbgo.o.gov.kz	Арефьева Наталья Викторовна
14	№9 мектеп-гимназиясы		сынып жоқ		Қызылорда қ-сы, Ақмешіт м-ауд	Шайхсламова Сауле Курманбековна
15	№1 мектеп лицейі	38	орыс		Нұр-Сұлтан қ-сы, Желтоқсан 9	Каримова Гульнара Каирлиновна 87759868548, Nurasyl2008@mail.ru
16	Атырау қаласындағы №30 ОМ		сынып жоқ			
17	Ақтау қаласындағы экономикалық лицейі		сынып жоқ			

3 ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ОҚУЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОӘК-ІН АПРОБАЦИЯЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Оқулықтар мен ОӘК апробациясы оқулық мазмұнының МЖМБС талаптарына, үлгілік оқу жоспарларына, үлгілік оқу бағдарламаларына, оқу-әдістемелік материалдардың сапасына сәйкестігін бағалауды, білім беру процесін ұйымдастыруда проблемалар мен қиындықтарды анықтауды, сондай-ақ оқу ресурстарын жетілдіру үшін ата-аналардың ұсыныстарын есепке алу мақсатында олардың пікірлерін анықтауды көздейді.

Апробация қорытындылары:

- білім беру процесін;
- оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұнын;
- критериалды бағалау жүйесін;
- оқу-әдістемелік кешендерді;
- мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларына жаңартудың өзекті мәселелерін кіріктіруді;
- білім берудің жаңа стандарттарына көшу жағдайында мектеп басқаруын жетілдіру мақсатында ұсыныстарды негіздеу үшін пайдаланылатын болады.

Жаңартылған оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, бағалаудың жаңа жүйесін пайдалануда прогрессивті өзгерістер болғанымен, бүгінгі күні білім беру мазмұнын жаңартуды тиімді енгізуге кедергі келтіретін кемшіліктер де кездеседі.

Пилоттық мектеп мұғалімдерінің сауалнамада көрсеткен жауаптары бойынша, апробациядан өткізілген оқулықтардың көпшілігіне оң сипаттамалар берілген, солардың ішінен келесі сипаттамаларды атап өтуге болады:

- жаңартылған оқулықтарда теориялық материалдардың жеткілікті болуы;
- оқытудың белсенді түрлерін пайдалануға арналған тапсырмалардың берілуі;
- білім алушылардың зерттеу жұмысын жүргізу дағдыларын дамытатындығы;
- оқу тапсырмаларының оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын енгізуді көздейтіндігі;
- берілген есептер мен тапсырмалар, жаттығулар оқытудың сараланған тәсіліне сәйкес келетіндігі;
- тілдік пәндер бойынша оқулықта берілген материалдар білім алушылардың:
 - түрлі стиль мен жанрлардағы мәтіндерді талдау;
 - мәтін құрылымы мен мазмұнын түсіндіру;
 - мәтінді мазмұнындау;

- тіл ерекшеліктері бойынша бақылау жүргізу;
- мәтінді өңдеу;
- сурет, фотосурет, кластер, сызба, бақылау немесе тыңдалған, оқылған мәтін негізіндегі сурет бойынша берілген тақырыпқа немесе білім алушының тұжырымдаған тақырыбына өз бетінше пікірін (ауызша немесе жазбаша) айту біліктерін дамыту мақсатында мәтінмен әртүрлі жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оқулықтар мен ОӘК сапасы бойынша жинақталған мәліметтер негізінде жасалған талдауларға сәйкес, бірқатар оқулықтардың төмендегідей кемшіліктері анықталды және оларды әрі қарай жетілдіру қажет. Кемшіліктер:

- оқу пәндері бойынша бірқатар оқулықтардың сабақтастығы жоқ;
- тілдік пәндер оқулықтарында білім алушылардың сөздік жұмысын ұйымдастыру мәселесі толық қарастырылмаған(сөздіктер жоқ, сөздіктегі сөздер белгіленбеген, есте сақтауға берілетін сөздердің саны көрсетілмеген және т. б.);
- глоссарий жоқ;
- кейбір оқулықтар білім мазмұнын жанарту қағидаттарына сәйкес келмейді, ұсынылған тапсырмалар функционалдық сауаттылық, білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеу, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталмаған;
- оқулықтардың басым көпшілігінде грамматикалық, стилистикалық қателер кездеседі;
- бірқатар оқулықтардың мәтіндік оқу материалдары мен иллюстрациялар көлемі, сондай-ақ олардың оқулық бетіндегі арақатынасы оңтайланбаған.

Жоғары сынып мұғалімдерінің көпшілігі оқулықтың мазмұнын әртүрлі деңгейдегі тапсырмалармен толықтырып, ЕМН пәндері бойынша оқулықтарда практикаға бағытталған міндеттерді күшейтуге өтініш білдірді.

Оқулықтардың кемшіліктері мен оқу бағдарламаларына сәйкес келмеуі мұғалімнің, білім алушының өзіндік жұмысын қиындатады.

Негізгі проблемалар қатарына педагогтер: жиынтық жұмыстарды жүргізу үшін тапсырмалар әзірлеу, оқу тапсырмаларын саралау сияқты мәселелерді жатқызады, *себебі жоғары сынып оқушыларына жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес тапсырмалар, диктанттар және т. б. жинақтар әзірленбеген.*

Тапсырмалар бойынша саралау біртіндеп күрделенетін және сабақтың барлық кезеңдерінде: жаңа материалды меңгеру, бекіту, қайталау және оқушы үй тапсырмасын орындау кезінде жүзеге асырылатын тарату материалдарын қолдануды қарастырады.

Барлық дерлік баспалардың ОӘК әзірлеуге қойылатын талаптарға жауап бере бермейді. Мысалы, кейбір мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқауларда

білім мазмұны жаңартылған оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнына сәйкес келмейтін күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар бар. Сондықтан қажет болған жағдайда, баспаларға мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсынымдарға оқу жылының тоқсандары бойынша оқытудың барлық мақсаттары көрсетілген және бекітілген оқу бағдарламаларының қосымшасы болып табылатын ұзақ мерзімді жоспарларды енгізу ұсынылады.

Сонымен қатар мұғалімдердің сабақтарына қатысу нәтижесі көптеген проблемаларды көрсетіп отыр, олардың ішінде, әсіресе, сабақта қалыптастырушы бағалаудың дұрыс жүргізілмеуі маңызды болып табылады.

Бүгінгі таңда білім алушылардың оқу жетістіктерін жаңаша бағалау қажеттілігі туындап отыр, өйткені ойлаудың қазіргі стилі дәлелді диалог жүргізе алуды, өз нанымдарын қорғауды, шешім қабылдау білігін, ғылыми дүниетанымға сенімділікті, білім мен ғылымды дамытуда адами өркениеттің басты мақсаттарын түсінуді және ұмтылысын талап етеді.

Сондықтан жеке пән мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсынымдарда сабақта қалыптастырушы бағалау жұмыстарын жүргізу бойынша көбірек түсінік беру ұсынылады.

Апробация мәліметтері бойынша мұғалімдер мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсынымдаманың мазмұнын кейбір тапсырмалардың орындалу әдістемесін көрсету арқылы толықтыру өтінішін білдірген.

Бұл білім мазмұны жаңартылған бағдарламалар бойынша жұмыс істейтін мұғалімдердің тәжірибесі бойынша әдістемелік көмек қажет екенін көрсетеді.

Демек, мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдарға оқу материалының күрделі бөлімдері бойынша, жоғары қиындықтағы есептерді шешуді түсіндіру жұмыстарын және т. б. енгізу ұсынылады.

Барлық дерлік баспаларға оқулықтардың мазмұнын:

- логикалық және сыни тұрғысынан ойлау, шығармашылық қабілеттерін;
- коммуникативтік дағдыларды, оның ішінде ақпаратты дәл және сауатты жеткізу, баспалар мен электрондық құралдарды қоса алғанда, ақпаратты түрлі дереккөздерден пайдалану қабілеттерін;
- өз бетінше жұмыс істеу, жауапкершілік, бастамашылық, табандылық, шыдамдылық және төзімділік сияқты, өз бетінше, командада жұмыс істеу үшін де қажетті жеке қасиеттерін;
- оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалармен толықтыру қажет.

Сондай-ақ мұғалімдер мен білім алушылар оқулықты безендірудің эстетикалық және иллюстрациясының сапасы бойынша ескертпелер көрсетті.

Сапалы және мазмұнды иллюстрациялар оқу материалын қабылдауға көмектеседі, мұғалімнің жаңа материалды, түрлі құбылыстарды түсіндіруін жеңілдетеді.

Жаңартылған оқу бағдарламалары негізінде әзірленген жаңа оқулық жеке тұлғаның функционалдық қасиеттерін дамытуға ықпал етуі тиіс.

Барлық тұжырымдарды ескере отырып, оқулықтар мен ОӘК құрылымы мен мазмұнын жетілдіру үшін авторлар мен баспаларға келесі ұсынымдарды ұсынамыз:

Авторларға ұсыныстар

- ✓ Оқу материалдарының жүйелілігі (тақырып мәтіні ішіндегі/тақырыптар арасындағы логиканың сақталуы, оқу процесін ұйымдастыру принциптерімен келісімділігі);
- ✓ Пәнішілік және пәнаралық байланыстар принциптерінің сақталуы;
- ✓ Қазақстандық контенттің мазмұнында: Қазақстан Республикасының табиғи, тарихи-мәдени, экономикалық және технологиялық ерекшелігі мен жетістіктерінің көрініс табуы;
- ✓ Мазмұнның білім алушылардың кәсіптік бағдарына бағытталуы;
- ✓ Ұлдар мен қыздардың іс-әрекетін көрсететін жағдайларды есепке алу және теңгерімділік;
- ✓ Оқу мазмұнын тиімді меңгеруді қамтамасыз ететін есептер, тапсырмалар, жаттығулар, көрнекі-иллюстрациялық материалдар жүйесі;
- ✓ Жеке оқыту мүмкіндіктері мен сараланған тәсілді іске асыру;
- ✓ Білу, түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау және салыстыру тапсырмаларының болуы;
- ✓ Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға және дамытуға, білім алушылардың жеке және топтық оқу іс-әрекетіне және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияға арналған сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулардың ұсынылуы;
- ✓ оқу, шығармашылық, практикалық, жобалық, зерттеушілік тапсырмалар; модельдеу және өз бетінше орындауға арналған тапсырмалардың ұсынылуы;
- ✓ оқушының ақпарат көздерімен (кестелермен, карталармен, схемалармен, фотосуреттермен, кестелермен, диаграммалармен және т.б.) және электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс жасау дағдысын дамытуға арналған сұрақтар, тапсырмалар мен жаттығулар жүйесінің ұсынылуы;
- ✓ оқытудың бейіндік бағытын таңдауға және білім алушылардың кәсіптік бағдарлануына ықпал ететін пәнді тереңдетіп оқытуға білім алушының қызығушылығын қалыптастыру.

Баспаларға ұсыныстар

- ✓ оқулыққа оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу;
- ✓ мұқабадағы, форзацадағы иллюстрациялар оқу пәнінің ерекшеліктерін, иллюстрациялардың оқу мазмұнын меңгерудің мақсаттары мен міндеттеріне, білім алушылардың жас психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігін көрсетеді;
 - ✓ иллюстрациялар сапасын арттыру (бір стиль: сұлбалар/сызбалар сызықтарының қалыңдығы мен ашықтығы, шрифт өлшемі бойынша; скриншоттар, фотосуреттер, сызбалар мен суреттер бір бағдарламада орындалуы тиіс);
 - ✓ оқулықтың эстетикалық ресімделуі;
 - ✓ оқулық пішіні, мөлшері мен салмағы;
 - ✓ оқу ақпараттары үшін маңызды немесе қажетті бөлімдер, параграфтар қаріптерінің анықтығы;
 - ✓ стилистикалық және грамматикалық қателер.

Қорытынды

Бүгінгі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасауға, өздігінен білім алу мен өзін-өзі дамытуға дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту болып табылады.

Қазіргі әлемде білімнің қоғамдағы барлық саладағы ілгерілеуді қамтамасыз ететін стратегиялық ресурсы ретіндегі рөлі жүйелі өзгерістерді талап етеді.

Мектеп білімнің негізгі және ең ұзақ сатысы ретінде білімнің жаңа сапасын қамтамасыз етудің негізгі буыны болып табылады. Әрбір азаматтың және жалпы қоғамның одан әрі өмірлік табыстылығы мектепке байланысты.

Дайын білімді меңгеру және жинақтау бүгінгі күннің мақсаты емес, адамның зияткерлік дамуының көмекші құралдарының бірі, ал өз бетінше қажетті ақпаратты таба білуге, проблемаларды бөлуге және оларды шешу жолдарын іздеуге үйрету, алған білімдерін сын тұрғысынан талдай білуге және оларды жаңа міндеттерді шешу үшін қолдануға оқыту білім мазмұнын жаңартудың нәтижесі болып табылады.

Апробация – білім беру жүйесінің бір бөлігі. Ол жиналған нәтижелерді есепке ала отырып, оқу бағдарламаларын, жоспарларды, оқулықтарды, ОӘК келешектерін болжау және жетілдіру үшін ақпаратты жинау, сақтау, талдау және пайдалану арқылы білім беру процесінің сапасын үнемі бағалауы тиіс.

Әдістемелік ұсынымдарда білім мазмұнын жаңарту аясында 9-10 сыныптарға арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу сапасын жақсарту бойынша практикалық ұсынымдар ұсынылды.

Ұсынылған әдістемелік ұсынымдар білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді одан әрі жетілдіруге негіз болады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Жаңартылған білім беру мазмұнын пилоттық енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы №455 бұйрығы (2015 жылғы 03 сәуірдегі №159 бұйрықпен өзгерістер енгізілген).
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен енгізілген).
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (өзгерістер мен толықтырулар 2017 жылғы 25 қарашадағы № 545 бұйрығымен енгізілген).
